

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ АҚФ
АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ФАО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ
«ӨРЛЕУ»
ИНСТИТУТ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
РАБОТНИКОВ ПО Г. АСТАНА**



**«Педагогтің «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында патриоттық
тәрбиені жүзеге асырудағы рөлі» Республикалық интернет-форумның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
Республиканского интернет-форума
«Роль педагога в реализации патриотического воспитания в свете
национальной идеи «Мәңгілік Ел»**

Астана, 2017

Рекомендовано к изданию экспертным советом филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана (Протокол № 5 от 21.09.2017 г.).

Под общей редакцией Саиновой Л. А.

Редакционная коллегия: Кусаинова А.Т., Бурабаева Р. С., Нурмаганбетова В. И.

Педагогтің «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында патриоттық тәрбиені жүзеге асырудағы рөлі: Республикалық интернет-форумның материалдар жинағы_ Роль педагога в реализации патриотического воспитания в свете национальной идеи Мәңгілік Ел»: Сб. материалов Республиканского интернет-форума. – Астана, 2017. - 175 с.

В сборнике представлены материалы республиканского интернет-форума, проведенного ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана для учителей-предметников с целью обсуждения, обмена мнениями и опытом работы по вопросам реализации патриотического воспитания в контексте общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» через учебную и воспитательную работу. В сборник включены статьи, эссе, разработки уроков преподавателей, тренеров филиалов АО «НЦПК «Өрлеу» и педагогов организаций образования.

Сборник адресован учителям-предметникам, педагогам организаций среднего образования, прошедшим курсы повышения квалификации в рамках обновления содержания образования, преподавателям системы технического и профессионального образования.

Материалы публикуются в авторской редакции. Ответственность за содержание публикаций несут авторы.

© «Өрлеу» БАҰО АҚФ Астана қаласы бойынша ПҚБАИ, 2017
© ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана, 2017

ВВЕДЕНИЕ

Казахстанский патриотизм - средство достижения духовного благополучия всех наций и народностей, проживающих в Республике Казахстан. Патриотизм - нравственный принцип, социальное чувство, в основе которого лежит любовь и преданность, гордость за прошлое и настоящее родины, стремление защищать ее интересы. Воспитание в организациях образования в условиях реализации общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» способствует формированию казахстанского патриотизма.

Республиканский интернет-форум для учителей-предметников на тему «Роль педагога в реализации патриотического воспитания в свете национальной идеи Мәңгілік Ел» проведён филиалом АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г.Астана в соответствии с Операционным планом в период с 4 сентября по 30 сентября 2017 года (далее - Форум).

Основная цель Форума состояла в обсуждении, обмене мнениями и опытом работы по вопросам реализации патриотического воспитания в контексте общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» через учебную и воспитательную работу.

Основные направления работы Форума:

1. Патриотическое воспитание в контексте реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел» на уроках естественно-математического цикла.

2. Организация учебно-воспитательного процесса на уроках общественно-гуманитарных дисциплин по воспитанию учащихся на примере исторических личностей, в духе казахстанского патриотизма и лучших национальных традиций.

3. Воспитание казахстанского патриотизма в свете национальной идеи Мәңгілік Ел во внеклассной, внеурочной деятельности учителя-предметника и в работе классного руководителя.

4. Цели, задачи и пути совершенствования профессиональной подготовки будущих специалистов в системе ТиПО в свете реализации национальной идеи «Мәңгілік ел».

5. Реализация патриотического воспитания в работе с родителями.

6. Реализация национальной идеи «Мәңгілік Ел» в системе повышения квалификации педагогических работников.

В сборнике представлены статьи, эссе и разработки уроков преподавателей, тренеров филиалов АО «НЦПК «Өрлеу» и педагогов организаций образования.

Сборник адресован учителя-предметникам, педагогам организаций среднего образования, прошедшим курсы повышения квалификации в рамках обновления содержания образования, преподавателям системы технического и профессионального образования.

АР ЖОЛЫМЕН ЖҮРУ ПАРЫЗ АДАМҒА, АДАЛ ҰРПАҚ КЕРЕК МЫНАУ ЗАМАНҒА

Аккалиева Н. Т.

Абай атындағы жалпы орта мектебі,
Атырау қ., akkant@mail.ru

Аңдатпа: Сынып сағаты 7 сыныпта өткізілген. Нәтижесінде барлық оқушылар «жемқорлық» деген ұғымды түсініп, оған қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырды.

Annotation: The lesson was held in the 7th grade. As a result, the students understood the meaning of the word "corruption". Formed a rejection of corruption

Түйін сөздер: жалпыұлттық идея, құндылықтар, жемқорлық, жемқорлыққа қарсы саясат

Keywords: nationwide idea, values, corruption, anti-corruption policy

Қазақстанда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің орыны ерекше. Мектеп қабырғасынан бастап, оқушыларымыз «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын бойына қабылдап келеді. Сынып сағатарында мен оқушыларға білімнің беделділігі, өз денсаулығын сақтаудағы экономикалық мүдделілік сияқты жаңа позитивті трендтер ұсынамын.

Сонымен бірге оқушыларымда азаматтық көзқарас, патриоттық сезім, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың деңгейінің өсуі байқалады.

Білімді, адамгершілікті, жігерлі, көшбасшылық қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Мәңгілік Ел» — Қазақстан-2050 Стратегиясының басты мақсатына қол жеткізуге барлығын салатын азамат тәрбилеуіміз қажет.

Сыныбымда оқушыларымда азаматтық дұрыс көзқарас қалыптасуын қадағалаймын. Ол үшін: «Ар жолымен жүру парыз адамға

Адал ұрпақ керек мынау заманға» тақырыбында үздік сынып сағатын өткіздім. Атырау облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Агентігінің сайысында осы сабақ жоспарым 2 орын иемденді.

Мақсаты: 1) “жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Қоғамдық қасіретке әкелетін бұл материалдық құндылықтар дағдарысынан шығу және оны жою дұрыс әрекет етуден туындайтынын ұғындыру.

2) Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру.

3) Отанға деген сүйіспеншілікке, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі

Психологиялық дайындық

-Қөңіл- күйлеріңіз қалай? Сабаққа дайынсыңдар ма?

-Ендеше бастайық

II. Жоспармен таныстыру

Сабақтың жоспарымен таныстырып қояйын.

1. Жемқорлық дегеніміз не?

2. Жемқорлықтың жіктелеуі, түрі, дәрежелері

3. Жемқорлықтың негізгі зардаптары

4. Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы саясаты

5. Жемқорлықты жою үшін сен қандай үлес қосар едің?

III. «Ассоциация» әдісі

Оқушылар «жемқорлық» деген сөзге 3 ассоциация жазып, таныстырады.

III. Жана сабақ

Жемқорлық дегеніміз не?

Жемқорлық – қызметтік лауазымды пайдалана отырып, оны жеке мүддеге пайдалану.

Рим құқығында сондай-ақ "congumpire" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Жемқорлық ұғымы үш қылмыс құрамымен түсіндіріледі. Пара алу (311-бап); пара беру (312-бап); паракорлыққа делдал болу (313-бап).

Жемқорлықтың жіктелеуі, түрі, дәрежелері

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік қарым-қатынастардың барлық салаларын қамтитын құбылыс:

- Саяси сыбайлас жемқорлық - бұл мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық.

- Экономикалық сыбайлас жемқорлық- билік (мемлекет) және бизнес әрекеттесуі барысында пайда болады.

- Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық - бұл азаматтар мен мемлекеттік қызметшілер өзара әрекет жасау нәтижесінде туындайтын сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлықтың түрі:

Орталықсыздандырылған (жеке)

-ситуативтік, белгілі бір уақыт аралығында болып тұратын, осы схемада әрбір субъект дербес әрекет жасайды.

Орталықтандырылған (жүйелі)

-барлық мемлекеттік жүйені қамти отырып, үнемі болып тұратын, белгілі бір жүйеде тұрақталған өзінің заңсыз ережелері мен жұмыс шарттары бар ажырамас құраушы бөлік

Сыбайлас жемқорлыққа қоғам көзқарасының дәрежелері төмендегідей:

«Ақ» дәрежесі- қоғам алдында айыпты болып есептелмейтін әрекет.

Олар мәдениетке сіңіп кеткен және қоғаммен мәселе ретінде

қарастырылмайды. (жасаған әрекетке кішігірім сый), кезектен тыс құжаттар алған үшін кішігірім паралар т.б.

«Сұр» дәрежесі-туралы ешқандай пікір бірлігі жоқ жоқ әрекеттер: қамқоршылық, достық, тамыр-таныстық, бизнесте сыбайлас жемқорлық, заңсыз бәсекелестік, және т.б.

«Қара» дәрежесі- бұл кінәланушылық әрекет. Бұл жымқыру, мемлекеттік қызметшілермен заңға қайшы мүлікті иемдену немесе мүлікті мақсатқа сай пайдаланбау.

Сыбайлас жемқорлық қалай әрекет етеді?

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі зардаптары

IV.«Шындық па, жалған ба?» әдісі

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі зардаптары	Шындық па	жалған ба
Көлеңкелі экономиканы дамытады		
Моралдық-адамгершілік нормалардың мәні еселей түседі		
Мүліктік теңсіздікті арттырады		
Қылмыс пен терроризм өсуіне ықпал ете алмайды		
Қызметтердің сапасын төмендемейді		
Үкімет беделін түсіреді		
Кедейлік өсуіне ықпал етеді		
Әлеуметтік қобалжу өспейді, мемлекетті бұзбайды		

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние– байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз кең тараған. Халқымыздың өнегелі өмір жолына толы ел үшін, дамып өркендеуімізге аянбай үлес қосқан адал перзенттерін үлгі етіп, еңбектерін паш ету болашақ ұрпақты әділдікке, тура жолмен жүруге тәрбиелейді. Оқушылардың арасында Әйтеке, Қазбек, Төле би сынды даналарымыздың халықты бірлікке, әділ шешімге, әділеттілік жаршысы болуға шақырған өсиет ,нақыл сөздерін насихаттау, оқып-үйрету кейінгі ұрпақтың еншісіндегі парыз.

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылды, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен

күрес жолы. Видеоролик «Қазақстан республикасының жемқорлыққа қарсы саясаты»

V. Қазақстан республикасының жемқорлыққа қарсы саясаты

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздік қатері ретінде көтерілген:

Жемқорлыққа қарсы әрекет мемлекеттік саясаттың бөлшегі ретінде қалыптасты. Ол келесі мақсаттарды шешетін шараларды қамтиды:

- Сыбайлас жемқорлықпен күресуді ұйымдастыру
- Сыбайлас жемқорлыққа қолайлы ортаны кішірейту
- Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстарды әшкерлеудің және жазалаудың тиімділігін арттыру
- Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс субъектілерінің мақсатына әсер ету
- Сыбайлас жемқорлықты барлық түріне қоғамдық қабылдамау атмосферасын қалыптастыру

Сыбайлас жемқорлықпен күресу

-«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен, Қылмыстық Кодекспен реттеледі, ал мазмұны 2015-2020ж. арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы мен Президент жолдауы негізінде жүзеге асады

Бұл жағдай мемлекеттің «5 реформа және 100 қадам» жоспарын құруға әкеліп отыр. Мысалы, 13-қадамда: «Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықты жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құру» керек екені айтылған.

2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындада «Бесінші басымдық – институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты.

Болашақта жемқорлықпен қайда кездесуің мүмкін?

Сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады?

Жемқорлықты жою үшін сен қандай үлес қосар едің?

VI. Рефлексия «Тегтер бұлты»

Қоғамның «жегі құрты» саналатын осы келеңсіз құбылыс “Жемқорлық” деп атының өзі сөйлеп тұр, яғни жемның түбі – қорлық. “Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді” деп атам қазақ керемет айтқан. Өкінішке орай, қазір әр салада жемқорлық кең жайлаған

Сыбайлас жемқорлыққа әрқайсымыз тартылғанбыз! Сыбайлас жемқорлық-бұл екі жақты көше: беруге дайын адам бар болса, әрқашан алып тұрған адам табылады.

Қазақстанның әрбір азаматы елдегі жемқорлық деңгейі үшін жауапты, Сыбайлас жемқорлық арқылы мәселелерді шешуден бас тартып, Мемлекет барлық заңдарын сақтап,

Пара беруге және қабылдаудан бас тарта отырып,
Сыбайлас жемқорлық орын алған жайттарды хабарлай келе,
Біз елдегі жемқорлық деңгейін азайта аламыз!

БІЛІКТІЛІК ӨЗІМЕ, ЖЕТІСТІГІМ ЕЛІМЕ

Арысбаева Ж. А.
«Өрлеу»БАҰО» АҚФ ОҚО бойынша ПҚБАИ

Адамзат баласы қанша ғұмыр кешкенімен бәріне қол жеткіздім, мәнді де, мағыналы ғұмыр кештім деп айталмаса керек. Бірақ бір жылдық ғұмырының ішінде жүздеген ұстаздың жүрегінің отын маздатып, жалындатып, жарқыраған ұмтылысын бойына сіңірген, біліктілігін арттырған, әлемді тербеткен «Ұлы ұстазды» шыңдайтын білім ұясының ордасы «Өрлеу» туралы үлкен тербеніспен ой қозғағым келіп отыр.

Бұл ұстаздардың барлығыда «ұстаз» деген ұлы есімге лайық жандар. Олар өздерінің ұлық парызына адалдық танытып, міндеттерін жоғары дәрежеде атқарады. Мұғалімдіктің сан саласында қызмет атқаруына үлес қосып, жүрегіне ізгіліктің шоғы мен ұлылықтың отын жағуына себепкер болып отырған «Өрлеуге» облысымыздың барлық ұстаздары дерлік қарыздар деп нық сеніммен айта аламын. Олар ел болашағы қазіргі жастарды тәрбиелейтін ұстаздарды шыңдау өздерінің басты мақсаты екенін айқын сезінеді, аса бір жауапкершілікпен қарайды.

Аз да болса бес жылдық тарихындағы тәжірбиесі мен абыройы интеллектуалдық қор екеніне біздің де көзіміз жетіп отыр.

Олай болса осынша жақсылықты жасақтап, жаңа технологияларды оңтүстіктің ұстаздарының бойына сіңіріп, ұлағаттылықты дәріптеп отырған «Өрлеуліктердің» үмітін неге ақтамасқа? Жер жерге осы ізгіліктің дәнін неге сеппеске? Интернетті, компьютерді меңгерген ақылды да ізденімпаз жас ұрпақты неге одан әрі шыңдамасқа?

Біз, тренерлер тарапынан мемлекеттік бағдарламаның жаңа тың технологияларымен таныстыру, сабақ барысында оқушы бойына төрт дағдыны сіңдірудің тиімді жолдарын меңгерту, адамилық пен ізгілікті қасиеттерді сіңдіріп, өмірдің басты қағидаттары мен құндылықтарын жүректеріне ұялата білу - үлкен жетістік!

Бұл орайда, ұстаздарымыздың да ерен еңбегі еш кетпейтіні, оның еңбегін ескеретін артында халқы тұрғанын ұмытпаған жөн. Осы ұстаздардың білімі мен біліктілігін арттыруда кімдердің үлесі бар деген орынды сұрақ туындайды. Әрине, бұл мәселеде «Өрлеу» педагогикалық біліктілікті арттыру ұлттық орталығының орны да, үлесі де мол.

Күреңіткен күзді көркейткен «Өрлеудің» бес жылдық мерей тойы институттың ажарын ашқалы тұр. Былтырғы жылдың қазан айының 2 жұлдызында осы орданың мерейтойында қол жеткізген нәтижелері мен

жетістіктеріне облысымыздың әртарапынан жиналған ұстаздар қауымы куә болды. Ұстаздарды тебіренерліктей, жанды жадыратар салтанатты мерекелік іс-шаралар өткізді. Институт профессорлық-оқытушылық құрам жана технологияларды үйретіп қана қоймай, ұстаз болудың маңыздылығы мен қасиеттілігін сезіндіріп, ұстаздар жүрегінің төрінен жол тапты. Ұстаздықтың бақыттылығын ұғындырды.

БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТЫҢ МЕКЕНІ – «МӘНГІЛІК ЕЛ»

Асемжанова З. З.,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Алматы облысы бойынша ПҚБАИ

Ұлы мақсат қоймасак алдымызға,
Бола алмаймыз ешқашан ұлы халық!
Қ. Мырзалиев

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты 2015 жылға арналған Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгі ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді», деп қадап айтқан болатын.

«Мәңгілік Ел» идеясы барлық түркілердің бір тарихи кезең –VII ғасырда, бір шаңырақ астында тұрғанда қабылданған және жарияланған идея болатын. Ендеше, тарих сынынан өткен бұл идея бүкіл Түркі дүниесі үшін ортақ және осы идея төңірегіне бірігу қазіргі жаһандану заманындағы түркі тектес халықтардың мұраты болары анық.

Қазақстан Республикасын мекендеп отырған 18 миллион халықтың тағдыры бір, өмірі бір, тіршілігі бір, мұңы бір, соның барлығы Елбасы айтқандай, бір ел, бір ту, бір тіл, бір діл қағидаты бойынша жүруі керек. Сол кезде Қазақстан халқының достығы берік, ынтымағы мықты болады. Осы қалпын одан сайын берік қылатын бірден-бір жол –этносаралық халықтардың өзара түсіністігі, татулығы. Осы орайда Елбасы аса көрегендікпен халықтардың басын бір шаңырақтың астына біріктірудегі орасан зор еңбегін атап өтуге болады. 1995 жылы 1 наурызда елімізде құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы өзге елдерге, мемлекеттерге үлгі көрсетіп қана қойған жоқ, бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін қалыптастырды. Ассамблея мүшелері қашан да Қазақ елінің ынтымағы мен бірлігін жақтап келеді. Алғашқы референдумнан бастап, кешегі Ел бірлігі Доктринасына дейін Ассамблея осы өмірлік мәселелердің бел ортасынан табылды. Достыққа - дәнекер, ұлағатты істерге - ұйытқы болды.

«Тірлік басқа болса да тілек бір, саусақ бөлек болса да білек бір». Бәйдібек би бабамыздың осынау ұлағатты ойы ғасырлар сүрлеуінен сүрінбей, жылдар желісімен қайта жаңғырғанына көзіміз куә, һәм өзіміз куә. Одан әріге

көз салсақ «Тату елге – тыныштық пен тоқшылық нәсіп» деген Күлтегін. Беріге мойын бұрсақ «Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт-махаббат жолына түсті» деген Әлихан Бөкейхановтың арманы бүгін орындалды емес пе? «Татулық арқылы – тұтастыққа қол жеткіздік» деген Көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы ел тізгінін қолына алды. Өрлеу мен өркендеудің сыры – бірлікте екеніне әлемнің назарын аудартты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» халыққа Жолдауындағы: «Тәрбиенің құрамдасы – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы заңға мойынұсынушылық. Бұл құндылықтар меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс»,— деген ұстанымдарын ескере отырып, мектеп бағдарламасына «этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы» арнайы курсы енгізілді. Мұндағы мақсат еліміздің ертеңі - бүгінгі жас ұрпақтың бойында ел бірлігі, ел тыныштығы түсінігін бойына сіңіру. Тағдырдың тезіне түскен халықтың панасына айналған қасиетті қазақ елінің кеңпейілділігі, дархандылығы кез келген ұлттың қолынан келе бермесі анық. Оны тарих өзі көрсетіп отыр. Яғни, көпұлтты Қазақстанның этносаралық қалыптасу тарихының бастауы тым тереңде жатқандығын жас ұрпаққа түсіндіру. Елбасымыздың жарлығымен «2015 жыл – Қазақстан Халқының Ассамблеясының жылы»- деп белгіленуі осының айғағы. Соның нәтижесінде «1 наурыз – алғыс айту күні» болып белгіленді. Бұл дегеніміз - Қазақстан халқына деген өзге ұлт өкілдерінің ыстық ықыласы, жылы лебізі деп білеміз.

Ұлы той көппен көрген халқың үшін,

Ешқашан адастырмас салтың үшін.

Жаратқан,

Қазағыма ынтымақ бер,

Тұрғанда мына заман тартып ішін, - деп ақын жырлағандай, жаһандық дағдарыс заманында «Мәңгілік Ел» ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары етіп алудың орны бөлек.

Сондықтан да, бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті біздің бүгінгідей барша әлемге танылған Елдік болмысымыздың кепілі.

Қазақстан халқы ассамблеясының 24-ші сессиясында Елбасымыз «Мәңгілік ел» патриоттық актісін қабылдағанда да: «Мәңгілік ел, бұл – Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» деп астын сызып атады. Демек, асқақ арман жолындағы әр қадамымызда тұрақтылық тұтқасына сүйенбесек, сүрінетініміз тағы бар. Себебі, қиындық жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік.

Қазақстан халқы үшін өте үлкен тарихи маңызға ие ұлы мереке атап өтілді. Себебі, ұлы дала аманатын арқалап, құлашын кеңге жая көк аспанның төрінде қалықтаған алтын қыран іспеттес қасиетті Отанымыз – Қазақстанның Тәуелсіздігіне 25 жыл толды. Бұл – тәуелсіздікті нығайту жолындағы

өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәттер болды.

Ұлы Жамбыл ақынның «Жігерлі болса ер болар, бірлікті болса ел болар» деген сөзі бар. Расында, Тәуелсіздік атты азаттықтың арайлы таңынан бергі осындай аз уақыт ішінде біздің ең ұлық, баға жетпес құндылықтарымыздың негізі қаланды. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан қазақ даласының дүбірлі мерекелерін барша ұлт өкілдері бірлесе отырып, өздерінің үлестерін қосады, мәңгілік елдің негізін қалауды әрқашан мақсат етеді.

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында әртүрлі іс-шаралар Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында өткізіліп, курс тыңдаушыларының өз білім ордаларында әртүрлі бағытта жұмыстар жүргізуге дайындап, тұрақты түрде әр өтілген курстарда бағыт-бағдар беріліп отырылады. «Надан халық бір жылын, ақылды халық 1 ғасырын, дана халық мәңгілік болашағын ойлайды» деген сөз бар. Біз бұл жолда мәңгілік болашағын ойлайтын дана халық болуды мақсат тұта отырып, болашақ ұрпағымыздың осы тамаша жолды таңдауына бүгінгі мектеп ұстаздарының атқарар міндеті мол. Бүгінгі жастар текті ұрпақтың ұрпағы екендіктерін сезініп, осы «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеуге міндетті. Жаңарудың, өміршендіктің негізі жастарда. Бұл үшін азаматтар тәлім-тәрбие мен ғылымға баса мән беріп, біліммен мықтап қарулануы қажет. Елдің экономикалық, рухани жағдайының дамып, өркендеуі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру елдің білім деңгейімен де тығыз байланысты. Қазіргі кезде бұл бағытта нәтижелі жұмыстар атқарылып та жатыр. Білім беру ұйымдарында осы бағытта әртүрлі бағытта іс-шаралар жоспарлы түрде жүзеге асуда.

Ендеше, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде көрсетілген барлық мәселелер –қазақ халқының көкейінде жүрген, ата-бабамыздың арманына айналған мәселелерді қамтыған. «Патриоттық акт - Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған буынның кейінгі ұрпаққа аманаты. Әр адамның жүрегінен орын алатын нәрсе. Ондағы құндылықтарды мәңгі қастерлеп, дамыта білсек – «Мәңгілік Ел» болу деген осы.

Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз - егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ете білейік!

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

Ахметова У. О.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ ОҚО бойынша ПҚБАИ

Елбасы Н.Назарбаев «Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек» - деп

нақтылағанындай, ата-бабамыздан қалған ұлттық тәлім-тәрбиені болашақ ұрпаққа ұғындырып, түсіндіруді мақсат тұтқанымыз жөн.

Бостандық, тәуелсіздік – асыл арман. Оған жетудің жолы әртүрлі. Негізгісі екеу, оның бірі – күрес жолы, екіншісі келісім жолы. Ал тәуелсіздікке қол жеткізген соң оны сақтап қалу, одан да қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмау керек. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат керек.

Тәуелсіздік- қасиетті сөз, қастерлі де киелі ұғым. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, жықпай ұстау, біздің қолымызда. Тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, оның көзіміздің қарашығындай қорғау, баршамыздың борышымыз. Ұлттық санамыз саяси өрісіміз сілкініс жасап, өрлеу жолына түскенде біздің кім екенімізді, ата-бабамыздың қандай болғандығын, ұлан байтақ өлкені қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап, қалай қастерлегенін, кешегі тектілердің ұрпағы екендігімізді ұғынып, келешекке жеткізу парызымыз.

Жер бетіндегі әр халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл мұралары бар. Ол – халықтың рухани қазынасы. Рухани қазына ата-бабамыздың мұрасы, тәрбиесі, бір сөзбен айтқанда жан дүниесіндегі адамгершілік құндылықтары. Халықтың мақсат-мүддесінен, арман-тілегінен, ізгі ойларынан, талап-тілектерінен пайда болған тәрбие нақыштары барша халыққа ортақ, оларды тәрбиелеудегі бірден-бір баға жетпес құрал болмақ. Соның ішінде біз қарастырып отырған мәселе бала тәрбиесіндегі салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың даму үрдісі, яғни қалыптасқан ата-баба тәлімінің бүгінге дейінгі даму сатысы болмақ.

Қазақ халқының өмір салтындағы әдет-ғұрыптары мен рухани үрдісіндегі сан қилы болмыстары қайран қалдыратын құбылыстарға толы. Қазақ халқының түркі заманынан күні бүгінге дейін келе жатқан мұрасы ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары деп толықтай айта аламыз. Ол қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбие құралы, болашағының қалыптасуын қамтамсыз етуі іспеттес тәлімдік жүйе болды десек артық айтқандық емес. Қазақстан Республикасының жаһандану сипатын дамыту жолында, қоғам алдында ұрпақты заман талабына сай интеллектуалды, жоғары мәдениеттілігі имандылықпен ұштасқан ұлтжанды етіп тәрбиелеу жолын дұрыс жолға қою міндеті тұр.

Қазақ халқы баланы отбасының және жеке өмірінің жалғасы мен болашағы деп есептегендіктен, оның тәрбиесіне үлкен мән беріп, ерекше көңіл бөлген. Жалпы, тәрбие мәселесіне, әсіресе, жақсы тәрбиенің игі ықпалына қазақ халқы үлкен мән береді: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің», «Анасы арсыздың баласы ұятсыз болады», «Бас мүлгісе, аяқ сүрінеді», «Әуелі, өзің үлгілі бол, ұрпағың сонда ғана өнегелі тәрбие алады. Әйтпесе, ертең опық жейсің» деп жан-жақты талдаған және де отбасындағы әр мүшенің өзіндік орнын даралап, үлкенді аға, кішіні іні деп бір-біріне деген сыйласымдық үлгісін дарыта білген. Осы тұрғыда халық отбасындағы тәрбиеге әрбір жанұя мүшесінің тәрбиелік міндетін дәстүрлі түрде қасиеттермен қалыптастырған. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Ағасы бардың жағасы бар», «Інісі бардың тынысы бар» деп айтқан. Отбасындағы

тәрбие жеке тұлғалар тәрбие ісінде отбасының өзінің орнына, ұлттық тәжірибеге (халық педагогикасына), туыстық қатынастарына, әлеуметтік дәстүрлерге т.б. сүйенеді.

Салт-дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс. Ол ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге, бірге дамып келе жатқан тарихи және көне үрдіс. Адамның бүкіл өмірі мен іс-әрекеттері салт-дәстүрлерден өзекті орын алып, адамның дүниетану көзқарасын қалыптастыратын тәрбие мектебі болып табылады.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің дүниетанымдық, кәсіптік деңгейін ұлттық тәлім-тәрбиемен ұштастыра білуі керек. Білімді болғанымен, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіре білмеген болса, ұлт алдында мәңгірт, мәдениетсіз болып көрінеді. Балалардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамыту отбасыдан басталып, бала – бақша және мектептердегі жүргізілетін іс-шаралар барысында бойына сіңіреді.

Ұлттық тәрбиенің түп төркіні халық педагогикасымен байланысып жатқандықтан, ол халықтың рухани әрекетінің барлық саласын қамтиды. «Қазіргі қоғамның жаңаруында 2030 бағытына сәйкес әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ұлттық тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық», - деп, Елбасы өз жолдауында нақтылағанындай, қазіргі заманның жаһандану сипатымен үйлестіре адамның ұлттық қасиетін қалыптастырудың ең тиімді мүмкіндіктерін, жолдарын зерттеу, қарастыру өзекті мәселелердің бірі - адамның бойындағы қандай да қасиеттер, мейлі жақсы, мейлі жаман болсын ол адамгершілік, білім-парасаты, инабаттылық, кісілік мінез, еңбек дағдысы, – бәрі-бәрі үлгі-өнегені үйрену арқылы жұқпақ. Оның негізі ұлттық тәрбие беруде. Бұрынырақта баласын тәрбиелеу мақсатында адамның өмірі мағыналы болсын деп, ұлы адамдардың қасына қосып қойып, солардың қасында жүру арқылы, аталы сөздерін тыңдап өсу арқылы тәлім-тәрбие үйренуге ықпал еткен. Сондай адамдардан тәрбие алған адамдардың біразы кейіннен халқымыздың біртуар азаматы болып ержетіп отырған. Кейін ел ісі де осындай жастардың қолына өтіп отырған.

Бәсекеге қабілетті, рухани-адамгершіліктік тұрғыдан жан-жақты жетілген ұрпақ тәрбиесіндегі басты ұстаным – ұлттық мүдде, ұлттық намыс, ұлттық рух деген қасиетті ұғымдардан хабары бар, өз халқының тарихын, әдебиетін терең меңгерген, рухани – мәдени мұраға деген аялы көзқарасы қалыптасқан ұрпақ тұлғасын қалыптастыру болуы тиіс. Өйткені ұлттық сана мен рухты тәрбиелеп, бойында рухани-адамгершіліктік қасиеттері жинақталмаған ұрпақсыз ұлттық мемлекет қалыптастыру мүлдем мүмкін емес. Сондықтан да біз жас ұрпаққа рухани адамгершілік тәрбие берудегі басты құралымыз, ең алдымен этномәдени рухани құралымыз деп білеміз.

Егемендік алып, тәуелсіз ел болған тұста біз тәрбие процесін ұлттар мен халықтардың, тайпалар мен ұлыстардың ғасырлар бойы қалыптасқан этностық

белгі-қасиеттеріне, салт-санасына, дәстүрлеріне негіздеуге ден қойып, халықтардың өткен тарихы мен салт-дәстүрлерін жаңғыртып, тәлім-тәрбиелік істерін қазіргі заман талабына сай қайта құруға бет бұруымыз –әлеуметтік өмір талабынан туындап отырған мәселе. Бұлар этнопедагогикалық зерттеулерде ұлттық тәлім-тәрбие істерінің мазмұнын тереңдетіп, объективті түрде шындықтың бетін ашып көрсетеді. Ал, біз қарастырып отырған ұлттық тәрбиелік білім беру – жаңа сипатта білім беру бағдарламасында зерттеліп келе жатқан ғылыми сала.

Қорыта айтқанда, жеріміздің кеңдігіндей көңілі кең дархан «қазақ» деген халықпыз. Ендігі күні біздің мәңгілік ел екенімізді бүкіл әлем мойындады. Мемлекетіміздің берік іргетасын қалаған, тәуелсіздігімізді алған, тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарай білетін, дербес те тәуелсіз ұлтпыз. Алда да солай бола береді. Асанқайғының армандаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманы қазақтың басына енді туды. Ол - «Тәуелсіздік». Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Ол арман –Мәңгілік ел.

Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!» деп Елбасымыз атап көрсеткендей тәуелсіздіктің тұрақтылығы мен мәңгілігі қазіргі ұрпақтың оны түйсініп, түсінуінде жатыр. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тәжібаев С.Ғ. «Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі» Алматы,2004ж;
2. Бахтиярова Г.Р. «Халық тағылымы- тәрбие қайнары», Алматы, 2002ж
3. Мектеп журналы -2012, №5
4. Сынып жетекшісі – 2015, №3,6

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ – «МӘНГІЛІК ЕЛ» ТАРИХЫНДАҒЫ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Әбдіхалықова Л. А.
Қарасақал Ерімбет атындағы №96 мектебі,
Қазалы ауданы, Қызылорда облысы

Аңдатпа. Автор тарихи тұлғаны үлгіге алады.

Түйін сөз. Патриотизм мен ұлттық идея құндылықтарын қорғауға тоқталады.

Ең алғашқы ұлттық партия – «Алаш» ұлттық саяси партиясының негізін қалаған қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханов –халықтың рухани байлығының бірі –көркем әдебиетке соның ішінде баспасөзге де көп көңіл

аударған ғалым. Халқымыздың сарқылмас қазынасы – ауыз әдебиеті мұраларын жинау, оларды өңдеп бастыру және қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші роль атқарған. *«Қазақтың ұлт болып өркендетті ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады»*, -деп оны өркендетуге жан-тәнімен беріліп бірсыпыра еңбектер жазады. Өмірінің соңына дейін халық ауыз әдебиеті шығармаларының үлгілерін жинап, оны жан-жақты зерттеп және насихаттап, өңдеп бастырып отырған. Әрине, Әлихан Бөкейханов ең алдымен тарихта есімі қалған қоғам қайраткері болды. Сондықтан біздің көздеген басты мақсатымыз, қолда бар кітаптарды аударыстыра отырып, Алаш автономиясы деп аталған мемлекетіміздің «бірінші төрағасы» атанған ұлтжанды азаматымыздың еліміздің бостандығы жолына істеген жұмыстары мен әдебиет пен баспасөзге қосқан үлесіне үніліп, өткен өмірінің қатпарлы сырларынан мәлімет алу. Әдебиетке қалдырған мұралары дегенде біздің ойымызға ең алдымен көне заманнан келе жатқан «Қозы-Көрпеш Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» және қазақтың төрт ғасырдан бергі жинақталған «Жиырма үш жоқтауы» шығармаларын бастырып шығарып, оған түсіндірмелер жазғаны келеді. Солардың ішінде Абай Құнанбаевтың өлендері мен нақыл сөздерін жинақтап, оның қара сөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, оны сонау Россияның астанасы Сан-Петербургдан 1909 жылы бастырып шығаруы және бұған дейін ұлы ақынның шығармашылығымен таныстыруды көздеген көптеген материалдары жариялауы оның есімін бізге «тұңғыш Абайтанушы» ретінде де танытады [1.7].

Әлихан Бөкейханов тоғыз жасында жергілікті молдадан сауат ашқан. Бастапқы білімді ол Қарқаралы қаласындағы үш кластық бастауыш мектепте алады, одан соң осы қаладағы үш жылдық училищені тамамдаған. Кейінірек білімін онан сайын толықтыру мақсатында Омбы қаласындағы төрт жылдық техникалық училищеде, Санкт-Петербурдағы Орман-техникалық институтында оқып білім алады. Омбы, Челябин, Том қалаларында тұрып ауыл шаруашылығы саласын зерттеп және экспедиция құрамында жүріп осы салаларға арнап жазған ғылыми зерттеу еңбектерінің мәні ерекше зор. Одан соң Семей қаласына оралып қазақ даласының тарихына қатысты көптеген елеулі мұралар жазып қалдырған. Бұл айтылған әңгімелердің төркіні бір-ақ нәрсеге тіреледі. Оның қарапайым болмысы, ғылымның қадір-қасиетін дұрыс түсінген жан-жақты білімділігі және ақыл-парасаты жөнінен сол кездегі замандастары арасында айрықша айшықталып тұратындығы. Абайша айтқанда: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста», «Ғылым сол үшеуінің жолын білмек» деген оның көркемдік бейнесі болса керек.

1908-1915 жылдар аралығында Самар қаласында тұрады. Оның аса ірі саяси қоғам қайраткері ретіндегі тұлғасы осы жылдары айрықша айқындалады. Семей облысы қазақтары атынан Ресейдің I-Мемлекеттік думасына депутат болып сайланып, оның құрамындағы комитеттің мұсылман фракциясының Бюро мүшесі қызметін атқарады. Шынында оның осындай деңгейдегі

қайраткер болып шығуының сыры неде?. Оның қандай себебі бар?. Бірінші, жасынан халықтың бай ауыз әдебиеті мен ел арасындағы аңыз әңгімелерінің тәлімдік тәрбие беретін тағылымдарын ұғынып өскен зеректігі. Екінші, оның сол тұстағы тәрбие алған айналасындағы адамдардың озық ойлы мәдениеті мен мән-мағынасы келіскен салт-дәстүрі. Үшінші, оның жүрген ортасының өзгеше болуы мен алған білімі.

1916-1917 жылдар аралығында Уақытша өкіметтің комиссары қызметінде жүріп ол: *«Бостандық, теңдік, туысқандық XVIII-ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің тарихтан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады, көзі ашық талапты ер іздесе. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады»* -деп, бостандық пен теңдікті армандаған ойын дәлелдейді. Осы жорамалдарға ой жіберіп, оның орыстың классик жазушысы Л.Н.Толстоймен қатар француз жазушыларының шығармаларын, тіпті ескі эфсаналар жазылған діни әдебиеттерді де оқығанына таңданамыз, тіпті сүйсінеміз. Сонымен, Әлихан Бөкейханов осы екі жылдың ішінде Орынборға келіп, 5-13 желтоқсан аралығында өткен жалпы қазақ-қырғыз съезіне өкіл болып қатысады. Жалпы қазақ құрылтайы қаралған мәселелер туралы қаулы алып, Алаш автономиясы деп аталатын Ұлттық мемлекет құрылғандығын мәлімдеп, оны бір ауыздан сол тұңғыш автономиялы мемлекеттің төрағасы етіп сайлайды. Бұл қазақ қоғамы үшін оның тарихы маңызы ерекше еді. Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау мүмкін емес дейтін өмірдің өз қағидасы бар. Автономия болу –өз алдына мемлекет болу. Сондықтан, оны көксеушілердің түпкі мақсаты ұлттық мемлекет құру болды. Олардың ойы бойынша қазақ елін басқа өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын дара жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді. Шындығында, бірнеше уақытша үкімет орнаған аласапыран кезеңде құрылған автономия қазақтың басын біріктіре алды ма?. Енді соған келейік. Алаш қайраткерлері ұсынып отырған «Қазақ автономиясы» буржуазиялық демократиялық республика болатын. Бұл, әрине, өздерін жұмысшы табының өкілі санайтын большевиктердің саяси идеясына қарама-қарсы еді. Оның үстіне коммунистер социалистік мемлекетті құруды мақсат етіп, халықты коммунизмге жеткізуді армандады. Сол орнатқан КСРО-ның кенеттен ыдырап кетуі, оның соңғы басшысы М.С.Горбачевтің кеңестік империяның күйреуіне әкеліп соғатын көптеген кәтеліктерді жіберіп алғандығын дәл уақытында болжап біле алмағандығын атап көрсетті. Соның ішінде Кеңестік Қазақстанда болған саяси науқандардың зардаптары мен ашаршылықтың ауыртпалығы, оның үстіне Ф.И.Голощекин басшылық еткен кезең елімізге орны толмас нәубет әкелді. Данққұмар басшының қуғын–сүргінмен асыра сілтеген жұмыстарының аяғы кәтеліктерге ұласып, «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұр да–жық ұранды науқан талай жұрттың түбіне жетті. Көзі тірісінде дұрыс шешім қабылдауға дәрменсіз болған баскесер басшы адамдарды биліктен, қарапайым өмір сүру құқығынан айырып, қорғансыздың

күнін орнатты. Алты миллион қазақтың үш миллион төрт жүз мыңы басқа елге ауды, өз елінде, өз жерінде аштықтан қырылды, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов сияқты зиялы қауым өкілдері «халық жауы» атанып, жазықсыз репрессияға ұшырады [7.50].

Бүгінде сол қазақ зиялыларының ғасырлар бойғы арманы, қиялы саяси шындыққа айналды, Егемен ел атандық. Тәуелсіздік, егемендік деген ұғымдар санаға сіңе бастады. Ел болу үрдістері басталды. Мемлекет және оның институттары, Үкімет жүйесі, Парламент жүйесі қалыптасты [5.6]. Сондықтан, бүгінгі күннің азаматтарының марксизм-ленинизм ілімінен және кеңестік санадан жаңа егеменді және тәуелсіз елдің азаматтарының санасына өтуді қалауы «Қазақ елі - Мәңгілік Ел» деген ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы еді. Социалистік қоғамның адамдарының көзқарасы коммунистік партияның ыдырауымен өзгерді. Сондықтан, ата-бабамыздың армандаған асыл мұраты ақиқатқа айналды. Мәңгілік Елдің ірге тасын қаладық. Ендеше ұлғайып келе жатқан мәңгіліктің саяси тұғыры не?. Рухани тірегі қайсы? Ол үшін мемлекет қандай ұғымға ие болуы керек? деген сұрағымызға «Жүзден астам ұлт өкілдері тұрып жатқан Мәңгілік Елдің тұғыры –ұлттық мемлекет. Азаматтарының рухани тірегі білім мен біліктілік. Мемлекетіміздің негізгі ұстанымы- ұлттымыздың тарихына, оның салт-дәстүрі мен мұрат-мақсатына адал болуы» деген жауап аламыз. Ал біздің тасқа жазылған тарихымыз көне түркінің жойқын идеясына суарылған. Бұл жөнінде данқты қаған батыры, данышпан, ақылгөй кемеңгер Тоныкөк (646-741) былай дейді: *«Түнде -ұйқы көрмедім, күндіз-күлкі көрмедім, қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді, күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып -бәрі елім үшін»*. Сондықтан, елге ең қажетті нәрсенің ішкі бірлік және оның мәңгіліктің түп қазығы болатындығын әр дайым ойымыздан шығармауға тиіспіз [4.3].

1919-1920 жылдар аралығында В.И.Ленин басқарған Кеңес үкіметі Алаш қозғалысына қатысқан М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Қожанұлы сияқты саяси белсенділерге жариялаған кешірімнің кезінде де басын ашып айтатын нәрсе Ә.Бөкейханұлының өзінің «ұлтжанды» ұстанымынан айнымағаны. Осыдан біраз өткен соң оны Мәскеуге жер аударады [1.29].

1922-1927 жылдар аралығында Ә.Бөкейханов Москва қаласында тұрған. Әсіресе оның ұрпаққа қалдырған әдеби мұрасының ең көлемдісі КСРО Халықтарының Орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып жұмыс істеп жүріп жазған көркем аудармалары. Орыстың классик жазушылары Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, В.Г.Кореленкомен қатар тіпті үнді және түрік тектес халықтардың да әдеби шығармаларын аударып, қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған публицист. Оқу құралдары мен қатар ғылыми зерттеулер жазған оқымысты. Олардың ішінде большевиктердің көсемі В.И.Лениннің жұбайы Н.К.Крупскаяның «Халықты ағарту туралы» зерттеуін аударуға асқан ықылас танытуы коммунистермен ымыраласу үрдісіне жасаған қадамдары ма деп те ойлаймыз. Десек те бізге оның коммунистік идеяға қарсы бола тұра, оны жақтаушылардың жазғандарын оқудан бас тартпағаны мәлім болып отыр. Сондықтан, кез-келген интеллигенция үшін өзекті мәселенің бірі

қоғамның таңдаған жолы емес, ғылымның құндылықтарын дұрыс түсінгендігі болар деген ойымызды айтып өтуге тиіспіз [3.253].

Ә.Бөкейханов бізге қалдырған көптеген мақалаларынан басқа бірнеше зерттеулерге қатысты аудармалардың авторы болған. Солардың ішінде Т.Тутковскидің «Жердің қысқаша тарихы», К.Фламарионның «Астрономия Әліп-биі», Д.Гравенің «Дүниенің құрылысы». Ол негізгі аудармаларын төңкеріске дейінгі «Дала уалаяты», «Қазақ» газеттерінен бастап Кеңес дәуіріндегі «Темір қазық», «Жаңа мектеп», «Кедей туы», «Әйел теңдігі», «Еңбекші қазақ», «Ақжол», «Жас қайрат», «Жас қазақ» және «Айқап» журналдарында жариялап отырған. Онда «Қыр баласы», «Сын степей», «Туземец» деген аттарды жамылған есімдермен қол қойған. Дегенмен де, оның мұралары түгел зерттеліп болды деуге болмайды. Бүгінде ұлы жазушының Омбы, Самара, Орынбор, Мәскеу сияқты қалалардың мерзімді басылымдарынан да жиі көрінгені мәлім болып отыр. Сондықтан, оның басқа шет елдердің басылымдарында басылған бұрын белгісіз болған мақалаларына жан-жақты зерттеулер жүргізуге мән берілуде. Әлихан Бөкейханұлы өзінің маңына Ахмет Байтұрсынұлы, Қалел Ғаппасұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы сынды ақын-жазушылар мен көрнекті зиялыларды топтастырған үлкен ұйымдастырушы болғанын да айта кеткеніміз жөн.

Қазақ Кеңес әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол тайғақ кешу» романында *«Әр жерден газет шыға бастады. Семей қаласындағы «Сарыарқа» газетін басқарған – Қ.Ғаппасұлы. Ташкент қаласындағы «Алаш» газетін басқарған – К.Тоғысұлы. «Бірлік туы» газетін басқарған – М.Шоқайұлы. Астрахан қаласындағы «Ұран» газетін басқарған А.Мұсаұлы. Ақмола қаласындағы «Тіршілік» газетін басқарған – Р.Дүйсенбайұлы, жазушысы С.Сейфуллин»*, деп сол кездегі деңгейі әр түрлі газеттердің түрлерін атай келіп, *«Тіршілік» газетінен басқасының бәрі «Қазақ» газетінің ықпалымен жүрді. Осы газеттерді оқып, Қазақстанның қай жерінде не болып жатқанын сырттан бақылап жаттық. Қазақ комитеттерінің көбінің-ақ саяси жолы, әлеуметтік ісі, біздің Ақмоланың облыстық комитеттерінен өзгеше емес, көбі-ақ бір қалыпты. Комитеттердің басында қазақтың бұрынғы үлкен оқығандары отырды»*, деген өзінің эмоциялық пікірін де білдіреді [6.65]. Міне, бұл үзіндіден А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы және Ә.Бөкейханұлы басқарып Орынбор қаласынан шығарған «Қазақ» газетінің сол кездегі қазақ қоғамының саяси және рухани өмірін ұдайы жазып отырғандығын және басқа басылымдарға оның мәнінің зор болғандығын білеміз.

Әлихан Бөкейханов 1937 жылдың тамыз айында тұтқындалып, Бутыр түрмесіне қамалады. Сөйтіп, оны 27 қыркүйектегі КСРО Жоғары Сотының Әскери Коллегиясы үкімімен ату жазасына кеседі. Алаш арысы 1989 жылдың 14 мамырындағы КСРО Жоғарғы Сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ деген шешім бойынша ақталды. Бүгінде ол туралы мақалалар, көлемді зерттеулер жазылып, оның шығармалары басылып шықты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Бөкейхан. «Шығармалар»//«Қазақстан» б–сы, Алматы.–1994.–384б.
2. Ә.Бөкейхан. «Таңдамалы»//«Қазақ энциклопедиясы» р–сы, Алматы.–1995.–477б.
3. Ә.Бөкейхан. «Шығармалар.т.ж IX-том»//«Сарыарқа» б–сы, Астана.–2013.–515б.
4. Тоныкөк. «Ұлы дала өсиеті» Қаған өсиеті//Айқын. Алматы–2015.–28 қазан.–8б.
5. А.Смайылов. «Мәңгілік Елдің тұғыры-мықты мемлекет»//Егемен Қазақстан. Алматы–2015.–25 ақпан.–14б.
6. С.Сейфуллин. «Тар жол, тайғақ кешу»//«ҚМКӘ» б–сы, Алматы.–1960.–481б.
7. «Аңыз адам» журналы. Ф.И.Голощекин//Алматы.–№4.–2013 ж.–50б.

МӘНГІЛІК ЕЛ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Байтенова Г. Ж.

Қазақ мектеп-гимназиясы
Петропавл қ., Солтүстік Қазақстан облысы
Baitenova-gulim@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Мәңгілік Ел идеясына түсінік берілген. Жастарды ұлттық дәстүрді сақатй отырып, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу жолдары туралы айтылады.

Annotation. This article is devoted to the idea of «Mangilik El». The main idea is to keep national traditions and customs, and to feelings raise patriotic in our generation.

Аннотация. В данной статье дается пояснение к идее Мангилик Ел. Говорится о возможных путях сохранения национальных традиций будущими поколениями и воспитания казахстанского патриотизма.

Түйін сөздер: Жолдау, Мәңгілік Ел, ұлттық идея, стратегия, түркі елі, тәуелсіздік.

«Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті...» Н.Ә.Назарбаев[1]. Біз бүгін ХХІ ғасырдың есігін айқара ашып, төріне еніп отырмыз. Бұл ғасыр Қазақстан үшін жасампаз ғасыр, жаңару ғасыры, дәуірлеу ғасыры болатынына сенемін. Президентіміздің «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы Қазақстан халқы үшін үлкен маңызға ие болды. Қазақ халқының мыңдаған жылғы тарихи тәжірибесінен Тәуелсіздік жылдары жүріп өткен қазақстандық жолдан туындаған «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жария етілді.

Адам – қашанда еркіндікті, бостандықты аңсайды, тек аңсап қана қоймай, сол үшін әдіс-тәсіл іздейді, күреседі. Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік – асыл арман. Оған жетудің жолы әрқилы. Негізгісі екеу. Бірі – күрес жолы, екіншісі келісім жолы. Ал тәуелсіздікке қол жеткізген соң оны сақтап қалу, одан да қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмау керек. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат керек. Тәуелсіздік – қасиетті сөз, қастерлі де киелі ұғым. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, жықпай ұстау, біздің қолымызда. Тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, оны көзіміздің қарашығындай қорғау - баршамыздың борышымыз. Ұлттық санамыз саяси өрісіміз сілкініс жасап, өрлеу жолына түскенде біздің кім екенімізді, ата-бабамыздың қандай болғандығын, ұлан байтақ өлкені қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап, қалай қастерлегенін, кешегі тектілердің ұрпағы екендігімізді ұғынып, келешекке жеткізу парызымыз. Мәңгілік Ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы - өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық әрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін оқушылардың бойында қалыптастыру, этнопедагогика материалдарын ұтымды пайдалану – аса маңызды міндеттердің бірі. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Егеменді Қазақстан Республикасының болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Шыны керек, Елбасымыз Мәңгілік Елге бастайтын, абыройлы әрі мәртебелі жолды жалғастыратын жастарға, яғни тәрбие беретін болашақ ұрпаққа зор сенім артып отыр. Өйткені, Отанымыздың болашағын баянды етіп, аға буын салып кеткен сара жолды жалғастыратын – жастар! Сондықтан, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену жолында аянбай еңбек етіп, Қазақ Елін төрткүл дүниеге таныту – тікелей жастардың қолында! Ұлт Көшбасшысының ел ертеңі – жастарға көбірек жүгіне сөйлеуі – осының айшықты дәлелі. «Бұл Стратегия Сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Елдің болашағын бірге жасаңыздар!» деген Елбасы Қазақстанның болашағын жастармен байланыстырады [1]. Бұл бағытта ең алдымен берілетін тәрбие – азаматтық-патриоттық тәрбие болуы тиіс. Сол себепті де қазақстандық патриотизмді сезіне білетін, өресі биік, рухани ойлау дәрежесі жоғары, бәсекеге қабілетті, парасатты, іскер, Отан мен туған жерді құрметтейтін ұрпақты оқытып-тәрбиелеу – ұстаздар қауымының басты міндеті болып отыр. Осындай қойылған міндетке жету үшін көп жылдар бойы еңбектену керек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2000 жылы 14 желтоқсанда латын алфавитіне көшу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіре келіп, өте мұқият дайындықтан соң латын алфавитіне көшетінімізді айтты. Бұл жерде Тоныкөк негізін салған «Мәңгілік Ел» идеясын қалпына келтіруші, жандандырушы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына түркі тектес бауырларымыз қолданатын латын қарпіне көшудің қажеттілігін айтты. «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» — деп түрік бірлігінің болашағына зор үмітпен қарады [2]. Бағзы заманға көз жіберсек, түркілер ғасырлар бойы ұлан-ғайыр аймаққа билік жүргізіп, арғымақтың тұяғы жеткен орасан зор аймаққа иелік етті. Алтайдан тарайтын айбынды ел тілі жақын, танымы мен талғамы ұқсас бір әлемді – ортақ өркениетті құрады. Алтын тақта отырып билік жүргізген айбарлы қағандар мен абыздар «Мәңгілік Ел» орнатуды армандады. Ешкімге тәуелсіз, еркін өмір сүрген, елін жаудан азат еткен күллі көне түркі елінің арманы да мәңгілік Ел идеясы болған. Елін тәуелсіз еткен Күлтегін батыр халықты байлыққа кенелткен: «Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Тату елге жақсылық қылдым», - деп мақтаныш сезіммен баяндаған [3]. Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болу керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлттық мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы», - деген еді [1]. Жалпы, «Мәңгілік Ел» идеясының үш негізден немесе үш тұғырдан тұратыны анық. Біріншісі – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк); екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармасында негізделуі және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында Ата Заң іргетасының қалануы. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі саяси тұжырымдар, Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» және тағы басқа әйгілі туындыларының ой-идеялары – «Құтты білік» дастанындағы философиялық түйіндер, саяси-әлеуметтік болжамдар бір мәдениеттің, бір өркениеттің, заман мен әлеуметтік жағдай ғана емес, біртектес ел-жұрт тіршілігі тұтастырғн бір дүниетанымның жемістері. Мемлекетшілдік сипаттарын білдіретін ұғымдар Күлтегін жырларында да, әл-Фарабидің философиялық шығармаларында да Жүсіп Баласағұнның дастанында да бірдей кездесіп отырады. Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын теориялық-философиялық тұрғыдан негізін салып берген әйгілі ойшыл, философ Әбу Насыр әл-Фараби болды. Ол ежелгі грек

философиясы мен Шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесіне сәйкес «Мәңгілік Ел» идеясының саяси-философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттің әл-ауқатын жақсартудың ерекшеліктері баяндалады[4]. Ж.Баласағұн – саяси-әлеуметтік ойда мемлекеттегі басқару істерінің заңмен реттелуі мәселесін кешенді көтерген ғұламалардың бірі. Дастанның басты идеясы – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Ж.Баласағұн еңбегіндегі елдегі заңдардың бүкіл халыққа қызмет етуі және орта топтың мемлекеттің әлеуметтік тірегіне айналуы туралы идеялары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін өте маңызды[5]. Бұл бағыт – қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде жариялап отырған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың да ұстанып отырған стратегиялық саясаты. Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазірде тарихи сабақтастықты бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр. Оны Елбасымыз өз Жолдауында айқын көрсетіп берді: «Біздің жалпы ұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан -2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры». Қазақ халқы сан ғасырлар бойы егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәттерде бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің дербестігін, тәуелсіздігін сақтап, мемлекеттігін қалпына келтіре алғандығы аян. Сондықтан біздің ең басты мақсатымыз – тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен көркейіп өсуі. Қасиетті тәуелсіздігімізді – мықтап ұстап тұру. Ел дегенде, жер дегенде – білегін сыбанып, іске дайын тұратын, еліміздің жарқын болашағы үшін күресе білетін, намысты ұрпағымыз болса, қоғамымыздағы ұлттық бірліктің іргесі шайқалмаса, ұлтымыз өз әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаса Мәңгілік ел боламыз, бұл – жеңіске жетуіміздің негізгі кепілі. Міне, біздің басты байлығымыз да – осы. Рухы еркін халық қана кез-келген мәселені шеше алады, әлемдік деңгейде өз орнын таба алады. Қазақ халқы өзінің негізгі ұлттық құндылықтарын өзі де танып, өзгеге де танытып, ұлттық тілін құрметтеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелегенде ғана руханияты жоғары, зайырлы қоғам бола алады.

«Мәңгілік Ел» жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі арманы болатын. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеге жеткізу

ұстаздық шеберлікті қажет етеді[6]. Әдебиет сабақтарында оқушылардың ғылыми көзқарасы қалыптастырылады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді, отаншылдыққа, халықтарды құрметтеуге, сыйлауға, яғни, бейбітшілікті сақтауға, туған жерін сүйе білуге тәрбиеленеді. Әдебиет сабақтарында оқушыларды отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеудің мынадай жолдарын ұсынар едім:

- -Халықтың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету;
- -Халықтар тағдырының ортақтығына, ұлттық әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің ортақтығына назар аудару;
- -Көрнекті тарихи тұлғалардың, ақын-жазушылардың, қарапайым халық өкілдерінің де әдебиеттегі, халық алдындағы қызметін, еңбегін көрсету;
- -Туған өлке материалдарын тиімді пайдалану;
- -Отансүйгіштік, қазақстандық патриотизм сияқты тамаша қасиеттерді қалыптастыруға байланысты мемлекет пен үкімет тарапынан қабылданған құжаттарды пайдалану.

Ұлы тұлғалардың қаһармандық жолдары бүгінгі жас ұрпақты патриоттық тәрбиеге баулудың темір қазығы деп сенімді түрде айтуға болады. Сабақта ағымдағы жылдары болып жатқан басты қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, әдеби-мәдени саладағы маңызды жаңалықтарды, жетістіктерімізді кеңінен әңгімелеп, пікірталас, салымтыру, талдау, зерттеу, жобалау, эссе, ойтолғау жазу әдістерін қолданып өткізу оқушының танымдық қабілеті мен өз тарихына деген қызығушылығын арттырады.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» деп М.Әуезов айтқандай, ел болашағы қазіргі жас жеткіншектің қаншалықты білімді, тәрбиелі болуына байланысты. Осы мақсатта барлық жұмыстардың нәтижесін үнемі бағалап, зерттеп, қорытынды жасап отырудың маңызы зор. Әрбір оқушыға өз мемлекетіне, оның бай тарихына, болашағына деген жауапкершілігін сезіндіретін әрекет жүйесін жасауымыз керек деп білемін. Өткен мен бүгінгіні таразыға сала алатын, келешегінің сабағын ертеңіне бағдар еткен рухы асқақ, жандары таза жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті. Білімнің іргетасының беріктігі – болашақтың мықты болуына негіз. Біздің міндетіміз – айқын, алған бағытымыз – дұрыс. Ендеше Тәуелсіздігіміз баянды, тұтастығымыз берік, елдігіміз мәңгі болсын! Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! Көз қарашығымыздай сақтау мәңгі мұратымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2014.
2. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010.
3. Күлтегін Тонкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли) — Алматы, «Өлке» баспасы, 2001.

4. Амангелді Айталы. «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи тамыры», «Егемен Қазақстан», 2014.

5. «Асыл мұра» түркі антологиясы. Астана: Сарыарқа, 2012.

6. Тоғысбаев Б., Сужикова А. «Тарихи тұлғалар» Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2005.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ АЯСЫНДА ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ БЕРУ

Байузакова А.К.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Алматы облысы бойынша ПҚБАИ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» жолдауында: «...Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыру керек» – деген болатын. Жоғарыда аталған қағидаларды ұстана отырып, Қазақстанда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжіриберелерді, сан ғасырлық мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнін жаңғыртуда, жаңа талаптар қоя отырып ұлттық рухта болашақ ұрпақты тәрбиелеу керек деп санаймыз. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашарлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр.

Мектеп қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақтарға білімді өз бетінше ізденуіне, ұлттық тәрбиені сіңіріп, оның ерекшелігін терең білуге, құрметтеуге, үйретуге тиіспіз. Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ

тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Ендеше ата-аналарымызға, ұстаздарымызға, оқушыларымызға білім беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану олардың ұлттық рухты қалыптастыруға мол үлесін қосу қажет.. «Баланы жастан» демекші, мектеп оқушыларының санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы – салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады. Сондықтан бала санасына осы дүниелерді бастауыш буыннан бастап сыңыру қажет. Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Білімді алуда іс - әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келетіні. Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сол себепті «Ойын технологиясын» қолдану арқылы оның ішінде ұлттық ойындарды негізге ала отырып өткізген сабақтар ұлттық құндылықтарға дамытудың бір де бір жолы. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жөнудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтымақтастығымен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ынталана әрі сапалы орындайтын болады.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор. Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.-Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.-Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.-Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.-Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.-Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.-Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет. Осы ережелерге ұстана отырып «Бәйге», «Аударыспақ», «Көкпар», «Ханталапай», «Бәйге» ойындары сияқты сабақта ұтымды пайдалануға болады. Алдымен оқушыларға бұл ұлттық ойынның нақты ережелерін таныстырып, содан кейін осы әрекеттерді сабақта қалай қолдану керек екенін айтып кеткен жөн болады. Мысалы, «БӘЙГЕ» ойыны ең белгілі және кең таралған ат спортының түрі. Ол өңірлік деңгейде қысқа және орта қашықтыққа атпен шабу немесе жалпы мәреден басталатын ұзақ қашықтық қамтитын жарыс түрі. Дәстүрлі қашықтық: 7,12 және 16 км. 7 км қашықтықты қамтитын бәйге жылқы өсіретін зауыттардың ат спорты ойыны жарыстарының міндетті қашықтығы болып саналады.

Ал сабақ барысында осы ойынды үй жұмысын алдын ала үйге орындауға берілген тапсырмалардан сұрақтар құрастырып 6-7 оқушыны ортаға шығарып қалған оқушыларға сұрақтар қойдыруға болады. Ең көп сұраққа көп жауап берген оқушы жеңімпаз аталып «бәйгесін» алады. Бұл әдіспен өткізілген сабақ бір уақытта оқушылардың өткен тақырып бойынша білімін тексеруге мүмкіндік береді.

Келесі ойын «АУДАРЫСПАҚ». Аударыспақ-ат үстіндегі күрес, оның мақсаты – қарсыласты аттан құлату. Оған тек дене күші көп, епті, шыдамды және аттың үстінде сенімді отыратын ересек ер адамдар қатысады. Ал сабақта бұл ойынды жұптық жұмыс барысында ұйымдастырған ұтымды болады. Тақырып бойынша бір-біріне сұрақ қою арқылы оқушылардың жаңа сабақты меңгеруіне ықпал ететін бірде бір септігін тизізетін тәсіл. Бұл жерде жауаптан кідіріп қалатын оқушы жеңіледі, бірақ екінші оқушы сол жауапты сыныптасына өзі түсіндіріп өту қажет. Себебі, жаңа талаптағы оқудың мақсаты- оқушыны қалыптасырушы бағалау арқылы жетілдіру болып табылады.

«КӨКПАР» ойыны. Бұл ойында ептілік, қайсарлық, салт атты мен аттың шеберлігі сынға түседі. Бұл өнердің атауы «көк бөрі» - бөрібасар деген сөзге сәйкес келеді. Сондықтан болар, ойын барысында нағыз аңдық сезімдер оянады, себебі бүкіл жылдамдықпен шауып келе жатқанда, нысанды іліп әкетіп, сағатына шамамен 70-80 км жылдамдықпен ілестіру керек. Бұл ретте өзге тап беретіндерден қорғап қалу қаупі тағы баршылық. Көкпар – көпшілік қатысатын ойын. Бұл жерде барлығы да ешкіні ептілікпен қармау мен қарсыластың «қазанына» дәл түсіру мақсатында алаңға шығады. Ал сабақ барысында бұл ойын түрін сыныпты топтарға бөліп ұйымдастыруға болады. Мысалы, тақырып бойынша берілген мәтінді «Джигсо» әдісі арқылы меңгертіп, түсіну дәрежесін бағалау үшін бір топ, бір топқа сұрақтар қою немесе тапсырма беру арқылы жүргізуге болады.

«ХАНТАЛАПАЙ» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар ханның қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуіне тура келеді. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығыбасқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарысына «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойында қайтадын сол бала бастайды. Сабақ барысында осы асықтар арқылы топқа бөлуге өте тиімді. Асықтарды әр түске бойяп, топтастыруға болады. Әр түске бойялған асықтардың біреуіне алтын түспен бойяса, сол асықтарды алған оқушыларды

көшбасшылар қылып тағайындауда болады. Бұл ойындардың барлығы-оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды.

Қорыта айтқанда, білім беру ұйымдарын басқарудағы басты міндет болашағымызға бағдар ететін – «Мәңгілік Ел» идеясын мектеп оқушыларының бойында қалыптастыруға, яғни отанын сүйуге, бірлікке, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу, бәсекелестікке бейімдеуде сапалы, терең білім беру болмақ!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» жоспары
3. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. — Алматы, Атамұра. 2006
4. Интернет ресурстары.
5. А.А. Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева «XXI ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында». Ақпараттық әдістемелік дайджест. Алматы, 2009 ж.
6. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. №2, 2015
7. Тәрбие құралы №6,2014 жыл Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал.
8. Айдар С. « Халықтық педагогика негізінде еңбек тәрбиесін
9. Ахметжанова А.С. «Халық педагогикасы»
10. Ғаббасов С. « Халық педагогикасының негіздері».-Алматы 1995.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ - БОЛАШАҚТЫҢ НҰРЫ. ЭССЕ

Базарбекова Д. Ж.

Қазақ мектеп-гимназиясы
Петропавл қ., Солтүстік Қазақстан облысы
Dina_bazarbekova@mail.ru

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы өте маңызды ұғымды беретінін әр намысы бар адамзаттың ұғынары сөзсіз. Халқымыз не нәубетті бастан кешірмеді. Ғасырларға ұласқан бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізген ұрпақ біздер бақыттымыз деп еркін айта аламыз. Бұл бақыттың оңайлықпен келмегені тарихтан белгілі. Сол Тәуелсіздікке міне ширек ғасырдан асып барады. Осы аз уақыт ішінде еліміз әлемге танылып, талай бұрын-соңды болмаған табыстарға қол жеткізуде. Соның бәрі тура жолмен жарқын болашаққа бастап келе жатқан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көрегендігі, даналығы екендігі айқын. Елбасымыз жыл сайын Қазақстан халқына Жолдау арнайды. Оны асыға

күтетініміз де анық, себебі онда өткенге есеп беріліп, алдағы уақытқа тың жоспарлар белгіленеді. Соның бірегейі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Ол өткенімізді екшелеп, бүгінгі бақытымызды мәңгілікке баянды ету, ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік екенін сезіну, өз үлесін қосу. Бұл ретте негізгі жауапкершілік ұрпақ тәрбиесінің менеджері педагогке жүктеледі. Сондықтан Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласын басшылыққа ала отырып, ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мен білім беруді егіз түрде қарастыру міндет болып табылады. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегендей озық дәстүрлерді жаңғырту, оны қолдану да ұстаздар арқылы жеткізілетінін мойындауымыз керек. Себебі, негізгі білім мен тәрбиені бала мектептен алады. Бұл ретте сынып жетекшісі ғана емес, әр пән мұғалімі міндетті екенін сезінгені және жұмыс жүргізгені дұрыс. Тәрбиеші алдымен өзі тәрбиелі болуы керек деген қағиданы ескерсек, заман талабына сай өзгеру өзімізден басталу қажет. Сонда ғана біз нәтиже көрсете аламыз. Күні кеше әлемдік деңгейде өткен ЭКСПО халықаралық көрмесін бәріміз қуана тамашаладық. Оның абыройлы өтуі де еліміздің мәртебесін асқақтатты емес пе? Осы ретте оқушылармен көзбен көрген кереметтерді саралаудың да пайдасы зор. Уақытпен бірге ілесу, қарыштап алға басу, сондықтан әр ісіміз үлкен жауапкершілікті талап етеді. Еліміздің басты мақсаты-экономикасы дамыған 30 елдің қатарына ену. Ал, бәсекелестіктің негізі - білімде. Білімдегі реформалар, жаңартылған бағдарламалар да кейінгі ұрпақтың жарқын болашағы үшін жаслуда екеніне көз жетуде. Ендеше «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы осы мақсатқа жеткізер баспалдақ екені анық. Ол идеяны қолдау, қолдану баршамыздың санамызға тәуелді. Сондықтан әр ұстаздың лайықты орнынан табыла білуі парыз.

БҮГІНГІ БҮЛДІРШІН – МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Бердығалиева Г. М.
№34 «Балбұлақ» бөбекжайы,
Батыс Қазақстан облысы, Орал қ.,
zanlug84@mail.ru

Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балаларды музыка пәні арқылы патриоттық, Отансүйгіштік сезімге тәрбиелеу барысы жайлы айтылған. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудағы педагогтың рөлі баяндалған.

This article is about how to raise patriotism and love motherland senses through music discipline. About the role of teacher in organization and education based on national idea «Mangilik Yel».

*«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде,
оларға жастайынан жақсы қасиеттерді
сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы*

*дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін
қоса алатын азамат өсіре аламыз»*
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев

Бала – біздің болашағымыз! Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді, денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, оларды адамгершілікке, өз елін сүйуге баулу біздің міндетіміз болып табылады. Ал бала бойындағы бұл құндылықтар еліміздің көркейіп, мәңгілік ел болуына үлкен септігін тигізеді.

«Мәңгілік ел — ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман тұрмысы бай-қуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді... Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ — мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы — Мәңгілік ел», — деп Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Елбасымыз айтқан болатын.

Мәңгілік ел тамырын тереңге жайған үлкен ағаш секілді. Тамыры тереңге жайылған ағаштың жапырағы да көгеріп, мәңгі көктеп гүлденері шындық. Жапырағы жайқалған ағаш - қазақ ұлты, қазақ елі, қазақ халқы. Бұл -біз үшін мәңгілік ел бейнесінде көрініс тапты.

Соңғы уақытта мектепке дейінгі білім жүйесінде айқын өзгерістер орын алуда. Балаларды тәрбиелеу мен білім мазмұны жаңартылып жатыр, көптеген бағдарламалар пайда болуда. Сонымен қатар мәселенің өзектілігі, қоғамның қазіргі заманда адами-патриоттық тәрбиесі.

Ертеңіміз сәулелі болуы үшін жас жеткіншектерді халқымыздың озық ойымен, ұлттық дәстүрімен, әдебиетімен, өнер тіршілігімен байланыстыра отырып тәрбиелеу, балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге баулу –әр педагогтың басты міндеті болып табылады. Сонымен қатар бүлдіршіндерге патриоттық тәрбие берудегі ұлттық салт- дәстүрдің тәрбиелік мәні зор.

Осы міндеттер бөбекжайда барлық жұмыс түрлерінде: оқу қызметтерінде, ойындарда, еңбекте, ертеңгілік, ойын-сауықтарда шешіледі. Үйде – баланың тек қана патриоттық сезімін ғана емес, сонымен қатар оның ересектермен және құрдастарымен өзара қатынастарын қалыптастыруға жұмыстар жүргізіледі.

Қазақ халық музыкасы – өнер тілі, жан азығы. Жалпы білім беретін мектептердегі мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруда ғасырлардан-ғасырға келе жатқан қазақ халық музыка шығармашылығы арқылы патриоттық тәрбие ұштастырылып отырады. Ата-бабамыз бізге баға жетпес мол мұра – бесік жырынан бастау алған түрлі аңыздар, әңгімелер, жырлар, термелер, ән-күйлерін қалдырды.

Қазақ халық музыка шығармашылығының негізгі жанрларында – халық әндері мен күйлерінде, термелері мен толғауларында, жырларында халық өмірінің мазмұны – тарихи оқиғалар, батырлардың ерлігі, табиғаттың сұлулығы, күнделікті өмірдің тыныс-тіршілігі бейнеленеді.

Халық әндері арқылы туған еліне, өз халқының салт-дәстүріне құрметпен, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу, халық музыкасын тыңдау және орындау арқылы қоршаған ортадағы сұлулықты, табиғаттағы әсемдік пен адамдар арасындағы қарым-қатынасты сезіп, түсінуге тәрбиелеу болып табылады.

Қазақ баласын бесігінен тәрбиелеп, бесік жырының сазды әуені арқылы әлдилеген. Талпына келе ана ақ сүтімен бала бойына ана тілі арқылы дүниені, өмірді танып, сонымен қатар қазақ халық музыка шығармашылығы тұсау кесер жыры, тұрмыс салт әндері, халық әндері, жырлар, термелер, айтыстар, толғаулар және ұлттық музыкалық аспаптарында орындалатын күйлерді тыңдау, орындау арқылы жас ұрпақтың бойында өз халқына, еліне, ұлттық музыкасына деген сүйіспеншілігі артады.

Балаларға патриоттық тәрбиенің қалыптасуына қазақ музыка шығармашылығының әсер ететіндігіне ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар бөбектердің музыкалық білімін, талғамын және қызығушылығын оятады. Балдырғандарды патриоттыққа тәрбиелеуде қазақ халық музыка шығармашылығын пайдалану тек мынадай жағдайларда ғана жемісті болады. Егер мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие процесінде қазіргі кездегі алдыңғы қатардағы музыкалық білім беру тәжірибиесін және жаңа педагогикалық технологияларды жоғары түрде тәрбиелік мүмкіндіктеріне сай көптеп қолдануға мақсатталған болса, халық музыка шығармашылығымен және патриоттық бағыттағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру әрі басқару саз жетекшісінің міндеті.

Айтар болсақ, кішкентай бүлдіршін бойына жақсы қасиеттерді сіңіруге, көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға музыканың әсері ерекше мол. Осы орайда мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беруде музыка оқу қызметінің өзіндік орны бар.

Туған ел, жер, Отан туралы ән шырқату, ұлттық билер үйрету, салт-дәстүрмен таныстыру, ұлттық ойындар ойнатып, ойын-сауық, ертеңгіліктер ұйымдастыру арқылы музыка жетекшісі бала бойына патриоттық тәрбиені дарыта алады.

Атап айтсақ: бөбекжайымызда әрбір дүйсенбі күні таңмен балалардың Қазақстан Республикасының әнұранын шырқап, кішкене ғана қолдарын жүректеріне қойып ерекше сезіммен орындағандарының өзі Отанына деген сүйіспеншілігін көрсетеді.

Әр жас ерекшелігіне қарай балаларға жыл бойы «Туған жер», «Отаным», «Қазақстан», «Мен елімнің ертеңі», «Атамекен» тағы да басқа патриоттық әндер шырқалады. Сондай –ақ «Астана», «Асатаяқ», «Батырлар», «Текемет», «Қамажай» тағы басқа билер үйретіледі.

Бөбекжайымызда сабақтан тыс, дәстүрлі түрде патриоттық тәрбиеге байланысты «Сарбаздар күні», «9 мамыр – Жеңіс күні», «Жас ұландар» “Балаларды қорғау күні” тақырыптарында мерекелік ертеңгіліктер мен ойын-сауық, сайыстар жоспарға сай өткізіліп отырады.

Ұйымдастырылған шаралардың барлығында Ақпараттық коммуникативтік технология, Жобалау технологиясын, Дамытушы

технологияларды ендіре отырып жұмыстанамыз. Тақырыпқа сай материалдарды анимация, презентация, слайд-шоу түрінде ноутбук, проектор қолдану арқылы, сондай-ақ, топ бөлмелерінде орналастырылған интерактивті тақтада танымдық-шығармашылық ойындарды ойнатуда қолданамыз. Әр сабақ барысында интерактивті білім беру құралдарын: «Ақылды балапан» интерактивті оқу-танымдық кешені, «Крошка кролик» интерактивті кешені, «Электронды қазақ үйі», т.б. қолдану арқылы қызықты өткізудеміз.

Осындай шығармашылық бағытта тәрбие алған бөбектер еліміздің ертеңгі тірегі болары сөзсіз.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік елдің перзенті. Ендеше, Қазақ елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік ел! Көз қарашығымыздай сақтау мәңгі мұратымыз! Бүгінгі таңда өскелең ұрпақты патриот азамат етіп тәрбиелеу әр ұстаздың міндеті болып отыр.

ПЕРСПЕКТИВА И ПРАКТИКА РЕАЛИЗАЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» В СПЕЦИАЛЬНОЙ (КОРРЕКЦИОННОЙ) ШКОЛЕ-ИНТЕРНАТЕ ДЛЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ СЛУХА

*Бестик И. В.,
Ушакова Л. И.*

КГУ «Областная специальная (коррекционная)
школа-интернат для детей с нарушениями слуха»,
г. Петропавловск,
irina_kz_sko@mail.ru, loruk-kz@mail.ru

Аннотация. Огромные возможности для реализации задач национальной идеи Мәңгілік Ел предоставляет внеклассная работа в разнообразных формах, проводимая воспитателями школы-интерната для детей с нарушениями слуха. Они способствуют формированию у школьников с нарушениями слуха активной жизненной позиции, государственного мышления, выработку навыков и привычек действовать в соответствии с общенациональными интересами Республики Казахстан.

Abstract. Great opportunities for the implementation of the tasks of the national idea Mangilik El provides class work in various forms conducted by the teachers of the boarding school for children with hearing impairments. They contribute to the formation of pupils with hearing impairments of an active life position, the state of thinking, developing skills and habits to act in accordance with the national interests of the Republic of Kazakhstan.

Ключевые слова: Патриотический акт «Мәңгілік ел», дети с нарушениями слуха, национальная идея, патриотическое воспитание, внеклассные занятия, активная жизненная позиция.

Key words: Patriotic document «Mangilik El», the children with hearing impairments, the national idea, Patriotic education, extracurricular activities, active life.

«Настоящий патриотизм – это объективный взгляд на историю. Все начинается со школы»

Н. А. Назарбаев

Направленность государственной политики на воспитание учащегося как гражданина Республики Казахстан находит свое отражение в ежегодном послании Президента «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» Н.А. Назарбаев особо подчеркнул: «Патриотизм, нормы морали и нравственности, межнациональное согласие и толерантность, физическое и духовное развитие, законопослушание. Данные ценности должны прививаться во всех учебных заведениях, независимо от формы собственности».

В Послании Н.А. Назарбаева получила обоснование и ключевая идея консолидации наших устремлений и усилий для сохранения всего того, чего мы достигли за годы независимости, и для продолжения устойчивого развития в XXI веке – национальная идея «Мәңгілік Ел». «Жизнь народа прирастает с каждым следующим его поколением. Поэтому нет мечты выше, чем мечта о Вечности Народа. Мәңгілік Ел – это идея, которая открывает завтрашний день, выражает веру в будущее, это символ необратимой и прочной стабильности...» озвучил Президент РК Н. А. Назарбаев в своем выступлении на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан.

В патриотическом акте «Мәңгілік ел» представлена казахстанская национальная идея, в основе которой лежат все ключевые ценности, о которых мечтали наши отцы, наши предки. Нашему подрастающему поколению предстоит сохранить наши ценности и строить будущее страны. Воспитание казахстанского патриотизма является неотъемлемой частью сохранения духовности и культуры народа.

Это предполагает необходимость формирования у граждан, и прежде всего у подрастающего поколения, высоких нравственных, морально-психологических и этических качеств, среди которых большое значение имеет патриотизм, гражданственность, ответственность за судьбу Отечества и готовность к его защите.

В соответствии с «Государственной программой развития образования РК на 2016- 2019гг.» и законом Республики Казахстан «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» для лиц с особыми образовательными потребностями предусматривается более глубокая дифференциация обучения, которая возможна только с учетом индивидуальных особенностей детей.

Учащиеся с нарушенным слухом представляют собой сложную гетерогенную группу, характеризующуюся разной степенью и характером нарушения слуха, временем его возникновения, разнородным уровнем речевого и психофизического развития, наличием дополнительных отклонений развития.

Известно, что даже незначительное снижение слуха, возникшее у ребенка в раннем возрасте, может отразиться на его последующем развитии и формировании целого ряда моральных норм и принципов.

В условиях семейного воспитания ребенок усваивает привычки правомерного поведения, а также первичные навыки социальной деятельности, но формирование правового сознания и гражданственности происходит в школе во время учебной деятельности и во внеурочное время.

Педагоги школы должны играть важную роль в реализации программы «Мәңгілік ел», озвученной Президентом, а воспитатели интернатных учреждений в первую очередь ответственны за продвижение национальной идеи среди подрастающего поколения.

Задача воспитателя заключается в воспитании у детей с ограниченными возможностями слуха гражданских и духовных ценностей, стоящих в основе национальной идеи - Семь незыблемых основ Мәңгілік Ел. Это высокая гражданская ответственность, высокая духовность личности сочетающейся с воспитанием интернационализма, межнационального согласия в духе толерантности. При комплексном подходе к личности неслышащего ребенка в специальной (коррекционной) школе-интернате возможно достижение высших форм компенсации, выражающихся в создании возможности всестороннего развития учащихся. Оно предполагает овладением на основе языка слов знаниями основ наук, формировании научного мировоззрения, позволит максимально полно интегрироваться и адаптироваться детям с нарушениями слуха в современном обществе.

Внеклассные занятия выполняют целый комплекс задач, направленных на осуществление требований программы и коррекцию недостатков развития детей. Это образовательные, воспитательные и коррекционные задачи. Для их реализации воспитатель использует различные формы и методы обучения. С целью повышения эффективности занятий используются наглядные, практические методы в сочетании со словесными методами работы. Но их использование имеет свою специфику и должно соответствовать психофизическим возможностям учащихся, уровню речевого развития и предшествующей подготовки. От педагогов требуется творчески переработать содержание учебного материала, адаптировать его к возрасту, чтобы в доступной для неслышащих детей форме использовать его во время учебно-воспитательного процесса.

Огромные возможности для реализации задач национальной идеи Мәңгілік Ел, поставленных в послании Президента РК, предоставляет внеклассная работа в разнообразных формах, проводимая воспитателями школы-интерната для детей с нарушениями слуха: краеведение, чтение книг, просмотр художественных и документальных фильмов, телепередач, встреч с известными людьми (ветеранами, тружениками тыла) и т.д. Использование технических средств обучения (ТСО) позволяет познакомить неслышащих учащихся с окружающим миром во всем его многообразии и развитии. Показать отдельные фазы этого развития, выделить в сложном многообразии те

или иные элементы, раскрыть их диалектические связи и закономерности. В результате создаются условия для обучения учащихся умению анализировать, сравнивать и обобщать изучаемый материал, устанавливать причинно-следственные связи, рассуждать. Воспитание патриотических качеств личности у неслышащих школьников, осуществляется воспитателем, опираясь на тематическое планирование во время бесед.

В процессе беседы учащиеся с нарушениями слуха учатся задавать вопросы, выясняя и уточняя содержание увиденного. В средних классах рекомендуется проводить беседы о правах и обязанностях граждан, проживающих в Республике Казахстан, о законодательстве с привлечением примеров из жизни, книг, газет, журналов, художественных и документальных фильмов.

Подобные беседы очень интересуют школьников. Важно чтобы учащиеся знали не только о правах, но и об обязанностях перед обществом. Понятия чести, долга, ответственности за порученное дело рассматриваются с разных сторон. Образ жизни, быт, культурные и трудовые традиции, история родного края, окружающая природа исподволь, незаметно накладывают отпечаток на характер, чувства, поступки неслышащих учащихся. Воспитывают любовь к земле, на которой родились и живут, чувство гордости за свой народ и как высшую ценность - любовь к Родине. Рассказы о традициях и обычаях казахского народа, об открытиях в различных областях науки, о достижениях спортсменов, все служит выработке чувства гордости за свой народ и свою Родину. На занятиях по игровой, изобразительности, внеклассному чтению обогащается предметный словарь детей новыми понятиями: Отечество, Родина, армия, войска. Пополняется словарь качественных признаков: бесстрашные, геройские, смелые, отважные. Глагольный словарь: защищать, воевать, стрелять, заряжать. Уточняется словарь наречий: смело, метко, быстро, решительно, настойчиво. Ребята заучивают стихотворения к различным общешкольным праздникам. Воспитатель на своих занятиях объясняет детям смысл казахских пословиц и поговорок о храбрости и героизме воинов. Наши школьники участвуют в тематических конкурсах: «Памятники культуры и архитектуры города Петропавловска», «Большая дружная страна», «Язык-душа нации», «Под единым шаныраком», рисуют, занимаются моделированием.

Казахские национальные игры, флешмобы и общешкольные дни здоровья воспитывают силу, ловкость, развивают морально – волевые качества, выносливость, стойкость, дисциплинированность, учат любить каждый уголок родной земли. Участие в соревнованиях по различным видам спорта, турнирах на городском стадионе, в районных и областных спартакиадах дают возможность ребятам не только посмотреть на выдающиеся достижения своих земляков - казахстанцев, но и показать свою силу духа, сноровку, закалку.

Различные конкурсы знатоков родного края, КВН, викторины, устные тематические журналы, беседы, вечера проводятся с целью выявления и развития интересов учащихся, закрепления знаний о родном крае,

стимулировании познавательной активности школьников с нарушениями слуха, воспитания бережного отношения к историческому и культурному наследию.

Без любви к Отечеству и уважению к его истории и культуре невозможно воспитать гражданина и патриота, сформировать у ребёнка чувство собственного достоинства, привить ему положительные качества. А при неполноценном слуховом восприятии оказывается сложным достаточное накопление словарного запаса и овладение в полной мере понятиями: высокая гражданская ответственность, духовность личности, сочетающаяся с воспитанием интернационализма, межнационального согласия в духе толерантности. Таким образом, на своих внеклассных занятиях воспитателю необходимо донести до сознания неслышащих учащихся, что они сами являются настоящими патриотами родного края, будущим страны. Вся система гражданско-патриотического воспитания по реализации национальной идеи Мәңгілік Ел в школе-интернате призвана обеспечить формирование у школьников с нарушениями слуха активной жизненной позиции, государственного мышления, выработку навыков и привычек действовать в соответствии с общенациональными интересами Республики Казахстан, стать настоящим патриотом своей страны.

В одном из своих выступлений Президент страны Н. А. Назарбаев сказал замечательные слова: «Я часто спрашиваю себя, каким он будет «казахстанец будущего!». Сегодня, глядя на вас, я вижу его. Его глаза должны гореть жадной новых знаний. Его ум должен быть отточен, для решения самых сложных задач. Его сердце должно пылать беззаветной любовью к Родине». Эти слова главы государства лучше всего характеризует настоящего патриота Республики Казахстан.

Список используемой литературы:

1. Послание Президента РК народу Казахстана Н.А. Назарбаева «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17.01.2014 г.
2. Послание Президента РК народу Казахстана Н.А. Назарбаева «Нұрлы Жол – Путь в будущее» от 11.11. 2014 г.
3. Патриотический Акт – Мәңгілік Ел. XXIV сессия Ассамблеи Народа Казахстана, г. Астана , 26 апреля 2016 г.
4. Бижанов А. Казахстанский патриотизм: проблемы и решения. Казахстанский патриотизм: Проблемы становления. – Алматы, 1997г.

**ВНЕКЛАССНОЕ МЕРОПРИЯТИЕ «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ
СИМВОЛЫ-СИМВОЛЫ НЕЗАВИСИМОСТИ»
(ДЛЯ 5-7 КЛАССОВ)**

*Бестик И. В.,
Ушакова Л. И.*

Цель: проведение внеклассного мероприятия для учащихся среднего звена в рамках празднования 25-летия Независимости Республики Казахстан.

Задачи:

1. Формировать у учащихся среднего звена патриотизм, миролюбие, углубить и расширить знания и представления учащихся о Казахстане. Закрепить знания учащихся о государственных символах Республики Казахстан, о символах независимости.

2. Развивать творческие способности учащихся, развивать интерес и желание больше узнать о родном крае, об истории Казахстана.

3. Воспитывать чувство гордости за свою страну, свой народ.

4. Развивать речевое общение, расширять словарный запас.

Оборудование: мультимедийная установка, презентация, карточки с заданиями, таблички, ручки, эмблемы для капитанов, названия команд.

Предварительная работа: прочтение на внеклассном чтении пословиц о Родине и стихов о Казахстане; ознакомление и закрепление символики РК; звездочки, изготовление карточки для игр, презентации и сценария мероприятия.

Ход мероприятия:

Ведущий 1: Здравствуйте, дорогие ребята и уважаемые педагоги! Сегодня мы проведём интеллектуальную викторину, посвященную государственным символам Республики Казахстан, символам Независимости.

Ведущий 2: Наша страна – Республика Казахстан. Широко раскинулась она под ярким солнцем. Здесь есть и бескрайние степи, и высокие горы, и глубокие озера, и бурные реки. В полях колосится пшеница. В садах зреют ароматные яблоки. Поют звонкую песню родники. В городах и аулах Казахстана живут люди разных национальностей. Наш Северный Казахстан отмечал в этом году свой 80-летний юбилей.

Ведущий 1: Сегодня мы проверим вас, как хорошо вы знаете о своей Родине. Мы разделили вас на три команды для участия в интеллектуальной викторине: «Юные патриоты» (5 класс), «Знатоки Казахстана» (6 класс) и «Ұлы Отан» (7 класс). Вы должны будете показать свои знания и эрудицию! Желаем всем командам удачи!

Ведущий 2:

Час викторины наступает,
И каждый сам себе желает,
Все знания в русло верное ввести,
Решением своим друзей не подвести.

Ведущий 1: Вы будете отвечать на вопросы, выполнять различные задания, а за каждый правильный ответ вы будете получать баллы. В конце викторины мы узнаем, кто из ребят среднего звена лучше всех знает о своей Родине.

Ведущий 2: Нашим гостям предлагаю стать жюри и справедливо оценивать наши команды. А в жюри у нас сегодня:

Ведущий 1: И первый тур нашей интеллектуальной викторины называется «Пословицы о Родине». Каждая команда должна составить по 2 пословицы о Родине.

Тур 1

Дидактическая игра «Пословицы о Родине»

Учащимся раздаются карточки с пословицами, которые нужно составить.

1 команда «Юные патриоты»

Если дружба велика - будет Родина крепка!
Родимый край для каждого рай.

2 команда «Знатоки Казахстана»

Береги землю родимую, как мать любимую.
Где человек родился, там и пригодился.

3 команда «Ұлы Отан»

Одна у человека мать – одна у него и Родина!
Если народ един, он непобедим.

Ведущий 1: Молодцы, ребята. Вы хорошо справились с этим заданием. Республика Казахстан – древняя и молодая земля. Она любима нами с детства и на всю жизнь. Как хорошо, что мы живём с вами в Казахстане. Мы все граждане своей страны. Родина защищает нас и заботится о нас. Казахстан - это наш общий дом.

Ведущий 2: Во 2 туре нашей интеллектуальной викторины команды должны разгадать сканворд «Мой Казахстан». Та команда, которая первой отгадает сканворд, должна правильно назвать ключевое слово.

Тур 2

Сканворд «Мой Казахстан»

			А	С	Т	А	Н	А					
П	Р	Е	З	И	Д	Е	Н	Т					
		Д	О	М	Б	Р	А						
			З	В	Е	З	Д	А					
			К	О	Н	С	Т	И	Т	У	Ц	И	Я
С	А	У	К	Е	Л	Е							

1. Столица нашей Родины? (Астана)
2. Н.А. Назарбаев - это (Президент)
3. Казахский музыкальный инструмент (домбра)

4. Что является высшей точкой Герба РК, его завершением? (звезда)

5. Как называется Основной Закон нашего государства?
(Конституция)

6. Казахский головной убор невесты. (саукеле)

7. Какую часть юрты передавали по наследству? (шанырак)

Ведущий 2: Какое ключевое слово у вас получилось?

Дети: Символы.

Ведущий 2: Ребята, назовите государственные символы Республики Казахстан.

Дети: Герб, гимн, флаг.

Ведущий 1: А когда были утверждены новые государственные символы Республики Казахстана?

Ответы детей.

Ведущий 1: Новые государственные символы независимого Казахстана были утверждены 4 июня 1992. Этот день навсегда останется в истории страны как день рождения новой государственной символики.

А мы переходим к 3 туру нашей интеллектуальной викторины. Капитаны выберут карточки для своей команды. Каждая команда должна ответить на вопросы об одном из государственных символов.

3 тур

Познавательный тест «Символы Независимости РК»

Флаг

1. Какого цвета флаг нашей страны? (голубой)
2. Что символизирует голубой цвет нашего флага? (честность, верность, все перечисленные)

3. Что изображено на флаге? (беркут)

4. Кто является автором флага РК? (Шакен Ниязбеков)

5. Символом чего является беркут, изображенный на государственном флаге Республики Казахстан? (символ свободы)

6. В какой стране впервые появился Флаг? (Китай)

Герб

1. Какую форму имеет герб РК? (круг)

2. Что изображено в центре Государственного герба РК? (шанырак)

3. Кто является автором Государственного герба Республики Казахстан? (Жандарбек Малибеков и Шот-Аман Уалиханов)

4. Что символизирует на Гербе шанырак? (семейное благополучие)

5. Как назывался у казахов знак рода, синонимом герба? (тамга)

6. Как называются крылатые кони на гербе РК? (тулпары)

Гимн РК

1. Кто является автором музыки к Гимну РК? (Шамши Калдаяков)

2. Назовите авторов текста Гимна РК? (Жумекен Нажимеденов, Нурсултан Назарбаев)

3. Где впервые и когда прозвучал новый Гимн РК? (на инаугурации Президента в феврале 2006 года)

4. Как переводится с греческого слово «гимн»? (торжественная песнь)

5. Какая популярная в народе патриотическая песня стала основой нового гимна? («Менің Қазақстаным» («Мой Казакстан»)).

6. Сколько раз в истории независимого Казахстана утверждался государственный гимн страны? (дважды)

Ведущий 1: Ребята, вы хорошо знаете государственные символы нашей Родины. А сейчас мы поговорим о городах Казахстана. В Казахстане статус города имеют 87 населенных пунктов.

Ведущий 2:

Ребята, как вы думаете, какие города Казахстана являются самыми древними?

Ответы детей.

Ведущий 2: Самыми древними городами являются Тараз, Шымкент и Туркестан.

Ведущий 1: А какой город в Казахстане самый большой по численности населения?

Ответы детей.

Ведущий 1: Правильно, самый большой город в Казахстане – Алматы. В нем проживает около 1700000 человек.

Ведущий 2: Ребята, в 4 туре вы должны угадать, какие города Казахстана зашифрованы в нашем филворде. Победит та команда, которая первая правильно назовёт все города.

4 тур

Филворд «Города Казахстана»

Командам раздаются карточки с филвордом и дети угадывают.

Ы						
К						
А						
Р						
А						
Г	А	Н	З	А		

Правильный ответ: Караганда, Алматы, Тараз, Петропавловск, Темиртау, Павлодар.

Ведущий 2: Мы с вами живём с вами в свободной независимой стране. Ребята, когда мы празднуем День Независимости Республики Казахстан?

Дети: 16 декабря.

Ведущий 2: Сколько лет Независимости Казахстана исполняется в этом году?

Дети: 25 лет Независимости Казахстана.

Ведущий 1: А для участия в следующем туре нашей интеллектуальной викторины мы приглашаем капитанов команд. Конкурс для капитанов называется «Блиц-опрос». За каждый правильный ответ команде ставится балл.

5 тур

Конкурс для капитанов «Блиц-опрос»

1. Какую область Казахстана называют «Край белых берёз»? (СКО)
2. Как называется главный город Казахстана? (Астана)
3. В каком городе находится космодром? (Байконур)
4. Назови первого казахстанского космонавта? (Тохтар Аубакиров)
5. Какое традиционное блюдо готовят на Наурыз? (Наурыз–коже)
6. Национальный напиток казахов. (Кумыс)
7. Сколько лет Независимости Казахстана исполняется в этом году? (25 лет).
8. Когда отмечается день Благодарности? (1марта).
9. Чьё имя носит Дворец спорта в Петропавловске? (Винокуров).
10. Национальная валюта Казахстана (Тенге).
11. Национальное жилище казахов. (Юрта).
12. Хитрый и веселый герой казахских народных сказок. (Алдар Косе).

Ведущий 1: Молодцы, наши капитаны. Не подвели свои команды. 26 апреля 2016 года на XXIV сессии Ассамблеи Народов Казахстана был принят Патриотический акт «МӘНГІЛІК ЕЛ».

Ведущий 2: XXIV сессия Ассамблеи Народов Казахстана прошла в Астане под председательством Президента РК, Председателя Ассамблеи Нурсултана Назарбаева.

Ведущий 1: Мәңгілік Ел – это Общенациональное единство, мир и согласие. У нас одна Родина – Независимый Казахстан, у нас одна страна – одна судьба. Народ, который верен великому делу мира и согласия, будет существовать тысячелетиями.

Ведущий 2: И у нас остался последний тур нашей интеллектуальной викторины «Символы моей Родины». Вы должны угадать ребусы.

6 тур

Ребусы «Символы моей Родины»

Команды должны угадать по 2 ребуса.

Правильный ответ: Родина, герб, Байтерек, гимн, Астана, Байконур.

Ведущий 1: А сейчас слово предоставляется нашему уважаемому жюри.

Слово жюри.

Ведущий 1: Пусть будет сильна наша единая нация – Мәңгілік Ел!
Пусть будет благословенна вечная земля Казахстана – Ұлы Дала Елі!
Алға, Қазақстан!

Ведущий 2: Велика и прекрасна наша Родина - Республика Казахстан!
Любите её, берегите и приумножайте её богатства! Ведь всем вам предстоит жить и работать в этой прекрасной стране!

РОЛЬ ПЕДАГОГА ПО ВНЕДРЕНИЮ ЦЕННОСТЕЙ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» В УЧЕБНО – ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС. ЭССЕ

Валиева Б. Е.

КГУ «Казахская школа- гимназия»

г. Петропавловск

3b.valieva@mail.ru

Воспитание казахстанского патриотизма является неотъемлемой частью сохранения духовности и культуры народа. И мы, учителя, должны играть не последнюю роль в реализации программы «Мәңгілік Ел», которая была озвучена Президентом.

Сейчас в школах современности особую значимость приобретает гражданско – патриотическое воспитание учеников, возрастает роль организации образования в воспитании юных граждан Республики Казахстан.

Проводимые мною внеклассные мероприятия, классные часы, родительские собрания, открытые уроки в школе, я считаю, являются импульсом для учебно – воспитательной работы с учётом общенациональной идеи «Мәңгілік Ел».

Патриотический Акт «Мәңгілік Ел» – замечательная возможность продолжить системную работу по воспитанию чувства гордости и глубокого уважения к национальному наследию (традициям, обычаям, культуре), сопричастности к общим целям страны, формированию у учащихся ценностного отношения к своей Родине. Детские годы - благоприятный период для развития интеллекта, мотивации к образованию, формирования стремления быть полезным людям, своей малой родине, стране не только в школе, но и на протяжении всей жизни. Гражданственность и патриотизм, прежде всего, связываются с тем местом, где человек родился, где проходит его сознательная жизнь. Чем полнее и содержательнее получены знания о родном крае, его людях, его прошлом и настоящем, тем более эффективно будет решаться одна из главных задач – воспитание гражданина, который уважает и почитает традиции своего народа, гордится его материальной и духовной культурой. На занятиях особые акценты я делаю на разъяснение учащимся гуманистических ценностных ориентиров нашего народа: почитание женщины-матери, уважение к старшим, трудолюбие, стремление жить в гармонии с социумом и природой .

Вся проводимая мною работа в духе общенациональной идеи «Мәңгілік ел» направлена на формирование человека образованного, обладающего развитыми лидерскими качествами, готового самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способному к сотрудничеству и межкультурному взаимодействию, обладающего чувством ответственности за судьбу своего народа.

Патриотизм – это чувство, которое живет в человеческом сердце, мерцающая неугасимой искрой, готовая разгореться решительным пламенем в трудный для любимого Отечества час.

Быть патриотом своей Родины - это знать свои права и обязанности, быть трудолюбивым, поддерживать достойный уровень своей жизни, соблюдать традиции и обычаи своих предков и тогда подрастающее поколение будет гордо нести голубое знамя Республики Казахстан - к процветанию и благополучию единого народа страны, к новым вершинам.

КРАТКОСРОЧНЫЙ ПЛАН КЛАССНОГО ЧАСА ДЛЯ 3 КЛАССА НА ТЕМУ: «Я – ПАТРИОТ»

Горшкова О. В.
КГУ «Гимназия № 4»
г. Актау, Мангистауская область

Школа: КГУ «Гимназия №4»	
Дата: «2» сентября 2017г.	ФИО учителя: Горшкова Ольга Валентиновна
Класс: 3 «В» класс.	Количество присутствующих: 32 отсутствующих: 0
Тема классного часа:	«Я – патриот»
Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на Инструктивно-методическое письмо 2017-2018г.):	
Воспитание ученика-патриота, владеющего системой ценностей и идеалов Нового Казахстанского Патриотизма, умеющего реализовать себя в обществе и быть полезным для своей страны.	
Цели урока:	• Содействие усвоению учащимися понятий «национальные символы, базовые ценности, новый казахстанский патриотизм.
Критерии оценивания	• Учащиеся объясняют, что такое государственные символы. • Учащиеся определяют свое место в обществе.
Языковые цели	Учащиеся будут использовать следующие термины и словосочетания: государственные символы, патриотизм.

Воспитание ценностей	Ценности, основанные на национальной идее «Мәңгілік ел»: казахстанский патриотизм и гражданская ответственность; уважение к товарищам; умение работать в группе; труд и творчество; образование в течение всей жизни.	
Межпредметные связи	Художественный труд. Дети рисуют и раскрашивают.	
Навыки использования ИКТ	На данном уроке учащиеся не используют ИКТ	
Предварительные знания	Дети знают государственные символы.	
Ход урока		
Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока	<p>Эмоциональный настрой. Урок открывается Государственным гимном Республики Казахстан. - Когда исполняется Гимн? Как нужно вести себя при исполнении Гимна?</p> <p>Коллективная работа. - Как называется наша страна? (Казахстан) - Какой город в нашей стране самый главный? (Астана) - У каждой страны есть свои символы: свой гимн и флаг, свой герб. - Кто из вас видел флаг Казахстана? А где его можно увидеть? - Из каких цветов он состоит? (учитель показывает флаг) - А ещё у нашей страны есть герб и гимн (показ герба). Герб – это тоже символ государства. - А где можно увидеть герб? - Где вы слышали гимн? - Гимн – это торжественная песнь. Он звучит в очень торжественные моменты - Земля, Казахстан, Астана – это наш дом. А можем ли мы сказать, что наш дом – это город, в котором мы живём? - С 1961 по 1963 пос. Актауский, город Актау. С 1963 по 13 сентября 1991 года город назывался Шевченко, в честь украинского поэта Тараса Шевченко, находившегося в середине XIX века в</p>	

	<p>ссылке в Казахстане. Является промышленным городом.</p> <p>- Что вы должны делать, чтобы город наш процветал?</p> <p>- Какие вы чувства испытываете к своему городу, стране? Такой человек называется патриотом.</p> <p>Вывод: все мы граждане. Граждане школьники должны учиться, а граждане взрослые – должны работать и помогать школьникам учиться.</p>	
Середина урока	<p>Задание (работа в группах). Учащиеся самостоятельно составляют синквейн приблизительно следующего содержания: Патриот Высоконравственный, ответственный Трудится, творит, борется Любит свою Родину Гражданин.</p> <p>Оценивание: после выступления детей группа получает звездочку(прием «Звездочки»).</p> <p>- А что вы знаете о нашем городе, мы проверим, выполнив дифференцированное задание.</p> <p>Дифференцированное задание. (Задание дается по желанию детей). Конкурс-выставка рисунков «Мой город Актау вчера-сегодня-в будущем», сопровождающийся защитой.</p> <p>1 уровень. Конкурс-выставка рисунков «Прошлое моего города Актау».</p> <p>2 уровень. Конкурс-выставка рисунков «Настоящее моего города Актау».</p> <p>3 уровень. Конкурс-выставка рисунков «Будущее моего города Актау».</p> <p>Оценивание: после выступления детей группа получает звездочку (прием «Звездочки»).</p>	<p>Лист А4, маркеры</p> <p>Жетоны в виде звездочек.</p> <p>Лист А3, маркеры</p> <p>Жетоны в виде звездочек.</p>
Конец урока	<p>- Подсчитайте звездочки в группах. Что можете сказать о работе групп, у кого много звездочек? Давайте их похвалим аплодисментами (прием «Аплодисменты»). Я думаю, что на следующем уроке звездочек у всех будет много.</p> <p>Рефлексия. Прием «Облако тегов». Закончите предложение. Я познакомился с ... У меня получилось ... Мне запомнил ... Мне понравилось ...</p>	

<u>Дифференциация</u>	<u>Оценивание</u>	<u>Здоровье и соблюдение техники безопасности</u>
<p>Дифференцированное задание. (Задание дается по желанию детей)</p> <p>1 уровень Конкурс-выставка рисунков «Прошлое моего города Актау».</p> <p>2 уровень. Конкурс-выставка рисунков «Настоящее моего города Актау».</p> <p>3 уровень. Конкурс-выставка рисунков «Будущее моего города Актау».</p> <p>Дополнительные задания. Нарисуйте любимое место отдыха в городе Актау.</p>	<p>Как Вы планируете проверить уровень усвоения материала учащимися?</p> <p>Устная презентация учащихся (прием «Звездочки»).</p> <p>Подведение итогов в конце урока (подсчет звездочек) (прием «Аплодисменты»).</p>	<p>Физминутка</p> <p>Раз, два, три, четыре, пять Руки в стороны и с силой к плечам.</p> <p>Будем кирпичи таскать. <i>Наклоны.</i></p> <p>Построим дом до небес. <i>Поднимаются на носочках.</i></p> <p>И поселимся все в нем. <i>Приседают пять раз.</i></p> <p>И очень дружно заживем. Ура! <i>Кричат, подняв руки вверх.</i></p>

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Елешова А. И.

№34 «Балбұлақ» бөбекжайының әдіскері

Орал қаласы

almash_islambek@mail.ru

«Мәңгілік Ел» тақырыбы осыдан үш жыл бұрын (2014ж) «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты кезекті жолдауында сөз болып, Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы «.. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті..» деп атап көрсетті. Осы жолдауында «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісін әзірлеп, қабылдауды ұйымдастыруды тапсырған болатын.

Елбасы тапсырмасына сәйкес, 2016 жылы «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында қабылданды.

Міне, содан бері тәуелсіз еліміздің нығаюы мен дамуында жоғары маңызы бар, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелейтін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы кең қамтылып, болашағы біртұтас Мәңгілік Елді құру жолында бүкіл қазақстандық жұмыла жұмыстанудамыз.

Мәңгілік ел болашағы – бүгінгі балалар. Балаларымызды елжанды, рухты, Отансүйгіш, патриот етіп тәрбиелеу – мектепке дейінгі кезеңнен басталады. Әр аптаның басында кішкентай қолдарын жүректеріне қойып «Менің Қазақстаным!» деп әнұран шырқайтын бөбекжай тәрбиеленушілерінің бойына, жүргізіліп жатырған тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарының барлығында ұлттық құндылықтарымызды ұғындырып, салт-дәстүр мен патриотизмді сіңіру міндеттелінеді.

Бұл тұрғыда мектепке дейінгі ұйымдарға арналған ««Мәңгілік Ел» мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеу бойынша ұлттық идея мәнмәтініндегі» әдістемелік ұсынымды («Мектепке дейінгі балалық шақ» РО Астана 2016) басшылыққа алып отырмыз.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінде Патриоттық актіде көрсетілген - Тәуелсіздік, Астана, Бірлік, Бейбітшілік, Келісім сынды қарапайым ұғымдарды әр оқу қызметтерінде, мерекелік ертеңгілік, ойын-сауық, танымдық сағаттарда түсіндіре отырып, рухани-адамгершілік тәрбиені бесік жыры, батырлар жыры, ертегі, жұмбақ-жаңылтпаш, мақал-мәтел, ұлттық ойындар арқылы сана-сезімдеріне жеткізуге тырысу қажет. Бұл тұрғыда тәрбиешілердің атқаратын ісі көп.

Балабақшада тәрбиешілерден өзге, орыс тілі мұғалімі, ағылшын тілі, бейнелеу өнері, саз жетекшілері, дене шынықтыру нұсқаушылары, компьютерлік сауаттылыққа үйрету тәрізді арнайы пән мұғалімдері жұмыстанады. Пән мұғалімдерінің қызметінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясындағы құндылықтарды меңгерту көзделіп, перспективалық жұмыс жоспарына міндетті түрде патриоттық тақырыптарды алып, тиімді ұйымдастырған жөн.

№	Іс-шара атауы	Уақыты	Жауапты
1	ҚР Мемлекеттік Әнұранының салтанатты түрде орындалуы	Әр дүйсенбі	Саз жетекшілері Топ тәрбиешілері
2	ҚР 2016 жылғы 1 қыркүйек Білім күніне арналған «Мен-өз елімнің патриотымын!» Бірыңғай Білім сабағын ұйымдастыру	1-қыркүйек	Ортаңғы топ тәрбиешілері
3	«Ата-бәйтерек, бала-жапырақ» ашық оқу іс-әрекеттері	Қыркүйек	II кішілер тобы тәрбиешілері
4	Қ.М.Әлі атындағы Батыс Қазақстан облыстық мәдениет және өнер орталығына саяхат	Қазан	Әдіскер Топ тәрбиешілері
5	«Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі негіздерін енгізу бойынша педагогтарға кеңес беру	Қазан	Әдіскер

6	«Менің жанұям» отбасылық сайыс	Қараша	Дене шынықтыру нұсқаушылары
7	Бөбекжай ата-аналарын «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі негіздерінде мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бойынша «отбасы.kz» порталына тіркелуді, қажетті ақпараттар алуды ұйымдастыру	Жыл бойы	Директор Әдіскер Тәрбиешілер
8	«Елін сүйген Елбасы» Тұңғыш Президент күніне арналған танымдық іс-шара	Қараша	Саз жетекшілері Ортаңғы топтары тәрбиешілері
9	«Тәуелсіздік - ел тілегі» ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған мерекелік ертеңгілік	Желтоқсан	Әдіскер Саз жетекшілері Топ тәрбиешілері
10	«Ертеңім деп ән саламын» (ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған патриоттық әндер байқауы)	Желтоқсан	Саз жетекшілері Ортаңғы топтары тәрбиешілері
11	Қалалық өлкетану мұражайына саяхат	Ақпан	Әдіскер Топ тәрбиешілері
12	«Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі негіздерін тәрбиелеу және білім беру үдерістеріне енгізу, ұйымдастыру бойынша бөбекжай педагогтары үшін кезектен тыс семинар жұмысы	Ақпан	Әдіскер Тәрбиешілер Пән мұғалімдері
13	«Ұлттық спорт ойындары» спорттық ойын-сауық	Наурыз	Дене шынықтыру нұсқаушылары
14	«Армысың, әз Наурыз» 22-наурыз мерекесіне арналған мерекелік ертеңгіліктер	Наурыз	Әдіскер Саз жетекшілері Топ тәрбиешілері
15	1-мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған «Бір шаңырақтың астында» балалар шығармашылығының фестивалі	Мамыр	Әдіскер Саз жетекшілері Топ тәрбиешілері

Жалпыұлттық идеяны жүзеге асыруда пән мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін үнемі арттырып, тәрбиелеудің түрлі инновациялық технологияларын меңгерту, жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдалануға бағыттау, әр түрлі тақырыптағы педагогикалық кеңестер өткізу, т.б. жұмыстар жан-жақты жоспарлануы керек деп есептеймін.

Қорыта келгенде, Мәңгілік Елдің балаларын тәрбиелеуде мектепке дейінгі ұйымдарындағы пән мұғалімдерінің де атқаратын қызметтері шексіз дегім келеді. Еліміздің «Мәңгілік Елге» айналуына білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлесі орасан зор.

ТӘРБИЕ САҒАТТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «ҚАЗАҚ ЕЛІ -МЕНІҢ ОТАНЫМ!»

Есмуканова А. С.
ҚММ "Қазақ мектеп-гимназия"
Петропавл қ.
alia.avangard@mail.ru

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының өзіндік тарихы, мәдениеті, рәміздері бар тәуелсіз ел екенін түсіндіріп, ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу.

Сабактың көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы, рәміздер, нақыл сөздер, суреттер т.б.

"Тәрбие – қиын іс, тәрбиеге жағдай жасау – әр адамның ең елеулі борыштарының бірі.

Тәрбие ошағы - мектеп.

Тәрбиенің ауданы кең, түбі терең.

Тәрбие болмаған жерде шын ақылды,
мәдениетті өмір де болмақ емес..."

Жүру барысы:

Музыка ойналып тұрады.

Мұғалімнің сөзі:

- Құрметті ұстаздар, оқушылар!

- Сіздерді еліміздің ең үлкен мерекесі Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Қазақтың батыры Бауыржан Момышұлы кезінде «Отан үшін отқа түс-үймейсің» деген. Өйткені Отан- қасиетті ұғым. Отанымызға, туған халқымызға адал қызмет ету – біздің азаматтық борышымыз. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні қазақ тарихына алтын әріппен жазылды.

Аңсап халық көп күткен

Егеменді ел болдық

Көңіл – күйі тоқ жұртпен

Тереміз тең болдық

Асқақтатып саз, әнге

Сал өнерпаз кіл дүлдүл.

25 – і қазанның

Республика күні бұл!

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.
сөзі: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев
әні: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар .
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

1- оқушы.

Қасиетті Қазақстаным, мекенім,
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.
Елім, Жерім, Отаным, бақ-дәулетім,
Болашағым, өнер- білім, өркенім.

2- оқушы.

Қазақстаным, қастерлі мәңгі дастаным,
Парақтап сені киенді түсіне бастадым.
Сен менің арым, бағым, барымсың,
Халқыма әр күн бейбіт болсын аспаның!

3- оқушы.

Желтоқсаннан бастау алған теңдігі,
Қазағымның өркендеді елдігі.
Құрбан болған Тәуелсіздік жолында,
Ағалардың ұмытылмас ерлігі.

4- оқушы.

Бірде шырқап, бірде төмен құлаған,
Өмір жолы болған қиын бұралаң.
Қазағымды жарқын жолға бастады
Елбасы боп сайланды да Нұр ағам.

5- оқушы.

Естімейік енді елдің жылағанын,
Қайта құлап, бостандық сұрағанын.
Абылайдың жолымен алға басқан,
Құт болсын «нұрлы жолы» Нұр ағаның.

6- оқушы.

Биіктей бер, Нұр аға,
Қыран қанат талмасын.
Қадірлемей тұра ма,

Халық сіздей тұлғасын.

7- оқушы.

Гүлдене бер, Отаным,
Көтерген туын Нұр ағам!
Көбейткен достың қатарын,
Нұр аға – біздің ұлы адам.

8- оқушы.

Ел басқарған Нұрсұлтандай ағам бар,
Көк алқапты жасыл жайлау далам бар.
Ел бірлігін, ел тірлігін тілеген,
Ақ ниетті халық деген данам бар.

Мұғалімнің сөзі:

- Тәуелсіз ел болу, тұңғыш президенттің сайлануы, осы тұлғаның арқасында Қазақстанның бүкіл әлемге танылуы, шашылып кеткен қандас бауырларымыздың тарихи Отанына шоғырлана бастауы, Астана қаласының сәулеттене түсуі – бәрі, бәрі тәуелсіздігіміздің әр күні емес, әр сағаты жаңалыққа, игі істерге ұласып жатқанының айқын дәлелі.

- Қазақ елінің жарқын болашағы, халықтарының бірлігі және бейбіт өмірі президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолында.

Ән : «Үш қоңырым»

Тәуелсіздіктің жемістері:

9- оқушы. 1991 жылы еліміз тәуелсіз мемлекет болып жарияланды.

10- оқушы. 1992 жылы 4 маусымда еліміздің рәміздері қабылданды.

11- оқушы. 1993 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының ұлттық ақшасы теңге айналымға енді.

12- оқушы. 1995 жылы 30 тамызда Ата Заңымыз бірауыздан қабылданды.

13- оқушы. 1996 жылы еліміздің астанасы Ақмола қаласына көшіріліп, 1997 жылы Астананың тұсаукесер тойы болды.

Мұғалімнің сөзі:

Туым- теңдігім,

Елтаңбам- елдігім,

Әнұраным- айбыным! – демекші, тәуелсіз еліміздің көк байрағы,
елтаңбасы мен әнұраны бар.

Көк байрақ иілемесін, жығылмасын,

Көзге жас, кеудеге өксік тығылмасын.

Тұрғанда көкшіл Туың көкті тіреп,

Қазағым, сен қашанда тұғырдасың!

8 – сынып оқушылары еліміздің рәміздері туралы айтып береді.

Ортаға әрбір сыныптан оқушылар шығарылып, сұрақтарға жауап береді.

Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Заң қашан қабылданды?

(1990 жылы 25 қазанда)

2. Тіл туралы Заң қашан қабылданды?
(1997 жылы 11 шілдеде)
- 3) Астана Қазақстанның нешінші астанасы? (2)
- 4) Алтын адам қай жерден табылған? (Есік қаласынан)
- 5) Қазақтың тұңғыш романы (М. Дулатов «Бақытсыз Жамал»)
- 6) Қазақ театры қашан ашылды? (1926 жылы)
- 7) Ең тұңғыш көркем фильм. (Аманкелді)
- 8) Парижге барып ән салған әнші кім? (Әміре Қашаубаев)
- 9) «Жеті жарғының» негізін салған хан кім? (Әз Тәуке хан)
- 10) Қазақ хандығы қай ғасырда құрылды? (XV ғасыр)

Мұғалімнің сөзі:

- 1995 жылы Республика Президентінің ұсынысымен 30 тамызда өткен бүкілодақтық референдум Қазақстан халқының жаңа конституциясын қабылдады.

Өркендедік, ел болдық та кемелді,
Тереземіз өзгелермен теңелді.
Елім менің Ата Заңын ардақтап,
Еркіндіктің шуағына бөленді!

8 – сынып оқушылары Ата Заң туралы айтады.

Ән: «Алатау»

Ортаға әрбір сыныптан оқушылар шығып, Отан туралы мақал- мәтел айтады.

Үйінде атаңның намысын қорға,
Шет жерде Отаныңның намысын қорға.
Отаны бардың оты өшпес.
Өзге елде сұлтан болғанша,
Өз еліңде ұлтан бол.
Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
Халықтың ортақ үйі – Отаны.
Отан оттан да ыстық.
Жері байдың елі бай.
Ердің сыншысы – халық.
Туған жерге туың тік.
Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

Мұғалімнің сөзі:

- Тәуелсіздіктің алғашқы жетістігі – халқымыз өз таңдауымен ел президентін сайлады. Сөйтіп оған үлкен сенім артты, міндет жүктеді. «Рухы күшті ел – алынбайтын қамал» дейді халық нақылы. Халық үшін қызмет етуді бақыт санайтын Елбасымыз тұрғанда Қазақстан келешекте дамыған, өркениетті ел боларына кәміл сенеміз.

Халық үшін Елбасы,
Әскер үшін қолбасы.

Тар жол тайғақ кешуде

Нұр ағаны

Туған жұрты қолдасын, - деп бүгінгі Республика күніне арналған әдеби – музыкалық кешімізді аяқтаймыз.

Ән: «Менің Қазақстаным».

МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

Есмырзаева А. О.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Жамбыл облысы бойынша ПҚБАИ

«Мәңгілік ел - ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті.

Қазіргі уақытта Мәңгілік Ел болу үшін азаматтарымыз (әсіресе жастар) білім, ғылыммен мықты қаруланған болуы қажет. Себебі, кез келген мемлекеттің басты байлығы ол халқы, адам капиталы. Сондықтан Мәңгілік Ел болу үшін әр азаматымыз осы бағытта жұмыс жасауы керек. Бұл әрине оңай шаруа емес. 550 жыл бұрын Жәнібек пен Керей құрған Қазақ хандығы алғаш рет өз атауында халық этнонимі бекітілді. Қазақ халқының тәуелсіздік үшін көп ғасырлық күрес жолында ұлы жеңістер мен ауыр жеңілістер болды. Осы үздіксіз күрестің тарихи тәжірибесі «Мәңгілік Ел» өзекті идеясының маңыздылығын – халық бірлігін дәлелдейді.

Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың заманауи қазақстандық мемлекеттілік құрудағы сіңірген тарихи еңбегіне ешкімнің таласы жоқ. Күшті қайраты мен стратегиялық көріпкелдігінің арқасында Қазақстан заңды ресімделген шекарасы бар, жемісті, тұрақты, беделді мемлекетке айналды. Қазақстандықтардың ұлттық идеясы мен тарихи санасын қалыптастыруда, және халықтың бірлігін нығайтуда Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың ерекше рөлін атап көрсету қажет. Қазақстан «Мәңгілік Ел» идеясына біріккен көп ұлттың өкілдеріне Отан болып табылады. Қазақстандықтар бар қиыншылықтардан өтіп, ұлттық қауымдастықта лайықты орын алды. Бұған жету жолы да оңай болмағаны аян. Ел болып еңсе тіктедік дегенде – арғы жағында арқасүйер, табан тірер не бар екенін қазақ жұрты мен

қазақстандықтардың жарасымды тіршілігінің дәлелі болды. Бір кездері Алаш арысы Міржақып Дулатов «Түрік баласы» атты жазбасында: «Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады. Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады», – деп, сонымен бірге тағы жазған мақаласында: «Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады», – деді. Біздің Отанымыз Қазақстан – бүгінде тәуелсіз мемлекет. Елбасымыз өз сөзінде «Жер бетінде мыңдаған ұлттар мен ұлыстар бар. Біз – дербес мемлекет құру бақытына ие болған 193 ұлттың біріміз. Басқа бақыттың қонуы бір бөлек, сол бақытты бағалай білу бір бөлек. Тәуелсіз елдердің барлығы бірдей тұрақтылық пен татулыққа ұйып, дамудың даңғылына түсе алған жоқ. Тәуелсіздік – тарихтың сыйы немесе бүгінгі буынның меншігі емес. Ол- өткен бабалардың алдындағы қасиетті борыш және келешек ұрпақтың алдындағы зор жауапкершілік. Біз Тәуелсіздігімізге тәу етіп, тәубе деп, Тәуекелмен болашаққа бет түзеп келеміз. Біз бүгін Ұлы тарихымыздың тағы бір шебінен сенімді өтіп келеміз» деген еді. Шынында да тәуелсіздікке қол жеткізуіміз, адамзаттың басынан кешірген, ғаламат зобалаң заманнан аман – есен өтуіміздің өзі баға жетпес мұра емес пе?!

Ұлтымыздың ұлы тұлғасының бірі – Әлихан Бөкейхан «Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы оның соңынан ерер еді» - деп арман еткен ер тұлға бүгін Елбасымыздың әр ісінен көрініс тапқандай. Өткенге сәл шегініс жасап көретін болсақ, тәуелсіздіктің бірінші күні яғни 1991 жылдың 17 желтоқсанында Елбасының «Кең – байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік. Әсіресе, жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік» - дегенінің өзінде елбасының көрегенділігімен Қазақстанның жарқын болашағына деген үлкен сенімі мен серпіліс берер салиқалы ойы ұштасып жатқаны бүгінде ақиқатқа айналды. Содан бері жиырма бес жыл уақыт ішінде қаншама жаңашыл бағдарламалар мен жолдауларын арнап мемлекетіміздің өркендеуі мен өсуіне ықпал ететін тиімді даму жолдарын нақты көрсетіп берді. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы жаңа дәуірдің, келісті келбетінің көрінісін саралап берді деп толыққанды сенімді айтуға болады. «Мәңгілік Қазақстан» деп аталуы арқылы тұғырлы еліміздегі әрбір отандастарымыздың жүрегіне жылу ұялата, мақтаныш сезімінің және оған деген сенімін айқындады. Елбасымыз тағы бір сөзінде, бүгінгімен ертеңін ғана ойлап, кеңшілікті ойлаудан түсер пайданың қазіргі бәсекелестік заманында түкке тұрмайтын тіршілік екенін баса айтты. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын,

сынала жүріп шындалатын үлкен сынақ, осыдан мүлтіксіз орындап, сүрінбей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет екенің баса айтты. Шынында да, бұл біз үшін жүктелген, мақсат етілген, жұмыла жеңетін алдағы міндетміз. Осы орайда басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына ілігуі, яғни «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз қадам басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Атап айтар болсақ, тұңғыш мемлекеттік тұжырым идеологиясының елең еткізерлік жаңалық екені бізге мәлім. Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін – тұжырым ретінде «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануының айтсақ болады. «Мәңгілік Ел» идеясы, қазақ елінің тәуелсіздік жолында еңбекпен қол жеткізген биік асу, үлкен белес. «Мәңгілік Ел» ұғымын тереңірек түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету маңызды болып табылады. Мәңгілік ел дегеніміз – мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп бере отырып, өзіндік қорғасын саясатын ұстану деп түсінуге болады. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Дамыған елдің адамы – нағыз патриот: өз елін, өз жерін, Отанын сүйеді, өз тілін, дәстүрін, әдебиетін, тарихын біледі, қадір тұтады. Елбасымыз қазақстандық патриотизм туралы, әрбір азаматтың патриоттық сезімін ояту, қалыптастыру туралы тектен-тек айтып жүрген жоқ. Мәңгілік ел – мыңжылдық мәні бар жалпыұлттық идея. Мәңгілік ел – Тәуелсіздік тұсында қалыптасқан философиялық идея. Көреген хандарымыз бен дана билеріміз, кешегі өткен Алаш арыстары қазақ елін қайырымды қоғамға, Жерұйыққа, Мәңгілік елге айналдыруды арман еткен, сол үшін күрескен, қан төккен, еңбек еткен. Қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік Ел ата - бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атануы еді, ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл арманды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалдың жиі талқыланатынын естіп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздік арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізуді, еліміздің жүрегі Елорда тұрғызылды. Қазақтың мәңгілік ғұмыры, ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналды. Мәңгілік Ел идеясын, ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде қарай отырып, оны барлық қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этностық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін басты ұстанымға айналдыру қазіргі кезеңнің басты міндеті болмақшы. Сонымен бірге, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты, негізгі іргетасы – бірлік екенін ұмытпағанымыз абзал. Бірлік – ол елдің рухани бірлігі, халықтың мәдени, тілдік, ділдік, ақпараттық кеңістікке деген бірлігі. Қазақстандықтардың әлеуметтік, мәдени, рухани бірегейлігін дамыту, ұлттық идеологияны дамытудың басты факторы болуы тиіс. Сондықтан да «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың тұжырымдамалық негізін философиялық тұрғыдан талдау қажеттілігі туындайды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бері жүзеге асырып келеді. Ол қазақ халқының тарихи санасын қалыптастырып, дамытуға бағытталған. Осындай бір алғашқы қадамдардың қатарына «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара туралы» Заңын жатқызуға болады. Бұл «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудағы басты нық қадам деп қабылдауымыз керек. «Мәңгілік Ел» идеясының келесі тұғыры, негізі – Елбасы үнемі айтып келе жатқан елдің ішкі тұрақтылығы, халықтардың өзара достығы мен татулығы, бір - біріне деген сыйластық қарым - қатынасы. Этнос және дінаралық келісім мен татулық Қазақстан дамуының басты тұғыры. Тек тату, бірлігі жарасқан ел ғана алға қойған мақсат - мұраттарына жете алады. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтардың ішіндегі ең бастысы – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту, қазақстандықтардың үш тілде еркін сөйлеуіне жағдай жасау. Мемлекеттік тіл «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді. Мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің құдіреті қашанда үстем болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады. Тіл - ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Тіл - билік, үлкен саясат. Тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының басты қолдаушысы. Ана тіліңді құрметтеу - ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Бұл жолда тілдік және ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету - ел тәуелсіздігін қорғаудың басты ұстанымы болуы тиіс. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын - бүгінгі жастар. Жастар осы ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз Отанын сүйетін ұлтжанды, патриот болулары керек. Патриотизм біздің қазақстандық жастар үшін, этностарды біріктіретін күш ретінде мойындалуы тиіс. Ел мәртебесіне, оның асқақтығы мен биіктігі, тұтастығы мен мызғымастығы тек әділеттілік пен өзара ынтымақтастық және сыйластық негізінде қол жеткізілуі тиіс. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда ұлт зиялыларына да жүктелер міндет өте ауыр. Сол зиялы қауымның бірі - ұстаздар. Ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін де, тағылымын қалыптастырып, танымын кеңейтетін де – білім. Ілім мен ғылым - бұл қоғамдық мүдде. Өркениеттің өлшемі де, мемлекеттің келешегі де қашан да қоғамдағы білім деңгейіне тәуелді. Жастарымызды білім машығын игеріп, алған білімдерін күнделікті өмірде және «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру барысында тиімді пайдалана алуға баулу жолында еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай қызмет етіп, ХХІ ғасыр Қазақстанның «Алтын ғасырына» айналуына сүбелі үлес қосып келе жатқанымызға мақтанамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы
2. Қазақстан тарихы. V томдық. Асылбеков М.Х., Алдажұманов Қ.С., Байпақов К.М., Қозыбаев М.Қ., Нұрпейісов К.Н. және т.б. ред. – А., 2010.

3.Қазақстан тарихы. Ред. басқарған проф. Қаражан Қ.С. – Алматы, 2008.

4.Қазақстан тарихы. Очерктер. – А., 1994.

5.Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. – Алматы: Қазақ университеті. – А, 2006.

МӘНГІЛІК ЕЛ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ МІНДЕТІ

Естемирова А. М.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ ОҚО бойынша ПҚБАИ

Ұлтымыздың ұлы тұлғасының бірі – Әлихан Бөкейхан «Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы оның соңынан ерер еді» - деп арман еткен ер тұлға бүгін Елбасымыздың әр ісінен көрініс тапқандай. Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығының тарихи жалғасы – бүгінгі өркениетті Қазақстан. Еліміздің өзіндік стратегиясы қалыптасқан, әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарынан орын алуы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегі мен көреген саясатының жемісі. Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясы қазірдің өзінде елді біріктіруші күшке, ұлттық идеологияға айналды. Ол – «Қазақстан-2050» Стратегиясының, сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры, ұлттың рухани құндылығы. Қазақстанның бүгінгі алатын орны, халықтың әл-ауқаты мен экономикасының дамуы елімізде жүргізілген саясаттың нақты нәтижесі болып табылады. Елбасымыз тағы бір сөзінде, бүгінгімен ертеңін ғана ойлап, кеңшілікті ойлаудан түсер пайданың қазіргі бәсекелестік заманында түкке тұрмайтын тіршілік екенін баса айтты. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен сынақ, осыдан мүлтіксіз орындап, сүрінбей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет екенін баса айтты. Сөйтіп, Қазақстан халқының, дәлірек айтқанда, қазақ халқының ұлттық идеясы анықталды. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Алтын Күн шуағын шашқан Көк байрағымыздың астында қазақ қана емес, 130 ұлттың өкілдері береке-бірлікпен тату-тәтті өмір сүруде. Елбасымыз қазақстандық патриотизм туралы, әрбір азаматтың патриоттық сезімін ояту, қалыптастыру туралы тектен-тек айтып жүрген жоқ. Патриотизм біздер үшін – қуатты күш, қосымша инвестиция. Оның негізінде рух, намыс жатыр. Қазіргі ел аузындағы Мәңгілік ел, Нұрлы жол деген тіркестер бейнелі түрде кездейсоқ айтылған емес. Бұл-қазақтардың ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың таяу жылдардағы бетке ұстар идеясы, өмірлік нысанасы. Мәңгілік ел – мыңжылдық мәні бар жалпыұлттық идея. Мәңгілік ел – Тәуелсіздік тұсында қалыптасқан философиялық идея. Көреген хандарымыз бен дана билеріміз, кешегі өткен Алаш арыстары қазақ елін қайырымды қоғамға, Жерұйыққа, Мәңгілік елге айналдыруды арман еткен, сол үшін күрескен, қан төккен, еңбек еткен. Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш тұғырдан, яғни

үш негізден тұрады: біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» манифесі, екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармаларында, әсіресе, «Қайырымды қалада», үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Бұлардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік, яғни «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтасады Отаншылдық сезімді тәрбиелеу мәселесі білім берудің барлық ұйымдарында көкейкесті болып табылады. Жастарды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – аға ұрпақтың аса маңызды әрі жауапты да қадірменді парызы болып саналады. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, “ұлтжандылық”, отансүйгіштік”, тәрбие беру негізінде қол жеткізеді. «Отан- от басынан басталады» дейді халық даналығы. Демек, бала тәрбиесі- Отан мен ел мүддесі. Бүгінгі өскелең ұрпаққа ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт- дәстүрін әр оқушының бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қазіргі тәрбие жүйесінің өзекті мәселесі. Егеменді еліміздің болашағы жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету- бүгінгі таңда ең басты мақсат болып табылады. Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақ – ұлттық сана- сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, ар- ождан мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуі тиіс.

Қазақ тарихын зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов отансүйгіштік сезімнің қалыптасуы туралы «менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен, өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды қадірлеймін», – деген еді. Қазақ халқының өткені мен бүгінін таразыға сала отырып, келешегіне отаншылдық туын арқау еткен асқақ, жандары таза жас ұрпақты тәрбиелеу мен қасиетті отанның қадірін ұғындыру, ар, намыс, ождан сөздерін ұлт, атамекен, халық сияқты киелі түсініктермен байланыстыру арқылы болашаққа бағыт сілтеу әрбір ұстаздың міндеті. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол Қазақстан азаматтарын патриоттық рухта тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм – Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім пен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау, ата-мекен мүддесіне арнаумен анықталады. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм ұғымының құрамын білдіреді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу – тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс – шараларда Отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт – дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді

оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылады. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» деп М.Әуезов айтқандай, ел болашағы қазіргі жас жеткіншектің қаншалықты білімді, тәрбиелі болуына байланысты. Осы мақсатта барлық жұмыстардың нәтижесін үнемі бағалап, зерттеп, қорытынды жасап отырудың маңызы зор. Әрбір оқушыға өз мемлекетіне, оның бай тарихына, болашағына деген жауапкершілігін сезіндіретін әрекет жүйесін жасауымыз керек деп білемін.

Өткен мен бүгінгіні таразыға сала алатын, келешегінің сабағын ертеңіне бағдар еткен рухтағы асқақ, жандары таза жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті. Білімнің іргетасының беріктігі – болашақтың мықты болуына негіз. Жас ұрпаққа, Отанын сүю сезімін қалыптастыру, ерлік рухын ояту- барша ұстаздардың басты парызы. Біздің міндетіміз – айқын, алған бағытымыз – дұрыс. Ендеше Тәуелсіздігіміз баянды, тұтастығымыз берік, елдігіміз мәңгі болсын!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму». Астана 30 қараша 2015 жыл

2.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Астана 17 қаңтар 2014 жыл

3.Н.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» // Егемен Қазақстан, 10 шілде 2012

4.ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. Астана, 2010

5.Жарқынбеков С., Сманқұлова Ж. ХХІ ғасыр мұғалімі. Алматы, 2006.

МӘНГІЛІК ЕЛ: БІР ЕЛ, БІР ТАҒДЫР

Жанабекова С. Т.

«Қазақ мектеп-гимназия» КММ
Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев елімізді бір мақсат, бір мүдде, бір болашаққа жұмылдыру үшін «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауын жолдады. Ол жолдауда Н.Назарбаев « Біз үшін ортақ тағдыр– бұл Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы»-деді.

Сол армандардың бірі – тіліміздің мәңгі болуы еді. Себебі тіл-қай ұлттың болмасын тарихы тағдыры, қатынас құралы. Тіл болмаса адамзаттың тірлігінде мән-мағына болмайды, сондықтан мәңгілік ел болу үшін тілдің өсіп-өркендеуі, жоғалмауы аса құнды болып есептеледі. Демек, Н.Назарбаев өз жолдауында мәңгілік ел болу үшін тілдің мәңгі болуы керек деген ойына бір ауыздан келісу қажет.

Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы - болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал ең бастысы - еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы - елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз. Мен де идеяны жүзеге асыруда өз үлесімді қоспақшымын.

Елбасы Жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойды. «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс», деп атап көрсетті.

Елбасының әр Жолдауы - толғауы терең қайталанбас дүние. Биылғы Жолдау да Президентіміздің өзіндік стиліне сәйкес көптеген ерекшеліктерімен ел есінде қалады деген сенімдемін

Елбасы Жолдауында өмірдің баға жетпес құндылығы – балаға, бала тәрбиесіне, болашағына көп көңіл бөліп отыр. Отбасы, әке мен бала, бала мен ана мәселесіне –«Бала тәрбиелеу - болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Бұның барлығы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған әрекет. Адамзат өзінің байырғы құндылықтарынан ажырамауы үшін ат салысып, адамдарды ізгілік пен қамқорлыққа шақыруы көңілге қонымды.

Отағасының серігі ата-анасы демекші Елбасы Жолдауында әлеуметтегі әйел адамның рөлі, оның келешегі жөнінде айтылған. Әйел адам ең алдымен - ана. Ал ана - отбасы, мемлекет шамшырағы. Қыз баланы – ұлттық дәстүрде тәрбиелеп, құрметтеу керектігін, оны зорлық – зомбылықтан сақтау, заманға сай білім алып, кейін қызмет етуіне құқылы екендігі айтылған. Баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмек көрсету, олар үшін икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызу перспективасы қуантады.

Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті

технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Президент Жолдауының «Ұлт денсаулығы - біздің табысты болашағымыздың негізі» тарауында Қазақстан халқының денсаулығын сақтау, балаларымыздың денсаулығын қамтамасыз ету ісіне жаңа тәсілдер енгізу мәселесі, ауылдағы медициналық қызметтердің сапасын арттыру көзделген. Мен мектепті аяқтағасын Петропавл медицина колледжіне оқуға бармақшымын. Жаңа технологияларды жетік қолданып, ауылдағы медицина сапасын арттыруға өз үлесімді қоспақшымын. Сәті түсіп кетсе, болашақ жас аналарға арналған бөлме ашу арманым. Бұл Жолдаудың іске асырылуы – Қазақстан Республикасын әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына шығаратыны сөзсіз. Қазақстан халқы ұлы тарихтың иесі атануға лайық.

Біз көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Аңсарлы азаттығымыз бен тәу етер тәуелсіздігіміз баянды болсын! Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істеріміз жаңа дәуірлерге жол ашсын! - деген елбасымыздың қорытынды сөзімен сабағымды аяқтаймын сабаққа! Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы - болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал ең бастысы - еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы - елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Бүгінгі Қазақстан-жалғыз қазақ халқының ғана емес, күллі Қазақстан халықтарының ортақ Отаны, сондықтан олардың тарихы да, тағдыры да ортақ.

Тәуелсіздік деген қасиетті ұғым-тек қазақтарға ғана емес, қазақ жерін мекендеген, оған кіндік қаны тамған, бірге қайнап-бітiскен, туған тапырағым деп егiлген басқа ұлттар мен ұлыстардың да ортақ игiлiгi.

Биылғы жылы аталып өтіп жатқан Қазақстан халықтары ассамблеясының 20 жылдық мерейтойымен барлық оқушыларды құттықтап, Отанымның өркендеп дамуына, гүлденуі үшін атсалысамын демекпін.

Осы орайда өзіміздің ана тіліміз туралы терең ойлану әрқайсымыздың міндетті парызымыз ғой. Қазіргі таңда жыл өткен сайын тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде. Себебі қазақ мектептері мен бала бақшаларда басқа ұлттардың ұл-қыздары қазақ тілін үйренуге ат салысуда, ата-аналары балаларын қазақ мектептеріне беріп жатыр.

Елбасымыз тіл тәуелсіздігі Мәңгілік елде Мәңгі болу үшін де осы мәселені анық айтып отыр. Ендеше, Елбасымыз Н.Назарбаев тіліміз мәңгілік болса, мемлекетіміз де мәңгі болатынына кәміл сенеді. Ал сенімнің лаулап жануына біз, оқушылар, патриоттық сезімімізді сөндірмей әрі қарай жалындатып жағуымыз керек, - деп түсінемін. Ол үшін терең білім алып талай асуларды бағындыруымыз қажет.

Мен шын өз тілімді, халқымды, елімнің тілі, діні үшін жанын беретін елжанды адамдардан қатты үлгі аламын. Ондай ұлағатты адамдар біздің

мектепте өте көп. Олар мектептің мақтаныштары. Олар мектеп мұғалімдері, сынып жетекшілер және мектебіміздің белсенді оқушылары.

Осындай тас бұлақтың тұнығы да тілде, ана сүтінің жұғыны да тілде, батырлықтың айбындылығы да тілде екенін ұмытпасак, әрі сол мақсатта оқып-білім алсақ, әрине Мәңгілік Елдің тілі Мәңгі болады деп есептеймін.

Ата-бабаларымыз сан мың жылдар армандаған елі Мәңгі болып, тіліміздің өсіп – өркендеуін арманға емес, ақиқатқа айнылдыратын азаматтар болу аянбай терең білім ала берейік!

Тіліміз де Мәңгі, Еліміз де Мәңгі бола берсін!

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА "МӘҢГІЛІК ЕЛ" ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кабденова А. К.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ СҚО бойынша ПҚ БАИ
Alima_kaz@mail.ru

Жантлесова М. У.

"Власовка орта мектебі" КММ
Аққайың ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы
maral-1984-28@mail.ru

Аннотация. В данной статье актуализируется проблема развития патриотизма в аспекте общенациональной идеи «Мәңгілік Ел», раскрываются инновационные способы (формы и методы) эффективной организации патриотического воспитания в процессе обучения.

Ключевые слова: патриотизм, инновационные технологии, профессиональная компетентность, социальная ответственность, формирования толерантности.

Abstract. This article is about the problem of the development of patriotism in the aspect of the national idea "Mangilik El", reveals innovative ways (forms and methods) in the efficient organization of Patriotic education in the learning process.

Key words: patriotism, innovation, professional competence, social responsibility, formation of tolerance.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңғыртылуда. Еліміздің Отандық білім жүйесі басымдық елдердің қатарына шықты. Біз үшін әлемдік 30 елдің қатарына кіру үшін бәсекеге қабілетті азамат капиталын қалыптастыру, халқымыздың ұлттық мәдени құндылығын, мемлекеттік тіл, еліміздің тарихын білуге, өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие және білім берудің сапасы мен деңгейі көтеру, білім алушылардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру бойынша қазақстандық патриотизм идеясының

негізінде құрылған. Осы мақсатпен 2016 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының "Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт" жиырма төртінші сессиясында "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идея патриоттық актісі жарияланды. Бұл ұғым нені білдіреді? *Мәңгілік Ел* – Болашағы Біртұтас Ұлт. Бұл құжаттың негізінде Қазақстан халқының тарихи мен тағдыры, Тәуелсіздік пен Астана, бірлік пен бейбітшілік ұғымдары кең қарастырылған. Елбасының «Біздің жастарымыз жаңа, тәуелсіз елде өсіп келеді. Бүгінгі буын 90-жылдардағы этносаралық соғыстар мен қақтығыстарды, күйреуді көрген жоқ. Сондықтан көпшілігі Қазақстандағы тұрақтылық пен қолайлы өмірді туғаннан солай болуға тиіс сияқты қабылдайды» деген сөзін қазақстандық патриотизмге қатысты да айтуға болады. Қазіргі таңда білім беруде тәжірибелі педагогке заман ағымына сай оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру негізінде жаңа әдістер мен технологияларды қолдану ұсынылады. Соның бірі тұлғалық құндылықты қалыптастыру тәсілі деуге болады. Яғни, жалпыадамдық қасиеттерін, өзін-өзі ұстау мәдениеттілігі мен әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді. Осыған орай орта білім берудің құндылықтары "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары мыналар: *қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу* белгіленді.

Қазіргі уақытта шетелдік білім беру жүйесінде патриоттық тәрбие, ұлттық тәрбиені қалыптастыру мен дамыту кең қызығушылықты оятады. Мысалы үшін Ресей мемлекетінің білім жүйесін қарастыра отыра басқа халыққа құрмет, сондай-ақ Отанға деген сүйіспеншілік сезімі ретінде өскелең ұрпақта қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ал, АҚШ-тағы патриоттық сезімі саясаттық білім беру мен моральдік рухты қалыптастыру өлшем категорияларымен беріледі. Қазіргі әлемде патриоттық тәрбиені дамыту – көп қырлы үдеріс, оның көлемі мен нәтижесі өте маңызды.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының негізінде қазақстандық патриотизмді қалыптастыру – мектепке дейінгі ұйымның, бастауыш сынып, орта мен жоғары сыныптың күнтізбе жоспарымыздың тақырыптар арасында кең орын алады. Патриоттық тәрбие қалыптастыру бойынша кіріктірілген немесе пәнаралық байланыста қалыптасады. Мысалы қазақ тілі сабағында "Туған жерім, Астана" тақырыптары болса, оны біз познание мира немесе математика сабағында да балалардың бойында қалыптастырамыз. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында "Мәңгілік Ел" идеясының негізінде қазақстандық патриотизмді тағы қалай қалыптастыруға болатын сұрақ туындайды? Осы жерде бұрын қалыптасып келмеген бе? деген сұрақ туындау мүмкін, әрине қалыптасты. Бұл біздің ақын-жазушыларымыздың шығармаларында, би-шешендердің дана сөздерінде, тарих пен әдебиет сабақтарында оқытылып келеді. Осы жерде М.Дулатовтың "Оян, қазақ!" өлеңінде қазақ жұртын бірігуге, мақсатты әрекетке, бас амандығын қамтамасыз етуге шақырды. Бауыржан Момышұлы: «Ұлтын сүю - ұлтшылдық емес, ұлтжандылық», - деген болатын. Елбасымыз «Тарих толқынында» деген еңбегін оқи отыра түркі тілдес халқының, оның ішінде түркі мәдениеті, қазақ топырағында түрлі діндердің

болғанын келтіреді. Бұл еңбек қазақстандық ұлттық, ұлтаралық татулықтың, қазақстандық ұлтжандылықтың, патриотизмнің белгісі. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тәрбие беру мен оқытудың негізгі бағыттарында елжандылыққа тәрбиелеу қарастырылады[2].

Өз тәжірибемізде оқушыларды қазақ халқының тұрмыс, салт-дәстүрі, өнері мен мәдениетімен таныстыру, мемлекеттік тілді жоғары деңгейде меңгерту, оқушылардың бойында мемлекеттік тілге деген құрмет, отансүйгіштік, рухани адамгершілік сезімдері мен қазақстандық патриотизм қалыптастыруға баса назар аударамыз. Осы орайда іскерлік-рөлдік ойындар, ынтыландыру әдістері, тақырып төңірегінде ойтолғаныс жүргізу мақсатта екітүрлі түсіндірме күнделігі, еркін жазу, жобалық әдістер, бейнефильм топтамаларын жиі қолданудың орны бөлек. Оқушының жеке көзқарасын білу және оны ашық айта алу мақсатында рефлексия жүргізу де тиімді. Мысалы "Мен" деген ойды аяқтау

-Мен ... екенін бүгін білдім.

-Мен ... туралы ойладым - сондай-ақ ПОПС формуласы да оқушының тілі мен өз білім деңгейін арттырады.

“Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады” - деген Абай атамыздың көргендік сөзін әр ұстаз, әр ата-ана парасаттылықпен сезінуі керек. Тұлғаның бойында адамгершілік, аяушылық, төзімділік, имандылық, әдептілік, мейірбандық, шыншылдық т.б. қасиеттерді дамыту керек. Осы қасиеттерді бойына терең сіңіріп өскен тұлға өз алдына жүйелі түрде белгілі бір мақсат қойып, оған жету жолында өзінің қабілетін дамыта отырып, өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңе біледі. Яғни, бұл дегеніміз адам өзін-өзі тәрбиелейді, алдына мақсат қоя біледі, сол мақсатқа жету үшін адами құндылықтарды бағалай отыра, “өз өмірім өзіме құнды ” деген қағиданы басты назарда ұстап, нәтижеге қол жеткізеді деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1.www.strategy2050.kz

2.Выршиков А.Н., Бузский М.П. Патриотическое воспитание: Методологический аспект.-Волгоград: Издатель, 2001.- 47 с.

3.Тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие субъектілерінің мүмкіндігін кіріктіру. - Алматы,2019-100б.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДА САБАҚТАН ТЫС УАҚЫТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Кабденова А. К.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ СҚО бойынша ПҚ БАИ
Петропавл қ., Солтүстік Қазақстан облысы

Alima_kaz@mail.ru

Абдрахманова Д. О.
«Петерфельд орта мектебі» КММ
Қызылжар ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы
danash_abdrahmanova@mail.ru

Аннотация. Данная статья посвящена актуальным вопросам эффективной реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел». В работе широко представлены современные способы и пути реализации ценностей национальной идеи «Мәңгілік Ел» в образовательном процессе средней школы.

Ключевые слова: патриотическое воспитание, личность, национальные традиции.

Abstract. This article is devoted to the effective implementation of the national idea "Mangilik El". The work is widely represented modern methods and ways of realization of the values of the national idea "Mangilik El" in educational process at secondary schools.

Key words: Patriotic education, identity, national tradition.

Елбасымыздың ағымдағы жылдағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауы жарқын болашаққа бағыттайтын «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болатыны анық. Әрине, елімізде тыныштық пен тұрақтылық сақталғанда ғана белгіленген мақсат, міндеттерді жүзеге асырып, биік белестерге жете аламыз. Сондықтан да Қазақстандағы тыныштық пен тұрақтылық – табыс кілті болып табылады. Осы орайда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет деп есептейміз. Сондай-ақ жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеудің орны ерекше.

Патриоттық тәрбие - қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Мәселен, патриоттық сезімнің қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Патриоттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан ұлттық тәрбие – ел болашағының дінгегі десек те болады. Ал, осы болашақтың алтын дінгегін тәрбиелейтін, қалыптастыратын ол – ұстаздар қауымы емес пе?! Әрине, әр ұстаз тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қиындықтарға жолығатыны жасырын емес. Өзіне тапсырылған сабақтан тыс уақыттағы тәрбие жұмысының жоспарын жасап қойғанмен, әр сынып сағатын

өткізгенде «қалай қызықты жүргізіп, түрлендіруіме болады?» деген сұрақ туады. Тәрбие сағатынан алдымызда отырған әр шәкірттің бойына тәрбиелік дарыса, санасына жақсы ой түйіп кетсе деп ойлаймыз.

Бүгінгі күні қазақстандық білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақтың адамгершілік-рухани тәлім-тәрбиесіне, салауатты да сауатты болып өсуіне барлық жағдай жасалған. Білім беру ұйымдарында тәрбие беру мақсаттарын анықтау оның тұжырымдамасынан, тәрбиелік жүйесінен келіп шығады. Осының нәтижесінде тәрбие беру мақсатында тұлғаның қандай нәтижеге жетуге бағытталғанын анықтауға болары сөзсіз. Әрине, кейбір жас ұрпақтың белгілі бір бөлігінен ұлттық сана-сезім, отансүйгіштік деңгейінің құлдырауы да байқалады. Бұл өзінің ана тілін ғана емес, халқының тарихын, салт-дәстүрін білмейтін жастарға қатысты деуге болады. Сабақта патриоттық сезім тақырыбына келгенде қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Абай шығармаларына жүгінудің орны ерекше. Біздің ойымызша, жастар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт. Жоғары сынып оқушылары бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда қазақ әдебиеті пәнінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері оқушылар бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор.

Сонымен қатар қазақстандық білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімін, ұлттық рухын, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі қалыптастыруда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы құнды рөл атқарады. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идея негізінде елдің негізгі құндылығы азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғылым мен білімнің мәртебесін көтеру, зайырлы ел - толерантты ел болып табылатындығының айғағы. «Мәңгілік Ел» идеясының бастамасы отбасы, ошақ қасынан бастау алатыны бәрімізге мәлім.

Білім беруді «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының негізінде жүзеге асыру келесі мақсаттарды қарастырады: *патриотизм рухының, тарихи сана мен әлеуметтік жадының жоғары даму деңгейі бар; Қазақстан халқының тәуелсіздігін, қауіпсіздігін, тұрақтылығын, қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу. Бұл мақсаттарға жетуде тарихи және ұлттық тәжірибе жайлы тұлғаның білімдерін жаңарту, болашақтағы оңтайлы қадамдарын анықтай білу мен түзете білуді үйрету, жас ұрпақ санасында халық тағдырының мәнін қалыптастыру және қоғамдағы жауапкершілік сезімін жандандыру, рухани-адамгершілік және зияткерлік-шығармашылық іс-әрекетін белсендіру бағытындағы ұстанымдарды ұстану өзіндік бір нәтижелерін берері анық.*

Өз тәжірибемізде сабақта және сабақтан тыс уақытта басты нысан – тұлғаның бойына ұлттық тәрбиені дарытып отыру. Мәселен, сабақтан тыс уақыттағы өз тәжірибемізбен бөлісетін болсақ, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында 11 сынып оқушылары арасында «Ел тірегі - Тәуелсіздік» тақырыбында өткен пікірталас барысында «Тәуелсіздік» деген не?», «25 жыл не

берді?», «Көшбасшы бұл кім?» – деген сұрақтар қойылды, оқушылар ойлана отырып өз пікірін айтады. Нәтижесінде оқушылардың дүниетанымы кеңейіп, өз пікірін еркін білдіруге дағдыланады, қоғамда болып жатқан оң өзгерістер туралы түсініктері молаяды, жеріне деген сүйіспеншіліктері артады. Тілдер фестивалінде «Мақал-мәтелдің мағынасын ашу» сайысын атап өтуге болады. Мысалы, «Ырыс алды – ынтымақ» - деген мақалын алатын болсақ, оны оқушы - ымырашылдық, ынтымақтың арқасында біз өткен жылы 25 жылдық мерейтойын, Қазақ Хандығының құрылуының 550 жылдығы және биыл «ЭКСПО-2017» көрмесін халықаралық деңгейде әлемге паш еткеніміз турасында талқылайды. Бұл әдістің тиімділігі оқушының тіл байлығы дамиды, ұлтжандылыққа, елдің тарихын, тәуелсіздікті, ұлтаралық келісімді дәріптеуге үйренеді. Нәтижесінде ұлттық құндылықтарды бағалау дағдылары қалыптасады. «Патриоттық әндер» байқауы арқылы оқушыларды еліміздің ұлттық әндерін насихаттауға, өнер арқылы отансүйгіштік қасиетті бойына дарыта алуға баулимыз. Сонымен қатар қазақтың көрнекті тұлғалары Н.Ә.Назарбаев, Абылай хан, Қ.Рысқұлов, т.б. туралы жоғары сыныптар арасында баяндама, эссе, реферат, шығарма жұмыстарын ұйымдастырып, оны конференция түрінде өткізуге болады. Мұндай жұмысқа тартылған оқушы ізденіп, өздігінен жұмыс жасауға үйренеді, жауапкершілігі артады, ел үшін тер төккен тұлғалардың өмірінен үлгі алып, қиындыққа мойымауға, өжеттілікке, қайсарлыққа, батырлыққа тәрбиеленеді. Сондай-ақ тарихи – мәдени кештер сахналанған қойылым, мәнерлеп оқу жарысы, жас ақындар сайысы, күйлер, қазақ билерін орындаудан жарыс, т.б. шығармашылықты шыңдайтын сайыстарға қатысса, еліне деген сүйіспеншілігін өнермен дариды. Еліміздің дамуына үлес қосып жүрген әртүрлі қоғам қайраткерлерімен кездесулер өткізу оқушының Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады, осы тұлғалардан үлгі алады, олардың елге деген патриоттық сезімін өз аузынан естиді, үлкенді құрметтеуге үйретеді. Осы тұлғалардың жақсы жақтарын өз өмірінде қолдануға үйренеді.

Түйіндей келе патриоттық тәрбие беру үдерісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір тұлғада патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ. Сондықтан, мұғалімдер өз қызметінде біріншіден, терең патриотизм – Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілікті шыңдау; екіншіден, халықтар достығы идеясын ұстану және насихаттау үшін жұмыс жасауы тиіс. Оқушының патриоттық іс-әрекетке дайын болуы оның өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік тану шегіне көтерілуімен де анықталады. Бұл іс-әрекеттердің жүзеге асуы мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмысына шығармашылық көзқарас тұрғысынан келуімен тығыз байланысты. Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие оқу және оқудан тыс тәрбие жұмыстарының бірлігінде, жастардың дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып, тәрбие әдістерін және тәрбие ісі технологияларын мақсатты түрде таңдап, олардың үздіксіз өзгеруі мен күрделенуінің, көп түрлі болуының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Әдебиет:

1. www.strategy2050.kz

2. Выршиков А.Н., Бузский М.П. Патриотическое воспитание: Методологический аспект.- Волгоград: Издатель, 2001.- 47 б.

3. Тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие субъектілерінің мүмкіндігін кіріктіру. - Алматы, 2019-100б.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ – БІЛІМДІ ЕЛДІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Кажекбер Жаркын
«№102 мектеп - гимназия» КММ
Қарағанды қ., kjarkin@mail.ru

Аңдатпа. Мәңгілік ел! Осы бір қасиетті сөзді естігенде қалайша тебіренбейсің! Бодандықтың бұғауынан, қыспағынан құтылған қазақ халқы еркіндік, азаттық ауасымен тыныстауда. Қанымызда бар ұлттық қасиеттеріміз қалпына келуде.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздік, ең алдымен, қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ арманы мен қайсар рухының жемісі. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Бүгін Қазақстан әлем назарында, өзінің болашағынан үлкен үміт күттіретін, жері, халқы бай ел.

Annatation. Eternal country! The Kazakh people who fled the slavery of the Bolsheviks, is in a state of tranquility and freedom. National quality we have in the blood are being restored.

Independence-our value. Independence in the first place, the dream of freedom of the Kazakh people and the energetic fruit of the spirit. Our country declared independence, recognized an independent state in the world. Today Kazakhstan is waiting with great hopes for the future.

Еліміздің Тәуелсіздік күні мерекесі халқымыздың сан ғасырлар бойғы азаттық жолындағы күресінің, сол жолдағы көрген азаптары мен қиындықтарының жадымызда жаңғырып, 25 жылда жеткен жетістеріміздің айшықты көрінетін мейрамы. Сондықтан да бұл күні Тәуелсіздік жолындағы арпалыстың азапкерлері мен қаһармандары ойға оралатыны сөзсіз. Азаттық қазақ халқының ежелгі арманы еді, ат үстінде өткен кезеңдер көп болды. Азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді, талай қиыншылықты бастан кешірді. Бірақ, ешқашан да мойымады, күресе білді, азаттық таңы туатынына кәміл сенем.

«Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл — әлем кеңістігіндегі ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт

ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек». Елбасы Жолдауында айтылған осы бір сөздер әрбір саналы азаматтың жанын тербері сөзсіз. Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік сөзі бабалардан мирас болып кел жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі — ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы да шарт. Ол- мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру елімізде табандылықпен жалғасып келеді. Мемлекеттік тілді дамытуға жыл сайын миллиондаған қаржы бөлінеді. Елбасы өз Жолдауында мемлекеттік тіл саласында жеткен жетістіктерімізге тоқтала келіп, енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн деп ой түйді. Олай болса, ана тілімізді- мәңгілік тіл ету өз қолымызда. Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгерудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.

Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Сабақта әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отырам. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті деп ойлаймын.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет. Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болу керек;

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан–жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұрға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білу керек;

Отбасының жетекшілік маңызы онда тәрбиеленіп жатқан адамның тән-дене және рухани дамуына әсер етуші ықпалдар мәні мен мағынасының тереңдігіне тәуелді келеді.

Ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы ролін, ата-анамен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын, бала тәрбиесіне әсер ететін жанұяның мақсатты адамгершілік бағыттарын, баланың жанұядағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін, ата-ананың тәрбие құралдарын, тәсілдерін, әдістерін пайдалана алу қабілеттерін, баланың белсенділігінің дәрежесін көруге болады.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі - тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты оқушылардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себебі, балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әр түрлі әдіс - тәсілдерді қолдануға болады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән - мағынасын ұйымдастырудың тәсіл - амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды. Өзіндік жұмыстың ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

- Мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі;
- Жұмысты орындаудың уақытын белгілеу;
- Мұғалімнің басқаруымен оқушылардың
- Дербестігінің өзара байланысы олардың жұмысты өзеркімен орындау.

Оқушылардың өзіндік жұмысы - мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша оқушының оқу жұмысының жеке дара және ұжымдық түрі. Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан белсенді ойлау талап етілді. Осының нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, олар да тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір - бірімен деген жолдастық көмек қалыптасады. Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мен сабақта әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отырам. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабағым оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретем. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отырамын.

Педагогикалық энциклопедияда: «Дарындылық дегеніміз – адамдардың қабілеттерін жете жақсы дамуының жоғары сатысы», - деп атап көрсетіледі. Осы қабілеттілік арқылы адамдар көптеген жақсы жетістіктерге жете алады. Дарындылық – сапалы қабілеттердің өзіндік бірлесуі: оның арқасында іс-әрекет жақсарады.

Көптеген ғылымдардың ойынша дарындылық, қабілеттілік және талант бір ұғымды білдіреді. Балалардың келешегі жөнінде ойланбайтын, балалардың қабілетті, дарынды, талантты болып, болашақ қызметтерінде үлкен жетістіктерге жетуін армандайтын ата-аналарды табу өте қиын. Бірақ сөйте тұра солардың барлығы бірдей қабілет деген не, оны қалай дамытуға болады және бұл жұмыста жанұя қандай міндет атқару керек дегенді біле бермейді. Қабілеттілік туа бола ма, жоқ әлде жүре бола ма? Олар тұқым қуалай ма, жоқ па? Қабілеттілік барлық балада бірдей дамыту мүмкін бе? Оған қалай жетуге болады? «Қабілеттілік деп – белгілі бір іс-әрекетте ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке-дара психологиялық ерекшеліктері айтылады». Қабілеттілік жалпы ақыл қабілетті және арнайы қабілет болып бөлінеді. Жалпы қабілет негізінен ойлауға қатысты болып келіп, оның аңғарғыштық, ойланғыштық, дербестік, сыншылдық, икемділік т.б. қасиеттерінен көрініп отырады. Жалпы қабілет адамның өзін ой-әрекеттерінің түрлі салаларынан көрсете білуге мүмкіндік жасайды.

Қазіргі заман талабына сай шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз – аз уақыт ішінде мол идея қорын алу емес, керісінше, жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін іс Шығармашылық қабілеттің дамуы әрбір балаға қажет екендігін, әр тұлғаның қоғам дамуында өз орны бар екендігін біле отырып, дарынды балалардың тек өткенге емес, болашаққа да қызығушылығымен, іс-әрекеттердің жаңа тәсілдерін көбейтуге қабілеттерімен ерекшеленетіндігін атап өту қажет. Сонымен бірге бұл жеке

тұлғалық дамудың мақсаттарына да жауап береді. Баланың дарындылығын анықтаудың негізі мектептен басталады.

Мектеп балаларымен жұмыс істеу – ерекше маңызды педагогикалық проблема. Осыған байланысты дарынды балалармен жұмыс істеудің төмендегідей кезеңдерін анықтауға болады:

- Баланың жеке ерекшелігін, дарынын зерттеу;
- Балалар шығармашылық өнімдерін жариялау;
- Игерілген нәтижелерді бақылау.

Яғни осындай жұмыс істеу бағыттары арқылы бала белгілі бір шеберлікке жеткен соң, оның шығармашылық қабілеті дамиды, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады. Дарынды баланың бойындағы дамыған сана белсенділігі мен таным белсенділігі, тума қабілеті. Ол қабілет мен информатика сабағымда білім беру арқылы ашамын және дамытамын.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» - деген.

Бұл-уақыттың талабы. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол - балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде жүзеге асырылуы орынды. Жаңа тұлға оқушыны дамыту жолдары: өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Демек, мектеп оқушыларының ғылым, білімнің қоғамдық қажетті деңгейі мен қамтамасыз ету, оларды Отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет.

Иә, сан ғасырлық қайғы- қасіретке толы тарихында, қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, көптеген оқиғаны басынан өткерді. Сол тар жол, тайғақ кешуде арып ашса да, қажып қансыраса да ешқашан өзінің қадір-қасиетін жоғалтпай, ар- намысын, абыройын төкпей бүгінгі Тәуелсіздікке қол жеткізді. Биыл егеменді елімізге- 25 жыл. Ендеше, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.С. Макаренко. Психология труда учителя.М., «Просвещение», 1993.
2. В.И. Андреева. Педагогика творческого саморазвития. Казань. 1996.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
4. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
5. Краткий словарь иностранных слов // под.ред. О.П.Марасанова.М., 1993. 318-б

6. С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. А.С. Макаренко. «Толковый словарь русского языка» // М., 2004. 288-б

7. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б

8. В.А. Хуторской. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования. // «Народные образования», №2, 2003. 58-94-б

9. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

10. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б.

ТАҚЫРЫБЫ: «МЕНИҢ ОТАНЫМ-ҚАЗАҚСТАН». СЫНЫП САҒАТЫ

Кайсенова А.С.
«Қазақ мектеп-гимназия» КММ
Петропавловск қ.

Мақсаты: ұлт жоспары шеңберінде білім беру процесіне Мәңгілік Ел құндылықтарын енгізу;

-қоғамда қазақстандық патриотизм идеясын дамыту, Тәуелсіздік алғаннан бергі Қазақстанның жетістіктерін насихаттау, басты құндылықтарды – тәуелсіздік, бейбітшілік пен келісімді нығайту.

- Еліміздің мемлекеттік нышандарына, дәстүрлеріне, тарихына, Қазақстан Республикасының Конституциясына деген мақтаныш сезімді ояту және оларға құрметпен қарау.

- балалардың Отанға деген азаматтық жауапкершілікті сезінуіне ықпал ету. Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан халқы бірлігін нығайтудағы олардың маңызын ашу.

-1851 жылдан бастау алып келе жатқан дүниежүзілік көрмелер тарихын, әлем елдерінің ынтымақтастығын және 2017 жылы Қазақстанда өтетін ЭКСПО көрмесі туралы түсіндіру.

Барысы:

I.Ұйымдастыру. Шаттық шебері

Қол алысып кәне біз,

Достасайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге,

Тез тұрындар шеңберге,

Қандай жақсы бір тұру,

Достарменен бір жүру!
Қандай жақсы дос болу!

Топқа бөлу. Тойбастардың ішіндегі түрлі кәмпиттерді алып, түсі бойынша топқа бөлінеді. (Топ аттары: 1. Отбасы 2. Қала 3. Ауыл 4. Мектеп)

- Балалар, топ аттарын естігенде не ойларыңа келеді? (оқушы ойы)
- Осы сөздердің ортақ атауын не деп айтуға болады? (Отан) (оқушы ойы)
- Біздің Отанымыз қалай аталады? (Қазақстан)
- Қазақстанның тұңғыш Президенті кім? (Н.Ә.Назарбев)
- Қ.Р қандай мемлекет?(зайырлы, тәуелсіз, дербес)
- Неліктен біз тәуелсіз мемлекетпіз? (өз әнұран, ту, елтаңбамыз бар, өз әскеріміз, шекарамыз, өз заңымыз бар)
- Қазақстанда қанша облыс бар?(14) Біз қай облыста тұрамыз? (СҚО)

- Қазақстанда қандай қалалар бар екенін мына сөзжұмбақтар арқылы білейік



Қарағанды
Алматы
Жезқазан
Ақтөбе
Талдықоран
Семей
Ақтау

Астана

Шымкент

-Қандай сөз шықты? (Қазақстан)

-Қазақстанның мемлекеттік тілі қай тіл?(қазақ)

-30 тамыз Қазақстан қандай мерекені тойлады? (Оқушы ойы)

(Мемлекеттік өз Ата заңымыз 1993жылы 28 қаңтарда қабылданса, жаңа заң 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. Осы заң адамның денсаулығын, тыныштығын, өмірін қорғайды.)

-Сендер тағы қандай заңдарды білесіңдер? (оқушы ойы)

-Енді балалар, алдарымыздағы тапсырмаларды орындайық.

Топтық жұмыс

1 топ: Отбасы (эссе «Жазғы демалыс»)

2 топ: Қала (коллаж «Менің қалам»)

3 топ: Ауыл сурет көрмесі «Кеше, бүгін, болашақта»

4 топ: Мектеп (Мақал-мәтелдер жалғастыр)

1. **Отан**-оттан да ыстық

2. Отан- **отбасынан** басталады.

3. Мектеп-**кеме**, білім-**теңіз**.

4. **Кітап**-алтын қазына.

5. **Оқу**- білім бұлағы,

Білім-өмір шырағы

6. Оқусыз **білім** жоқ,

Білімсіз күнің жоқ

Балалар, біздің Қазақстанда қандай үлкен қуанышты оқиға болып жатыр?
(ЭКСПО 2017)

ЭКСПО дегеніміз не?

ЭКСПО деген қандай көрме? Оны қалай түсінесіңдер?(Оқушы ойы)

(ЭКСПО өзінің аты айтып тұрандай «экспонат» деген сөзінен шыққан, қазақша жәдігер деген сөзді білдіреді. Дүниежүзілік халықтарының өмірдің түрлі саласында қол жеткізген жетістіктерін, жәдігерлерін көрсететін алаң. Бұл көрмеге 160 мемлекет мүше болып қатысып отыр. Бұл жұмысты ұйымдастыру үшін арнайы Халықаралық Көрмелер Бюросы ХКБ құрылан. Штаб пәтері Парижде орналасқан. Қазақстан ХКБ-ға 1997 жылы мүше болып кірді.)



Бейнеролик тамашалау. (ЭКСПО туралы)

Қорытындылау. Сонымен, балалар, сабағымызды қорытындылайық.

Сендер Тәуелсіз қазақ елінің ең жас жеткіншектерісіңдер. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді әкелеріміз бен аталарымыз, аналарымыз бен әжелеріміз сияқты қадірлеуге, сүюге, қорғауға тиісті екенімізді естен шығармайық.

Рефлексия

-Балалар, біздің өлкеміз қандай өлке деп аталады.?

-Ақ қайыңдар өлкесі деп аталады.

-Жақсы. Мына қайыңға не жетіспейді?

Ендеше жапырақтармен безендірейік. Өз жапырақтарыңызға біздің Отанымыз өркендеуі үшін қандай үлес қосар едіңдер, жазыңдар.

**«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫМЕН ҰШТАСҚАН
МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫ – ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
РУХАНИ КӨЗІ**

Калиева Т. К.
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ СҚО
бойынша ПҚ БАИ»
tamara10041961@mail.ru

Есенғалиева А. Е.
«Қазақ мектеп-гимназиясы» КММ
Петропавл қ., Солтүстік Қазақстан облысы
pretty_aya.86@mail.ru

Аннотация. В статье актуализируется значимость творческого наследия «инженера души человека» - М.Макаатаева в воспитании молодого поколения, представлены возможности уроков по изучению лирики поэта, органично связанной с ценностями национальной идеи «Мәңгілік ел».

Ключевые слова: творческое наследие, воспитание, личность

Abstract. The article is about the "engineer of the human soul" M.Mukataev's significance of the creative heritage in the education of the young generation, presents possible lessons for the study of poetry and the poet, organically linked with the values of the national idea "Mangilik El".

Key words: creative heritage, education, personality

Бүгінгі уақыт талабына сәйкес білім беруді дамыту тұжырымдамасына байланысты болып жатқан жаңа өзгерістер қоғам мен мемлекетіміздің алдына жаңадан туындап жатқан құндылықтарды ескере отырып, білім беру жүйесін түбегейлі өзгерту мәселесін қояды. Қай елдің болмасын өсіп - өркендеуі, өнуі, әлемде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты.

Осы орайда, Франциядағы бала тәрбиесі жайындағы айтылған мынадай ойлар есімізге түсіп отыр. Француздар 3-4 жастағы сәбилер үшін елінің тарихы мен атақты адамдары туралы түрлі-түсті, әдемі кітапшаларды көптеп шығарады екен. Сондай-ақ, Францияның төл тарихы туралы өз сәбиіне түсіндіріп айту - ата-аналардың басты міндетіне кіреді екен. Иә, отбасынан бастап, балабақшада, мектепте жалғасын табардай ұлттық болмысты қалыптастыратын жүйелі тәрбие жемісін берері сөзсіз ғой. Біз жаңа дамып келе жатқан мемлекетпіз. Өткеніміз бен бүгiнiмiзге, ертеңiмiзге сынмен қарап, сара жолды таңдай бiлуiмiз – жарқын болашақ кепiлi.

Білім мен білік - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты, өзтарихын жетік білетін адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осы орайда Омар Хаям:

Сен жанбасаң лапылдап,
Мен жанбасам лапылдап,

Аспан қайдан ашылмақ,- дегендей оқушыларымыз да заман ағымынан қалыспай, ұлттық құндылықтарды сақтап, білімді, белсенді болуы керек. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ, сонда ғана біз "Мәңгілік Ел" боламыз.

«Мәңгілік Ел» аталарымыздың көптеген ғасырлар бойы жете алмаған арманы болғаны баршамызға айқын. Бұл арманы дүниедегі мемлекеттермен біркелкі байланыс жасайтын, дүние жүзінің картасынан ойып тұрып белгілі

орын алып тұрған бостандықтағы ел деген атау алу болды. Осы арман өмірі жақсы, болашақ алдыңғы күндеріне тіке қарайтын мемлекет керек еді. Осы армандардың барлығын шындыққа айналдырдық десе болады. Мәңгілік Ел қабырғасын қаладық. Жас ұрпақтың болашағын жарқын қылатын Мәңгілік Елміз деп сеніммен айтуға болады.

Білім жүйесінде экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің стандартына біліктілігі мен құзыреттілік деңгейі сай келуі үшін бәсекеге қабілетті сапалы білім және саналы тәрбие беруге қажетті жағдайлар жасалды. Бұл міндеттер Бес институттық реформаны жүзеге асыруға арналған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында айқын көрсетілген. Осы мақсатқа қол жеткізу әр мұғалімнің сапалы жұмысына, оқушының білімге деген уәждемесіне және ата-ананың қызығушылығына байланысты қалыптасады. Сонымен қатар, әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі қазақ елінің болашағы білім мен тәрбие алауын жаққан мектеппен тікелей байланысты.

Ел мен қоғам, дәуір мен әдебиет әрқашан бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сол қоғам мен дәуірдің ақиқатын айқындайтын ірі тұлғалар әдебиет майданында кемде-кем. Кешегі кеңестік кезеңнің «ащысын татпаса да», «ақиқаттың ауылын шырқ айналып» іздеумен ғұмыры өткен қас талант Мұқағали Мақатаев поэзиясы қазіргі жас ұрпақтың бойын жақсылыққа, ізгілікке, өз ұлтын сүйе білуге баулыса, сол арқылы мына күрмеуі көп қиын заманда бүкіл саналы өмірінде елінің болашағын жырлап өткен, халқына деген махаббатын тек поэзияда ғана емес, өмірде де, күресте де үлкен азаматтықпен қорғай білген мұралары ешқашан өлмек емес деп айта аламыз.

Қарасаз, Қара шалғын өлеңде өстім
Жақсы жыр жазсам, халқым елеңдестің
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!

Қазақ поэзия әлеміне шетсіз-шексіз кеңестік пен көз сүрінген биіктік әкелген ақын өзінің туған жеріне деген махаббатын жыр өрнектерімен өре білген. Кәусар сезім мен тояттамас көңіл, шалқыған шаттық пен мұңға тұнған махаббат, буырқанған шабыт пен сабырға көнбес сағыныш сыйлаған ақын.

Ірі ақындық қуат пен азаматтық ар-намыстың көркем жемісі әр шығармасынан өрнек тауып, оқырманының ойына қанат, бойына қуат бітіріп, поэзия құдіретіне бас игізген – Мұқағали Мақатаев шығармалары біздің Қазақ мектеп-гимназиясында оқу-тәрбие үдерісінде белең алуда.

Қазақ поэзиясының марқасқасы, өмірі өлең, өлеңі өмірге айналған Мұқағали Мақатаевқа арналған поэзиялық кеш ерекше сезім мен сырға толы болды. Ақын өлеңдерін насихаттау, жастар бойында патриоттық сезімді тәрбиелеу мақсатында өткен кеш «Өнер» орталығының ақындық сынып клубының жетекшісі Зағыпар Аманжол мен қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткізілді.

Кеште қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері мен мектеп оқушылары Мұқағали Мақатаевтың сарқылмайтын шабыт пен сағынышқа толы жырларын тебірене оқып, ақын сөзіне жазылған «Саржайлау», «Сәби болғым келеді»,

«Фариза», «Жапырақ жүрек жас қайың» және т.б. әндерді шарықтата шырқады. Ақын шығармашылығына деген махаббаттарын осылайша көрсеткен ақынжанды жастар сонымен бірге, өз жүректерінен шығарған арнау өлеңдерін оқып, «Шаң басқан архивтерден табылармыз» деген Мұқағали өлеңдерінің ұмытылуына жол бермейтінін көрсете білді.

Тілдер фестивалі аясында өткен іс-шараларда тарих толқынында толастаған жылдар төңірегінде Мұқағали ақынның өмірі мен қызметі, сындарлы ойы жайлы айтылып, оқушыларды поэзияны сүйуге, ақын жырларын, әндерін айта отырып, өз елін, ұлтын сүйуге тәрбиелейді.

Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің онкүндігінде оқушылар мектебіміздің мұражайына «Соғады жүрек» атты Мұқағали ақынның шығармашылығына арналған мұражайлық сабағына қатысты. Оқушылар үшін мұражай сабағы қызықты әрі әр оқушының көңіліне бір ой саларлықтай болды деп ойлаймыз. Оқушылар тек қана барлығын көзбен көріп қана қоймай, ауызша өз ойларын айтып, толығырақ мәліметтермен танысты. Сабақ соңында оқушылар топқа бөлініп ақын өлеңдерінің тәрбиелік мәнін ашып, бір-біріне сұрақтар қойып, түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындады. Оқушыларымыздың қойылған сұрақтарға еш қиындықсыз жауап беруі, өз ойларын жетік, еркін жеткізе білулері қуантады.

Сонымен қатар 27 қаңтар күні ұлы ақынның «Райымбек! Райымбек!» поэмасынан театрландырылған қойылымды шебер көрсетті. XVIII ғасырдың басында жоңғарларға қарсы шапқан Райымбек батырдың ерлігін кейінгі жас ұрпаққа дәріптей отыра, оқушыларға патриоттық сезім сыйлайтын бұл туындыда ел ақсақалдары мен билердің арамза ойларын өткір сынға алғаны, сол кездің ішкі-сыртқы саяси хал-ахуалы туралы көрсетілімі оқушыларды терең ойға жұмылдырды. Қазақ даласының тарихын еске салатын осындай қойымдардың оқушыларымыз үшін маңызы зор деп ойлаймын. Қойылымды оқушылар бар ынталарымен тыңдады. Әдеби кеште ақиық ақынның өз дауысымен оқылған өлеңдері тыңдалып, кітап көрмесі мен ақын шығармасы мен өмірбаянынан сыр шертетін слайд-шоу қатысушылар назарына ұсынылды. Ғасырлар тоғысында Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын оқушы жүрегіне ұялату, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мақсатында өткен бұл іс-шаралардың мәні зор.

Қазақстан әлемдік қауымдастық қатарында басқа елдермен терезесі тең дәрежеге қол жеткізуі үшін, жас ұрпақтың нұрлы болашағы үшін осындай ақиық ақындарымыз салған сара жолды оқушыларымыздың жүрегіне ұялата білсек «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жүзеге асырғанымыз. Қоғам игілігі, елдің өркендеп дамуы үшін жасалып жатқан осы маңызды бастамаға білім беру және ғылым саласы қызметкерлерінің, жалпы барша халықтың қолдау көрсетіп, барынша ат салысатынына сенеміз. Сол сенім бізді алға жетелейді. Халқымыздың ғасырлар бойы армандап, екі ғасыр тоғысында қол жеткізген бақыты ол біздің – тәуелсіздігіміз. Оның іргетасының мықты болып нығаюы жас ұрпақтың терең білімі мен тәлімді тәрбиесіне байланысты болмақ.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – [Электрондық ресурс]:<http://adilet.zan.kz>.

2. Жарықбаев К.Б., Қалиев С.К. Қазақ тәлім-тәрбиесі. - А., Санат, 1995.– 167б.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Каскирбаева Ж. К.

«Қазақ–мектеп гимназия» КММ

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ.

Аңдатпа. Мақалада қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алудағы жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі туралы айтылған.

Annotation. There is spoken about the effectiveness of innovations in quality teaching of young people nowadays in this article

Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол- Мәңгілік ел идеясы.

Қазақ халқының шолпан жұлдыздарының бірі Мағжан Жұмабаевтың «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына сай қылып шығару. Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі» дегеніндей ақпараттық технологиялар заманында жоғары білімді ұлт болуымыз үшін жас ұрпақты ұлттық құндылықта тәрбиелеудің маңызы өте зор. «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық.

Абылайдың арманы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастауымен

Қазақстан егемендік алғаннан бері соңғы 25 жыл уақыттың ішінде орындалып келе жатқанының куәсіміз. Кезінде түркі жұрты қағандары «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, қара терін төгіп, қызыл қанын ағызып» «Мәңгілік Елдің» іргесін қалап кетсе, дәл осыны жаңа дәуірде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ХХІ ғасырдағы «Мәңгілік Ел» идеясы тұрғысында, іс жүзінде тарихи сабақтастықта жалғастырып отырғанын атап өтсек артық кетпейміз [3]. Елбасының келешек ұрпағымыздың өсіп-өнуі үшін жасап жатқан парасатты қадамдары өте мол. Еліміздің балабақша, мектеп, колледж, жоғары оқу орындарына арналған стратегиялық білім беру бағдарламалары жастардың білім мен ғылым жолында жан-жақты дамуларына, жаңа өзгерістерге төтеп бере алатын, заманауи техниканы меңгерген, өз ісінің шеберлері ретінде

қалыптасуларына мүмкіндіктер беріп жатыр. Сондықтан да қазіргі таңдағы білім алудағы басты мақсат: жастардың өз елінің нағыз патриоты бола отырып, өз елінің дамып, әлемдік аренада өз орнын айқындайтындай мемлекетке айналуына септігін тигізетін, жаңа технологияны меңгерген, қоғамға адал қызмет ететін, өмірге бейім, жаңашыл тұлға болып қалыптастыру. Осыған орай, Тәуелсіздігіміздің тұтастығын сақтау, еліміздің бірлігін нығайту, ұлттың ұлы мақсаттарын жүзеге асыруға үлес қосу елдің әр перзентінің, бүгінгі жастарымыздың міндеті.

Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық Даму жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне, біліктілігіне, кәсіби құзіреттілігіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады, білім-қозғаушы күш. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі - білім мазмұнын жаңарту мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологияларды меңгерту сынды кешенді шараларды жүзеге асыруда.

Осы бағыттағы білім мен біліктілігі үйлескен педагогтар ғана ел ертеңі үшін еңбек етер жастарды қалыптастырады, заманауи білім мен ұлттық тәрбиені ұштастыра біледі

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұнын мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8 - бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру Әлем жылдам өзгеруде. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы азаматтардың алдына үлкен жауапкершілік тұрғаны баршаға мәлім. Заман көшінен қалмай өзінің келешегі болған ұрпақтары бойында ұлттық құндылықтарды жоймай керісінше жандандыра отырып білім нәрімен сусындатқысы келетін Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің қызметкерлеріде қазіргі таңда аталған жүйеде үлкен өзгерістер жасауда. Соның бірі мұғалімдер біліктілігін арттыру курстарының деңгейлік бағдарламалары. Бұл біліктілікті арттыру курстары әлемнің озық үлгідегі білім беру тәжірибелерінен жинақталған. Олай болса «Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін – тек қана олардың оқуы үшін жағдай жаратамын» –

деген Альберт Эйнштейн бастамасын назарға ұстаған бұл оқыту үдерісінде, оқушылардың өздігінен білім алуына жағдай жасау негізгі мақсат болып есептеледі. Білім – болашақ бағдары, кез-келген оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа. Өз өміріме үнемі ұлылар өсиеттерін ұран қып жүретін менде Абай атамыздың «сенде бір кірпіш дүниеге, тетігін тапта бар қалан» – деген ұлы сөзін арқау етіп жас кезімде ұстаздық мамандығын таңдаған болатынмын. Ушинскийдің «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды ізденуді тоқтасымен оның мұғалімдігіде жойылады» – деген көрегенді сөзінен үлгі алып өз білімімді үнемі жетілдіріп отыруға тырысамын. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу— біздің міндетіміз.

Қоғамның жаңарып өзгеруіне байланысты өзекті проблемалардың бірі – жастардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда жаңа дидактикалық әдістер мен жолдар іздестіру. Осы ізденістердің нәтижелері қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың маңыздылығын айқындайды. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды білім беру саласында пайдаланудың әдіс-тәсілдері, шарттары, дидактикалық-әдістемелік негіздері В.П.Беспалько, Г.К.Селевко, В.Ф.Шаталов, П.М.Эрдниева, Ж.А.Қараев, Ш.Т.Таубаева, М.М.Жампеисова, Б.Т.Барсай, Д.М.Жүсібалиева, М.В.Кларин, Қ.Ө.Қариева, С.А.Көшімбетова, Қ.Қабдықайырұлы, А.А.Саипов, Б.К.Төлбасова, А.Қ.Мынбаева, Л.А.Шкутина және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінің арқауы болды. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен білімгерлердің психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа педагогикалық технологиялар білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады: I кезең: оқып үйрену; II кезең: меңгеру; III кезең: өмірге ендіру; IV кезең: дамыту [6]. Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып,

айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар: дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, В.В.Репин, В.А.Левин); оза отырып оқыту (С.Н.Лысенкова); іс-әрекетті бағалау (Ш.А.Аманшвили, И.П.Волков); тірек және тірек конспектілері (В.Ф.Шаталов); сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; саралап оқыту; шоғырландырып қарқындап оқыту жүйесі; деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту; жобалап оқыту технологиясы т.б [1,2]

Педагогикалық технология – адамға алдынан белгіленген мақсат бойынша білім- тәриелік жағынан әсер еткізу әрекеті. Бірақ, педагогикалық технология мен оқыту тәсілдері (методика)ның айырмашылығын білу керек. Оқыту әдістері (методика) – белгілі бір оқу пәнін оқыту және де тәрбиелік істер заңдылықтарын қолдануға бағытталған. Қазіргі таңда білім саласындағы педагогикалық технологияның даму тікелей хабар технологияларына байланысты. Интерактивті оқыту технологиясы. Интерактивті оқыту – оқушы өзінде алдын ала жинақталған тәжірибеден пайдаланған түрде, оқу процесінде белсенді әрекет етеді, жаттығу барысында өте маңызға ие болып, жаңа тәжірибелер арттырады, алған тәжірибелері негізінде сабаққа анализ жасап, өзіне керекті маңызды материалдарды алады, және өзінің күнделікті тәжірибесімен байланыстырады.

Диалог дәстүрлі оқыту әдіс-тәсілдерінде де бар, мысалы, “мұғалім-оқушы”, “мұғалім-оқушылар тобы” . Интерактивтік оқытуда болса диалог “оқушы-оқушы”, оқушы-оқушылар тобы”, “оқушы- аудитория”, “оқушылар тобы-аудитория” (топтар презентациясы), “оқушы-компьютер” көрінісінде болады. Оқушы лекцияда тек “пассив” тыңдаушы есебінде емес, ал “актив” қатысушы ретінде қатнасады.

Пікір-талас. Бұл интерактивті оқытудың ең кең таралған түрі болып есептеледі және оқушылардың берілген тақырып бойынша әр түрлі білім дәрежесі және тәжірибелері негізінде үйренілетін мәселеге қандай әрекет ететіндігі анықталады. Мұнда мұғалім талқылау үшін проблемалы сұрақты немесе анық бір жағдайды белгілеп, ортаға тасатайды. Оқушылар болса тақырыптан ауытқымай өз пікірлерін айтады, талқылайды, ең соңында ортақ шешім шығарады. Бұл әдісте оқушы өтілген тақырып бойынша 80 пайыз түсінікке қабылдайды, себебі оқушы тапсырманы талқылау үшін: тыңлайды, оқу-визуалдық материалдар арқылы көреді, оқыйды, ең маңызды деген тұстарын жазып барады, есітеді, өз пікірін айтады, сұрақтар береді және практикалық тапсырмалар орындайды, тақырыпты өмірдегі мысалдармен байланыстырады, жалпы айтқанда, оқушының белсенділігі артады.

Дебат сабақ. Сабақ дебат түрінде өтіледі. Мұнда оқушыларда тақырыпты түсінумен бірге төмендегіше әрекеттер қалыптасады: - өз пікірін еркін айта алу; -өзгелер пікірін тыңдау және үйрену: -басқа оқушының пікіріне селқос қарамау; - өз пікірімен басқалар пікірін салыстыру; - проблема бойынша дұрыс шешім қабылдау. Рөлдік ойындар. Мұнда белсенді оқушылар таңдап алынады және оларға тақырыпқа қатысты рөл ойнау талап етіледі. Бұл әдісте оқыту процесі 3

басқышта, яғни жағдаятқа қарай отырып рөл ойнау, жағдайды бақылау және өз шешімін қабылдау негізінде іске асырылады.

“Кластер” әдісі. Бұл әдіс оқушының өзіндегі алдынан бар білімдер, тақырып бойынша түсініктерге негізделген. Мұғалім негізгі сөзді тақтаға жазады, оқушылар негізгі сөзді толықтырушы немесе сөз жауабына байланысты сөздерді айтады. Мұғалім оқушылардың айтқан сөздерін “Кластер” айналасына топтап, логикалық байланыс пайда етеді.

Балық скелеті техникасы. Бұл технология үлкен проблемалардың шешімін табуға бағытталған. Балықтың жоғары бөлігінде проблемалар жазылса, төменгі бөлігінде осы проблемаларды шешуге қаратылған шаралар немесе осы проблемалар бойынша мысалдар жазылады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады: – білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты; – жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Ойымды қорыта келе, ел ертеңі үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз – егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында күш-жігерімізді жұмсай берейік!-дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер :

1. Р.Мышырбаева.Оқытудың әдістері мен тәсілдерін тиімді пайдалану- // Бастауыш білім, №4, 2008
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, №4, 2008
3. Сұлтанова Г. Жаңа технологияларды ұтымды пайдалану - // Бастауыш мектеп №12, Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания: опыт педагогической антропологии. - М., 2000.
4. Ф.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. - Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014
5. А.Б.Айтбаева Білім берудегі жаңа технологиялар. Оқу құралы. – Алматы:Қазақ университеті, 2011
6. С.А.Көшімбетова Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру жолдары. Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз, 2004

МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ АЯСЫНДА-ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

Кенжехожаева Л. Ш.
«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚФ ОҚО бойынша ПҚБАИ

Аңдатпа. «Мәңгілік ел» бүгін ғана айтыла салған атау емес. Тарихымызға көз жіберсек, түркі дәуірінде Тоныкөк абыздың айтқан сөзі бар екен: «Мәңгілік ел болып қалыптасуымыз керек. Біздің бектеріміз бен қағандарымыз өзге жұрттың алдауына түспеуі керек. Аға буын қателесе, ол кейінгі жас ұрпаққа қиындығын тигізеді. Сондықтан, біз шектес, шекаралас елдермен сарабал саясат жүргізуіміз керек» деген. Осы себепті жастарымыз елжанды патриот болуы керек.

Түйін сөз: Мәңгілік ел, ұлттық идея, жаңа қазақстандық патриотизм.

«Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзені. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – мәңгілік ел! Мен мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алдым» деп елбасы Н.Ә.Назарбаев бағыт-бағдар бергеніндей адам – қашанда еркіндікті, бостандықты аңсайды, тек аңсап қана қоймай, сол үшін әдіс-тәсіл іздейді, күреседі. Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік – асыл арман. Оған жетудің жолы әрқилы. Бірі – күрес жолы, екіншісі келісім жолы.

Ал тәуелсіздікке қол жеткізген соң оны сақтап қалу, одан да қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмау керек. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат керек.

Ұлттық идея – халық мұраты. Идея – грек сөзі, образ, ұғым, түсінік мағыналарында қолданылады. Әрбір тарихи даму кезеңінде өзіндік идеясы болмайтын ұлт жоқ және де кең ауқымды адамдар тобының санасы мен жүрегін жаулап алуда ешбір идея тиімділігі жағынан ұлттық идеямен теңдесе алмайтыны анық. [2]

Ұлттық идеяны дәріптейтін жастарымыз патриот болуы керек. Патриотизм сезімі туа біткен сезім болып табылмайды, оны адам бойына дарыта білу керек. Оған тарихи сананы, яғни елдің батырлық және қайғылы оқиғаларын сараптап, елдің тарихына, мемлекеттік рәміздеріне, заңдарына, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау кіреді. Бұл процесс отбасы тәрбиесіне, күнделікті қолданылып жүрген дәстүрлерге, еліміздегі өмірдің деңгейі мен сапасына, әлеуметтік бағдарламалармен қанағаттандырылғандыққа, яғни адамның өз елін мақтан тұтуына мүмкіндік беретін барлық факторларға едәуір дәрежеде байланысты болады. Бұл жайында Елбасы Н.Ә.Назарбаев былай дейді: «Әрбір қазақстандық өзінің ұлттық тиесілігіне қарамастан, Қазақстан – бұл оның құқықтары мен бостандықтарын

қорғауға ылғи да дайын болатын, оның қанына сіңген туған мемлекеті екенін сезінуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық патриотизм сезімін арттыру және тәрбиелеу үшін түпкілікті негіз пайда болады, тек осы жағдайда ғана отандастар қазіргі уақытта Қазақстан ретінде бүкіл әлемге әйгілі мемлекетке тиесілігі үшін мақтаныш сезімін байқайды».

XXI ғасыр жаһандану үрдісі бүкіл әлем халықтарын біріктіру арқылы өркениеттілікті сақтап қалу барысында бар күш-жігерін жұмсап отырған тұста патриотизм ұғымы кең тұрғыда тек Отан емес, әлемдік тұрғыда қарастырылуды қазіргі қоғамдағы және әлемдегі даму үрдісі талап етеді.

Бүгінгі жаһандану үрдісінде, патриотизм ұғымы халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау, яғни жалпыадамзаттық патриотизм тұрғысынан қарастырылады. Сондай-ақ, патриотизм ұғымын жан-жақты талдау «елжандылық» ұғымын анықтау оны «ұлтжандылық» ұғымымен салыстыра қарастыруды қажет етеді.

Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық- мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым- қатынасты білдіреді»[3] - деп патриотизм ұғымына анықтама берген болатын. Патриоттық сезім жалпы адам баласына тән адами түйсік- қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, қамқорлықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, түйсінуін, қуаттап-қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. [4] «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру барша қазақстандықтарға, әсіресе, бүгінгі және келешек ұрпаққа үлкен сын, зор мәртебелі іс болмақ. Бұл үшін төмендегі құндылықтарды орындауымыз керек: бірінші – ата-анасын қадірлейтін, Отанын сүйетін бала тәрбиелеу, екінші – қазақ тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін білетін, оны дамытатын ұрпақ тәрбиелеу, үшінші – халықтар достығын қастерлейтін, ел бірлігін сақтайтын ұл-қыз өсіру. Қазіргі кезеңде ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі, жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім сезімдерін дамыту. Өз халқын сүйіп, оның болашағын ойлаған адам басқа халыққа да солай қарайды. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деп Елбасымыз атап көрсеткендей тәуелсіздіктің тұрақтылығы мен мәңгілігі қазіргі ұрпақтың оны түйсініп, түсінуінде жатыр. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет болып табылады.

Ел тағдырының мәні азаттықтыққа қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекеттілікті сақтау болса, осы жолда қаншама алаш зиялылары тәуелсіздік үшін күрес жолын жалғастырды. Кешегі кеңестік кезеңде де ғасырларға созылған тарихы бар қазақ елін жоққа шығаруға бағытталған әрекеттерге тойтарыс беріліп, «қазақ жері» деген ұғымның сақталып қалу жолында ерен еңбектер атқарылды.

Біз мәңгі өлмейтін халықтың ұрпағымыз. ХХІ ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын – жастар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалыбекова Г. Жастарды елжандылыққа тәрбиелеу мәселесі. Ұлт тағылымы №4, 2010, 76-78б.
2. Момышұлы Б. Совет бабалаларын патриотизмге тәрбиелеу. – Алматы 1989, 95 б.
3. Философиялық сөздік. Ред. кол: Р.Н.Нұрғалиев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы 1996, 80 б.
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Алматы. Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы, 2001, 95 б.

МӘНГІЛІК ЕЛ - ТҰҒЫРЛЫ БАСТАМА

Куанова Л. Б.
«Опорный орта мектебі» МКМ

Мәңгілік ел бағдарламасы бүгінгі таңда біз өмір сүріп отырған қоғамға ең керекті бағдарлама еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін бағдарлама өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы бастама. «Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман - тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі - Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!» деп Елбасымыз атап көрсеткендей тәуелсіздіктің тұрақтылығы мен мәңгілігі қазіргі ұрпақтың оны түйсініп, түсінуінде жатыр. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет болып табылады. Бүгінгі таңда өмірге келіп жатқан жас ұрпақ- ертеңгі Қазақ елінің мәңгілік перзенті. Олардың санасына «Мәңгілік ел» идеясын сіңіріп, мән-маңызын ұғындыру басты ұстанымыз. Ол үшін балабақшадан басталатын тәлім-тәрбиенің негізін осынау басты ұлттық мұраттың бағытына қарай батыл бетбұрыс жасатуымыз керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәуелсіздің

таңымен арайлап атқан азаттықтың қадір-қасиетін жете сезініп, өзін Мәңгілік елдің, Мәңгілік патриоты ретінде таныта алады.

Қазақстан халқының мәңгілік мұратына айналған бұл ұлттық идея бір сәтке де санамыздан өшпеуі керек. Әсіресе ұрпаққа ұлағатты тәрбие беретін педагогтардың басты ұстанымы бола бермек. Егер бүгінгі бүлдіршінді халқымыздың жарқын болашағы мен еліміздің кемел келешегі үшін еселі еңбек ететін, адалдықтың ала жібін аттамайтын атпал азамат ретінде қалыптастырсақ, онда мақсатымыздың толық жүзеге асқаны.

МЕН ЕЛІМНІҢ ПАТРИОТЫМЫН! ЭССЕ

Кулкашев Н. Р.

Бірлік жалпы орта білім беру мектебі,
Баянауыл ауданы, Павлодар облысы

Мен – ұстазбын және патриот болуым хақ. Ата-бабамыз ат үстінде жүріп, қасық қаны қалғанша қорғап алып берген кең-байтақ жеріміз үшін күресіп, қазіргі күні тәуелсіздікке қол жеткізген елімнің қалайша патриоты болмасқа?!

Патриот болу, жай ғана сөзбен емес, сол елдің көркеюіне, дамуына жасалынатын нақты істерінен көрінуі тиіс.

Болашақтың тұтқасын ұстар жас ұрпақтың бойына тәрбиенің құнды дәнегін сеуіп, жаңалыққа жаны құштар, шығармашыл болып қалыптасуына, отанын, туған елін, туған жерін сүйе білуге, салт-санасын, әдет-құрпын білуге тәрбиелеп, Мәңгілік Ел атануына титтей де болса өз ықпалымды жасай алсам – ол менің патриоттық борышым.

Міне, сол себептен өзімді елімнің патриоты деп санаймын. Демек, менің шәкірттерім еліміздің ертеңгі патриоттары болатынына кәміл сенемін.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Култаева А. Ж.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Жамбыл облысы
бойынша ПКБАИ, Тараз қ.
jarkinbek_02.10@mail.ru

В данной статье о Национальной идее «Мәңгілік ел»- это духовная платформа формирования казахстанской идентичности патриотическое воспитание подрастающего поколения всегда являлось одной из важнейших задач современной школы, ведь детство и юность самая благодатная пора для

привития священного чувства любви к Родине. Роль педагога по внедрению ценностей «Мәңгілік Ел» в учебно – воспитательный процесс.

In this article, the national idea "Mangilik El" - is the spiritual platform of formation of the Kazakh identity, the Patriotic education of the younger generation has always been one of the most important tasks of the modern school, because childhood and adolescence is the most fertile time to inculcate sacred feelings of love for the Motherland. The role of the teacher in the introduction of values of "Mangilik El" in the educational process.

Мәңгілік ел, құндылықтар, патриоттық тәрбие отан.

2014 жылдың басында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ХХІ ғасырдағы Қазақстанның ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» деп жариялады. Осылайша кемел келешекке байсалды қадамдар жасау үстіндегі тәуелсіз Қазақстанның көздеген заманауи мақсат-мұраты артта қалған ғасырлар құндылығымен сабақтасып, жалғасып жатқаны, біз Еуразия түркілерінің қара шаңырағын ұстап қалған мұрагері болып табылатынымыз ресми дәйектелді. Елбасымыз ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы «Мәңгі Ел» идеологемасының жаңа әлемдегі, жаңа тарихи дәуірдегі заңды жалғасы. Кім Отанының, ұрпағының, ісі мен есімінің мәңгілік болғанын қаламайды? Ешкім де! Америкада да, Африкада да солай. Жұмыр басты пендеге мәңгілік өмір бұйырмаған. Бірақ қамшының сабындай қысқа өмірінде адам терең ақыл-ойымен, шебер қолымен мәңгілік ел түзе алады. Басқасының бәрі – көмір де, темір де, тау да, тас та көмекші құрал ғана. Сенімді серігі – толағай интеллектуалдық ізденіс пен серпіліске сүйенген ұлттық идея.

Ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қамтамасыз ететін компоненттердің бірі болып келеді. Сондықтан, 2016-2019 жылдар аралығында бастауыш буыннан бастап, жоғарғы буынға дейінгі сыныптарда іске асырылатын «Мәңгілік ел» патриоттық актісі білім беру мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру бағдарламаларына енгізу қарастырылған. Қазіргі таңда, білім мазмұны жаңартылған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын, оқу бағдарламаларын әзірлеу «Мәңгілік ел» құндылықтарына бағдарлануымен жүзеге асырылып жатыр. «Мәңгілік Ел» идеясы мемлекет құраушы халықтың сан ғасырлық құндылығын ұлықтауын, көпұлтты, көпдінді ахуалымызды, бірде-бір этносқа қандай ғана болмасын басымдық берілмейтінін меңзейді. Сөйтіп, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бағыт-бағдарын, межесі мен мәресін айқындайтын іргетасқа төл тарихымыздың қойнауында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа аманатталған, бәсеке мен сынақтардан шыңдалумен бүгінге жеткен бабалар арманы қаланды. Енді не істеу керек?

«Егер де сен кеме жасағың келсе – адамдарды шақырып, жұмысты жоспарлап, бөліп берудің, құрал-саймандарды тауып берудің қажеті жоқ. Адамдардың шексіз теңізге деген ынта-ықыласын асқындыра ояту керек. Сонда олар өздері-ақ кеме жасап алады...» деп, жазушы Антуан де Сент-Экзюпери

айтқандай, заманауи білім беру бағдарламасының талаптары жас жеткіншектердің оқуға деген қабілеттері мен ынтасына әсер ету тек мұғалімдердің қолдауы мен демеуі арқылы жүзеге асатыны белгілі.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болуы барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл пәндік білім, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғалімнің естен шығармайтын нәрсенің бірі - ол сабақ беріп қана қоймай, жеке тұлғаны қалыптастыру. Бағдарламада көрсетілгендей бала бойында рухани құндылықтарды «Мәңгілік Ел» идеясы арқылы сіңіру жұмыстарын жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» - бұл барлық қазақстандықтарды біріктіретін жалпыұлттық құндылықтар және еліміздің болашағының іргетасын құрайды» деп атап көрсетілген. [1]

«Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын азаматтық және жалпыұлттық идея қазақстандықтардың бойында патриоттық сезім, ұлттық сана-сезім, ұлттық рухты, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды жетілдіруге бағытталған. Жалпыұлттық идеяның миссиясы мен құндылықтары оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асырылады. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың басты ерекшелігі білім беру мен тәрбиенің бірлігі болып табылады. «Мәңгілік Ел» идеясын білім беру мен тәрбиелеуде іске асыру тетіктеріне білім беру құндылықтарын, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікті, ашықтық пен ынтымақтастықты қалыптастыру, өмір бойы білім алу және тағы басқалары жатады. Қазақстан халқын біріктіретін «Мәңгілік Ел», «Қазақстан - менің Отаным» жалпыұлттық идеяларын жүзеге асыруда мектептердің рөлі аса маңызды болып табылады.

Мұғалімге арналған нұсқаулықта айтылғандай оқу-тәрбие үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына жәрдемдесуі тиіс. Сондықтан «Қазақстан тарихы» пәні оқушыларды тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, оған қоса ғасырлар бойы Ұлы дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды түсінуге жетелейді. Пән мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстандағы алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді. «Қазақстан тарихы» пәні «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, ал бұл өз кезегінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдайтын, адамдар құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеу арқылы жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру мазмұны оқушыларға пәндік білім ғана емес, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттер мен дағдыларды және Отаншылдыққа тәрбиелейтін құндылықтарды меңгеруге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазастан жолы-2050: бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» 2014ж 17 қаңтар.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Алматы - 2008.

3.Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырыдамасы.

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ НЕГІЗІ – КӨПТІЛДІ, КӨПМӘДЕНИЕТТІ ШӘКІРТ БАУЛУ

Қыдыршаева Қ.С.

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,
М.В.Ломоносов атындағы ЖОББМ

Қашан да игі істің басы - тіл. Қай заманда да тіл – елшінің алмас семсері-құралы. Өнер алды – тіл. Тәрбиенің де, әдептің де басы – тіл. Ақыл мен білімнің тілмашы да – тіл. Демек, адамның құты – тілден. Әйгілі философ-жазушы Әбіш Кекілбайұлы айтады: *«Жалпақ әлемді ауызыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек» деп.* Біздіңше, рухани байлық, рухани ерлік тұлғаның тұла бойына тіл арқылы дарымақ. Демек, жақсылық та – тілден, жамандық та тілден. Тілменен түйген тіспенен шешілмес.

Ал, көптілділік – бүгінгі заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр қилы әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің күллі ерекшеліктерін, барша құндылықтарын сезінуге болар еді. Бұл реттегі ойымызды орыс тілінде сабақтасақ, стремление к трехязычному образованию является самым перспективным и полностью соответствует тенденции в странах Европейского союза. Изучение несколько языков поможет интеграции Казахстана в экономическую и культурную сферы мирового сообщества. Существует очень мудрое и актуальное в настоящее время изречение: чем на большем количестве языков вы говорите, тем больше раз вы человек. Владея языками, люди способны понимать друг друга, сотрудничать и взаимодействовать. Турасын айтсақ, екінші бір тілде сөйлеу өзге тілді пайдалану ғана емес, басқа ұлттық мәдениеттің, психологияның аясына сыналап енуді де аңғартады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде:

«Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кемі үштілді болуы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруі тиіс. Еуропада көптілділік қалыпты нормаға айналған, біз де осы қатардан міндетті түрде табылуға тиіспіз. Ағылшын тілін кең тұрғыда білмей, ұлттың нағыз бәсекеге қабілеттілігі туралы айту қиын» [1,89-93], - деген-ді. Значит, в Европе среди выпускников школ и студентов давно стало нормой непринужденное общение на нескольких языках. Знание не менее трех языков является требованием времени.

Приоритетность государственного языка – основа полилингвального образования в Казахстане. Конституция Республики Казахстан закрепляет приоритетность казахского языка как основы полилингвального образования. Оно возникает из необходимости гармоничного взаимодействия родного языка, который определяет национальную принадлежность людей и других языков, в данном случае русского и иностранного (английского) языков. Как гласит восточная мудрость: «Знание родного языка - ключ к сердцу народа». В процессе коренной модернизации системы образования ведущее место принадлежит и иностранным языкам. Наряду с родным языком они призваны обеспечить формирование гармоничного овладения трехязычием. Все народы и культуры мира сейчас стали намного ближе друг другу и желают полноценного общения. И такую роль в Казахстане играет русский язык. Русский язык – как один из ключевых факторов формирования позитивного восприятия Казахстана в мировом сообществе продолжает быть средством межнационального общения между народами нашей Республики, инструментом диалога в международных организациях. Русский язык – один из официальных языков ООН.

Приобщение к иноязычной культуре, постижения ее самобытности, осмысление ее культурного вклада в общий фонд духовных ценностей становится сегодня краеугольным камнем духовно-нравственного воспитания. Составной и неотъемлемой частью учебно-воспитательного процесса школы является работа по формированию поликультурной личности, владеющей несколькими языками и способной легко интегрироваться в культуру других народов.

Өз кезінде Елбасымыз «Қазақстан білім қоғамы жолында» тақырыбындағы «Назарбаев университетінде» оқыған интерактивті дәрісінде: *«Мектеп жасына дейінгі білім беру деңгейінде үш тілді оқытуды жаппай енгізуді қамтамасыз ет қажет. Осылайша біз тілдерді меңгерудің қисынды жүйесін қалыптастыра аламыз: әліпбиі – балабақша деңгейінде, мектепте – базалық деңгей, университет пен колледжде – мамандық бойынша кәсіби тіл» [2,115], - деп, көптілді білім беруді дамытуға басымдық танытады. Осы жоғарғы қазақ, орыс тілінде өрілген тұжырымды-түйінді қағидаларды елпекшей келе, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жетекші нұсқаулықтарын алғышарт ете отырып, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, М.В.Ломоносов атындағы ЖОББМ көптілді білім беруді дамыту жұмысы бір жүйеге енгізілген. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстың алғы кезектегі міндетіне көптілді білім берудің нормативті-құқықтық базасын дайындау, көптілді білім беру жүйесін*

ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етуде арнайы пәндерге орай ағылшын тіліндегі оқулық, оқу құралдарын, үш тілді терминологиялық сөздіктерді әзірлеу, көптілді сыныптарда қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруге қатысты оқу-әдістемелік кешендерді даярлауға бағыт беру енеді. Нәтижеде көптілді білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық білім мекемелерімен, тығыз байланыс орнату, орта мектеп оқушыларымен көптілді оқу-тәрбиелік шаралар ұйымдастыруға басымдық берілгенін қолдау дұрыс. Демек, көптілді білім беруді дамыту – көпқырлы мәселе. Бұл саланы қилы қырынан қарастыру – оқу орындарының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Басты мақсат – көптілді және көпмәдениетті шәкірт баулу.

Зерттеу еңбектерге сүйенсек, көптілді оқыту білім берудің қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа үлгісін құруды көздейді. Осы орайда үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей оқытуды білдіретін көптілді оқыту бағдарламасының бірегейлігін атап өту керек [3,64].

Жалпы *билингвизм (қостілділік)* және *полилингвизм (көптілділік)* – қазіргі таңда ғалымдар тарапынан қызығушылық тудырып отырған өзекті мәселе. Бүгінгі күні қостілділік өзара қарым-қатынас жасаудың негізгі факторына айналып отыр. Ғылыми әдебиеттерге арқа сүйесек, *билингвизм* – жеке адамның екі тілде ұдайы қарым-қатынас жасауы, яғни сөйлеу, жазу тәжірибесі дегенді білдіреді.

Билингвизмнің екі түрі көрсетіледі: *табиғи және жасанды*. *Табиғи қостілділік* баланың тұрмыс жағдайында, көбіне қостілді отбасында қалыптасады, яғни бала екінші тілді отбасында игереді. Ал, *жасанды қостілділік* кейіннен оқу арқылы игеріледі. Қостілділіктің қалыптасу жасына сәйкес екі түрі бар: *ерте билингвизм және кеш билингвизм*. *Ерте билингвизм* балалық шақтан қостілділікті игеру болып табылады, *кеш билингвизм* екінші тілді ересек жаста игеру деп түсіндіріледі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қостілділігі (көптілділігі) ауызекі сөйлеу тілінің даму кезеңінде қалыптасады. Себебі, бала отбасында бір тілде сөйлесе, балабақшада немесе аулада бірнеше тілдерді игеруі мүмкін. Мәселен, қазір өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілді балабақшаларға өз балаларын беру жағдайы көп кездеседі. Көп балабақшаларда қазақ, орыс және ағылшын тілі сабақтары жүргізіледі. Сонда бала мектепке дейінгі жасында-ақ бірнеше тілді қатар үйрене бастайды.

Баланың қостілділігінің (көптілділігінің) қалыптасуына интернационалдық некенің де әсері бар. Мұндай әлеуметтік жағдай баланың екі тілді (орыс тілі және қазақ тілі, қазақ тілі және татар тілі, т.б.) қатар үйренуіне әкеледі. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балада табиғи билингвизм, кей жағдайларда көптілділік қалыптаса бастайды. Ғалым В.П.Беляевтің пікіріне сүйенсек: «...Табиғи билингвизм сәйкесті тілдік ортада (теледидар мен радио)

туындайды. Бұл тұста тілдік жүйенің ерекшелігін тану әрекеті жүрмеуі де мүмкін».

Ғылымда билингвизмнің екі түрі көрсетіледі: 1) *табиғи (тұрмыстық)* – *естественный*; 2) *жасанды (оқу)* – *искусственный*. Табиғи қостілділік жастардың тұрмыс жағдайында, көбіне қостілді отбасында қалыптасады, яғни жастар екінші тілді отбасында ата-анасы арқылы игереді. Ал, жасанды қостілділік кейіннен оқу арқылы игеріледі.

Ғылымда қостілділік қалыптасу жасына сәйкес екіге бөліп қарастырылады: 1) *ерте билингвизм (ранний)*; 2) *кеш билингвизм (поздний)*. *Ерте билингвизм* балалық шақтан қостілділікті игеру болып табылса, *кеш билингвизм* екінші тілді ересек жаста игеру деп түсіндіріледі.

Тілдің қолданылу сипатына қарай билингвизм *репродуктивті* және *продуктивті* деп екіге бөлінеді. *Репродуктивті билингвизм* екінші тілдегі мәтінді қабылдау және мазмұндай алу қабілеттілігі деп түсіндіріледі. Ал, *продуктивті билингвизм* – екінші тілді түсіну және ол тілде еркін сөйлей білу қабілеттілігі. Басқаша айтқанда, *продуктивті билингвизм* жағдайында билингв сөйлемдерді ауызша да, жазбаша да өнімді түрде қолдана біледі.

Ғалым Т.Агапованың пікірінше, «баланың жасы неғұрлым кіші болған сайын, соғұрлым екінші тілді игеру мүмкіндігі де жоғары болады және табиғи түрде игеру жүреді». Ғалым бала қай тілді бірінші игерсе, сол тіл жетекші рөлді атқарады деп есептейді [4,60].

Отбасында компьютердің болуы мен интернет желісінің үнемі пайдаланылу жайы да мектеп жасына дейінгі баланың қатарынан бірнеше тілді игеруіне және қолдануына жағдай жасайды. Қазір Қазақстанда мемлекеттік тілдегі ұлттық мультфильмдерден гөрі балалардың қызығушылығы орыс тіліндегі шетелдік мультфильмдерге жоғары екендігі мәлім. Бұл жағдай да көпшілік уақытын теледидар алдында өткізетін балалардың екінші тілді игеруіне әсер ететіндігі мәлім. Әрине, тілдерді игеру әр балада әр түрлі жүреді.

Егер де мектеп жасына дейінгі баланың ата-анасы түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты қостілділікті дамытуға көңіл бөлмесе, баланың қолданысындағы бір тіл қарым-қатынас жасаудан біртіндеп шыға бастайды (*тілдік аттриция*), дамуын тоқтатады (*фоссилизация*), қолданыстан ығыстырылады (*тілдің ауысуы*), ұмытылады, қолданысын тоқтатады (*тілдің өлуі*).

Тілдік аттриция дегеніміз - «непатологическое ослабление ранее усвоенного индивидом языка». Демек, баланың бұрын игерген тілінің қолданыста әлсірей бастауы болып табылады. Тіл игерудің қажетті деңгейіне жетпей тоқтатылады. *Фоссилизация* термині екінші тілдің дамуының тоқтатылуы деп түсіндіріледі. Ата-анасының біреуінің әсерінен бала өзі бұрын игерген екінші тілді (анасының немесе әкесінің тілі) қолданыстан шығара бастауы сол тілдің дамуын мүлдем тоқтатады.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көптілді дамытуға жіті назар аударып, «...еліміздің маңызды құндылықтарының бірі және басты артықшылығы – көпұлттылық пен көптілділік» деп атап көрсеткені белгілі [1,4].

Тарихи деректерге сүйенсек, жетпіс тілді білген Әбунасыр әл-Фарабиден бастап, жеті тілді меңгерген көптеген ұлы тұлғалар бар. Солардың бірі ұлы ақын Абай ағамыз діни сауатын араб тілінде ашып, орыс тілін өз бетінше меңгерген және де А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, т.б. классиктердің шығармаларын аударды. Сол ұлттың тілін білу арқылы ұлан-ғайыр қазақ даласына орыс мәдениетін таратқан. Сондықтан үлкен көштен қалмаудың бірден бір жолы – көп тіл меңгеруде.

Ешкім тумысынан көптілді болып тумайды. Бұл үрдіс қажеттіліктен туындайды. Қазіргі уақытта көп тіл білу – өмір қажеттілігі. Осы қажеттілік негізінде көптілділік пайда болып қалыптасады және қоғамда ұлт саны қаншама көп болса, ол үшін қостілділік пен көптілділік соншама қажет.

Бірнеше тілде сөйлеудің артықшылықтары бар: жаңа зерттеулер бойынша, біртілділерге қарағанда, қостілділердің *зейін ауысымы* жылдам жүзеге асады екен. *Зейін ауысымы* – жаңа объектіге ойша «зейін қою» және назар аудару қабілеттілігі. Мысалы, сіз қозғалыс кезінде зейініңізді дөңгелектен жолға аударасыз немесе топтық ойын кезінде қорғанудан шабуылға аударасыз. Қостілділік когнитивті артықшылықтар қатарымен байланысты болып келеді, ал 2010 жылы «*Тіл және таным*» (*Language and Cognition*) зерттеулері бойынша, жасөспірімдердің зейін ауысымы қабілетін жақсартуға қостілділіктің қалай ықпал ететіндігі қарастырылған болатын. Сондай-ақ, *Карнеги Меллону университеті* 88 студентке тәжірибе жүргізеді. Оның бірінші жартысы – біртілділер, ал екіншісі – қостілділер. Зейін ауысымы сынағында қостілділер біртілділерге қарағанда орта есеппен *6 миллисекундқа* жылдамырақ болған.

Қостілді (қазақ және орыс) отбасында тәрбиеленіп жатқан 100 баланың ата-анасына төмендегіше сұрақтарды қамтыған сауалнама ұсынылды: 1. *Бала қай жастан қостілді ортада тәрбиеленіп келе жатыр?* 2. *Баланың қостілді игеруінің себебі неде?* 3. *Баланың басқа тілдерді игеруі қалай жүрді?* 4. *Баланың тілдік мәдениетті игеруі не арқылы жүргізілді: әдебиет, теледидар, интернет, мектепке дейінгі мекеме, туыстарымен қарым-қатынас жасау, т.б.?* 5. *Баланың тілдерді игеру нәтижесі қандай деңгейде?* 6. *Бала екі тілдің сөздерін араластырып сөйлей ме?* 7. *Баланың жетекші тілі қай тіл? Ол қай тілді жиі қолданады?* 8. *Баланың тілге теріс әсерін байқадыңыз ба? Ол қалай көрініс тапты?* 9. *Балаңыздың қостілді болуының жақсы жағы бар ма?*

Ата-аналардың көпшілігінің жауабына сүйенсек, балалар тілді өз еркімен табиғи түрде игерген, ешкімнің тарапынан ешқандай әсер ету болмаған. Сонымен қатар, балалар екі тілде сөйлей білгендерімен, жетекші рөлді орыс тілі алып отырғандығын байқадық. Себебі интернационалды отбасылардың көпшілігінде орыс тілі жетекші рөл атқарады. Десек те, балалардың қос тілді игеруіне отбасыларында барлық жағдай жасалынған: теледидар бар, интернет желісі қосылған, түрлі ойыншықтар мен кітаптар алынып отырады. Зерттеуге алынған балалардың көпшілігі қазақ тілді балабақшаларға барады.

Сауалнаманың қорытындысын талдау барысында мыналарды байқадық: *мектеп жасына дейінгі балалардың ерте қостілділігі (көптілділігі) мынадай түрлерді қамтиды – бала екі тілді тең дәрежеде түсінеді, бірақ олардың біреуінде сөйлегенді ұнатады; бір тілден екінші тілге тез ауыса алады; сөйлеу барысында бір тіл мен екінші тілді араластыру жиі кездеседі.*

Демек, ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Бұл реттегі *негізгі мақсат* – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға баулу. Олай болса, мектептерге де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру жұмысы да басты жолға қойылу керек. Себебі жаңа формация бағытында құзіретті тұлға тәрбиелеуде кәсіби білікті, жаңашыл мұғалім болуы шарт. Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – біздің қазіргі кездегі міндетіміз. Мектептегі білім беру міндеттерінің негізгілерінің бірі – оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау. Қазіргі кезде оқушыларға тілдерді оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені – оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту үрдісінде мультимедия бағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады. Тілге байланысты оқу үрдісінде жүйелі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады, атап айтсақ, *ашық сабақтар, пікірсайыстар, семинар, зияткерлік сайыстар, практикалық сабақтар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, өзара сабаққа қатынасып талдау, оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысулары, сонымен қатар оқушылардың жеке ізденіс жұмыстарына басшылық ету.* Оқу үрдісінде мультимедия кабинеттерінде үш тілді қатар қолдануда электрондық оқулықтар қолданылып, сабақ тиімділігін арттыруда пайдалы көмекші құрал болуда. Бұндай оқулықтарда үш тілде әр түрлі әдістемелік материалдар берілген. Болашақта шығармашылықпен жұмыстанатын мұғалім үшін сапалы әдістемелік оқулықтар, тапсырмалар жинағын жасауға ізденіс жұмысы бар.

Қазақстанның болашағы - көптілді білім берумен қатар 12 жылдық білім беру саласында осы мақсатты жүзеге асыру мәселесі де. Сондай-ақ 12 жылдық білім беру үлгісіне ауысу мұғалімнен инновациялық, шығармашылық тұрғыдан ойлауды талап етеді. Кәсіби педагогикалық шеберлікті, шынайылықты талап

ететін қазіргі заманда ұстаздың әрбір ісін, жоспарын мұқият зерделеуін қажетсінеді. Яғни, бұлар - жаңаша білім беруде мұғалімдерге қойылатын талаптар. Сондықтан көптілді білім берудің *мақсаты* – әлем бірлестігінің жағдайында бәсекеге түсе алатын көптілді тұлғаны дамыту. *Міндеттері* – әр оқушының жеке қабілеттеріне сай көптілді дамытуды қамтамасыздандыратын жағдай жасау; әртүрлі деңгейдегі мәселелерді шешуге бағытталған оқушылардың жобалары. *Күтілетін нәтиже*: көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға. Көптілді білім беру жүйесі аясында білім саласындағы оқу-әдістемелік құралдар қайта қарастырылады. Осыған байланысты келешекте осы мәселені шешу үшін нақты іс-шаралар өткізілуі керек. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді - мемлекеттік тілді – қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымен анықталады. Оның жүзеге асырылуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасы септігін тигізді деп айтар едім. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептегі маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистік белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізуе бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы аян.

Қысқасы, нарықтық экономика өзара еңбек сайысында бәсекеге қабілетті тұлғаларды қажет етеді. Бұл мектеп мұғалімдерінің жаңа талап, тың міндет, бірегей мақсаттар үдесінен табылуын көздейді. Осы ретте білім беру жүйесі ұстаздарына енді ел ертеңі болар шәкірт баулу ісінде өмірден өз орнын мығым таңдай білетін, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білім мен білігін айқын көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін полимәдениетті жеке тұлға қалыптастырудың, яғни бәсекеге қабілетті тұлға баулудың аса өзекті мәселе екендігіне назар аударар уақыттың жеткенін ескеру қажет. Бұл ретте бізден көшілгері алыс шетел оқу орындарының білім беру саласындағы озық дүниелерін үлгі ету – жаза баспау үшін, орынсыз уақыт өлтіріп, қателеспеу үшін керек. *«Ілгері кеткен жұрттың қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре тұра отқа түскендік болып шығады»*, - деген Сұлтанмахмұд Торайғыров сөзін де ескеру осы ұлт ұрпағына арналатын үлкен

жұмысымызда қажет-ақ. Демек, көптілді-полиглот тұлға атану – өнер. Бұл орайда да Сұлтанмахмұд ақын: «Оқу-білім көркеймек – елге егіп пайдасын, Ел жетіліп көркеймек – өнер қанат жайғасын», - дер еді. Иә, Ахмет Байтұрсынұлына сүйене айтсақ, «ақыл жастан, тек тәрбиесі болсын» делік [4,61]. Ендігі кезекте ой үдесін дөп басу үшін, бізге керегі – үш тілді білімді ұстаз. Ал білімі көп адам – құралы сай ұста секілді: не істесе де, келістіріп істейді. Ендеше, түзу ғылымнан, түзу ұстаздан тәлім алған шәкірт неге түзелмесін! Түзу бағыттағы көшіміз қашан да көрікті болғай!

Әдебиеттер:

1. Елбасы және мемлекеттік тіл / Құраст.Ж.Б.Нәлібаев, Н.Ә.Асқаров. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2011. – 312 б.
2. Қыдыршаев А.С. Тілдік қатынас сәтіндегі сөйлесім әрекеті: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім // «Қазақстан – 2050» стратегиясы: мемлекеттік тіл және көптілді білім беруді дамыту мәселелері» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Орал, 26 сәуір 2013 жыл. – 115-118-б.б.
3. Қыдыршаев А.С. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы риторикалық технологияның мәні // «Көптілділік: өзекті мәселелері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 17-18 мамыр 2012 жыл. – 64-69-б.б.
4. Қыдыршаев А.С., Шакуова Д.А. Көптілділік – бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру негізі // «Көптілділік және мәдениеттер үнқатысымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтөбе, 25 сәуір 2014 жыл. – 60-61-б.б.

**ЖАСТАР КИІМІ САПАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАТЫСТЫҚ СЫН ЕСІМДЕР.
11 СЫНЫП. САБАҚ ЖОСПАРЫ**

Қыдыршаева Қ.С.
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,
М.В.Ломоносов атындағы ЖОББМ

САБАҚ: ҚАЗАҚ ТІЛІ	Мектеп: М.В.Ломоносов	
	Мұғалімнің аты-жөні: Қ.С.Қыдыршаева	
Сынып: 11 «б»сынып		
Сабақтың тақырыбы	Жастар киімі сапалық және қатыстық сын есімдер	
Сабақтың мақсаты	1.тілдік құрылымдар негізінде оқушылардың	

	<p>жастар киімі туралы ақпараттық ұғымын кеңейту, тілдік тапсырмалар арқылы оқушы білімін тексеру</p> <p>2. тілдесім барысында мәтіндер мен жаттығулар арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру.</p> <p>3. жастар киімі мәтіні арқылы сұлулыққа деген құштарлығын ояту</p>	
Сабақтың түрі:	Қайталау сабақ	
Сілтеме	Оқу бағдарламасы, «Қазақ тілі» оқулығы	
Жетістік критерийлері	1. өз талғамы туралы ақпарат береді, оны өзгелерге таныстыра алады. 2. өз сөзімен жастар киімін сипаттайды. 3. тақырып аясында сыныптастарымен өз талғамы, жастар киімі туралы пікірлеседі.	
негізгі түсініктер:	<u>Тақырыпқа байланысты сөздер</u> жастарға лайықты, жаңа үлгі, желбір салынған, ұсақ гүлді, жастар киімі, жеңіл әрі ыңғайлы, талғамға сай, ұқыпты.	
Сабақтың көрнекілігі:	интерактивті тақта, слайдтар, плакат, маркерлер, тақырыпқа қатысты бейнеролик, оқулық	
Пәнаралық байланыс:	өзін-өзі тану, қазақ әдебиеті, көркем өнер.	
Дереккөздер	әдістемелік нұсқау, дидактикалық материалдар, сөздік	
Жоспар		
тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу	<p>Сәлем-сөздің анасы әдепті елдің баласы, алыстан сәлем береді, тренинг өткізу</p> <p>Біздің Қазақстанда қол алысады</p> <p>Италияда құшақтасады</p> <p>Бразилияда б/биығын қағады</p> <p>Никарагуада арқасымен амандасады</p> <p>Зинбабада шынтақпен</p> <p>Австралияда шапалақ ұрады, -екен</p>	сәлем-сөздің анасы әр елде қалай сәлем береді? тренинг

<p>Топқа бөліну/топбасшыларын сайлау/ Күннің жадын жазу, сабақтың тақырыбын айту</p>	<p>Топбасшылары өздеріне топ мүшелерін таңдау/сын есімді қатыстырып/</p> <p>-Ой-түйін ретінде «Жақсы киіну-жақсы ойлаудан басталады»Бүгін біздер «жастар киімі»модулін қайталаймыз</p> <p>-Киім дегеніміз не?</p> <p>-сән деген не?</p> <p>-стиль сөзін қалай түсінеміз?</p> <p>Стильдің түрлері?/оқушылар жауабы/</p> <p>1.Киім – өмір бойы адаммен бірге жүретін серігі. Әр тарихи кезеңде әр түрлі киім үлгісі болған. Қоғамның дамуына байланысты адам киімі де түбірімен өзгеріп отырған..</p> <p>2.Сән (латынша – Modus) – өлшем, тәсіл іс- қимыл бейнесі. Сән белгілі бір талғамның уақытша үстем болуы. Сән әлеуметтік, экономикалық құбылыс..</p> <p>3.Стиль (stu is латын сөзі) – мәнep, сипат, ерекшелік..</p> <p>Киімде бірнеше – классикалық, спорттық, романтикалық фольклорлық стильдер болады.</p> <p>4.Классикалық стиль: (Қатал, іскер, сәнді киіну)</p> <p>5.Спорттық стиль: – демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер.</p> <p>6.Романтикалық стиль: Әдемілік, сүйкімділік, нәзіктікті ерекше көрсетеді.</p> <p>7.Фольклорлық стиль: Ұлттық сипаттағы киімдер. Ұлттық ою-өрнектер, кестелер, қол жұмысының элементтері кеңінен пайдаланылады.</p> <p>8.Формалық стиль: Қызмет түріне қарай киетін киім.бұған біздің мектеп формасын жатқызуға болады.</p> <p>Демек,Сән дегеніміз-қоғамдық өмірдің бір бөлшегі.Әр адамның өз талғамына,қажетіне қарай сәнді киіну мүмкіндігі бар.Тіге білетін кәсіпті ұнататын адам қандай сән болса да өзіне ұнамдысын келістіреді.Осындай іскер</p>
--	--

<p>озыңқы тапсырмалар</p>	<p>адамдардың бірі,біздің отандасымыз,дизайнер-Құралай Нұрқаділова туралы біздің Маша іздестіріп, дайындап келіпті. Ал Анжелика мектеп формасы жайлы презентациясын ұсынады</p>	
<p>Мәтінмен жұмыс/екі топқа/</p>	<p>1.Мәтінмен жұмыс/екі топқа/ Қазір Қазақстан жастарының киім талғамы жоғары. «Киімге қарап қарсы алып, ақылыңа қарап шығарып салады»дегендей,жарасымды да сәнді киінудің маңызы зор.Киім –талғам мен мінездің көрсеткіші.. Соңғы жылдары жастарға арналған киімге ерекше назар аударылып жүр. Оны жас жігіттер мен қыздардың өмір салтына үйлесімді ете түсуге әрекет жасалуда. Қазіргі кезде жастардың киімі ашық түсті, сәнді.Меніңше,жас қыздарға қызыл, сары, жасыл, қызғылт және көгілдір түсті, айқын, нәзік, ашық та таза түс жарасады.. Жастар тез өсіп кететін болғандықтан, олардың киімін арзан маталардан тігеді. Олардың киімдерінің ыңғайлы және ықшам болуы маңызды. Киімді талғаммен таңдау керек.Кей адамдардың талғамына қарап таңғаламын.Көйлектердің көп жеріне желбір салынған.Маған ұнайтын көйлегім ұсақ гүлді матадан тігілген.Көйлегіме сай дұрыс түймені әрең таптым.Ертеңіне құрбымның туған күні.Соған әлгі көйлегімді кимекші болдым.Туған күнге әдемі болып бардым.Сол күн керемет өтті.</p>	
<p>Тақтаға назар аударамыз/оқулық пен жұмыс/</p>		
<p>«Сыңарымды тап»</p>	<p>1.Мәтіннің негізгі идеясын анықта 2.мәтін ішінен сын есімдерді теріп жаз 3. Фонетикалық сатылай кешенді талдау.жастар</p>	
<p>Интерактивті тақтаға орындау</p>	<p>1. мәтінге тақырып қой 2.мәтіннен етістіктерді тауып өткен шақ есімшесіне айналдырыңыз 3. берілген жай сөйлемді синтаксистік</p>	

<p>ойкөкпар</p> <p>сабақты бекіту</p>	<p>сатылай кешенді талдау.. Киімді талғаммен таңдау керек. 1.Адам көркі-шүберек, Ағаш көркі-жапырақ 2.Киіміне қарап қарсы алады,ақылына қарап шығарып салады. 3.көне киім жаңаны сақтайды. 1. Таныған жерде бой сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы 2..Кісінің кісілігі, Киімінде емес, білімінде. 3..талғамға талас жоқ. /Асты сызылған сөздерді орыс,ағылшын тіліне аудар/ 1. «Киім стилі адамның жасына байланысты» 2. «Киім стилі адам жасына байланысты емес»/постер қорғау/ Тест тапсырмалары1. Сән дегеніміз латынша: А) мәнер, сипат, ерекшелік Ә) әлеуметтік құбылыс Б) таңдай білу В) өлшем, тәсіл, іс-қимыл бейнесі Г) қатал, іскер 2. Өткен шақ есімшенің жұрнақтары А) –ғалы, -гелі, -қалы, -келі Ә) –ып, -іп, -п Б) –атын, -етін, -йтін В) –ар, -ер, -р Г) –а, -е, -й 5. Фольклорлық стиль дегеніміз не? А) қатал, іскер, сәнді киіну Ә) ұлттық сипаттағы киімдер Б) демалыста, спортпен айналысқанда киетін киімдер В) қызмет түріне қарай киетін киім Г) ұлттық киімдер 6. Мақалды аяқта. Адам көркі шүберек, Ағаш көркі А) шүберек Ә) көйлек</p>	
<p>Сабақты қорыту</p>		

	<p>Б) жапырақ В) жасыл желек Г) сән</p> <p>7.Мектепке киетін киім қай стильге жатады? А) классикалық стиль Ә) фольклорлық стиль Б) спорттық стиль В) формалық стиль Г) романтикалық стиль</p> <p>.10. Құралай Нұрқаділованың сән үйі қай қалада орналасқан? А) Алматыда Ә) Астанада Б) Өскеменде В) Ақтауда Г) Семейде</p> <p>9. «Жақсы киіну - жақсы ойлаудан басталады» дегенді қалай түсінесіңдер. Оқушылардың қосқан ойлары: 1.Біздің ойымызша, жақсы ой адамды саналылыққа, білімділікке, мейірімділікке, жалпы барлық ізгі тілектерге жетелейді. Сол сияқты жақсы ой жақсы жарасымды киінуге де себеп болады деп ойлаймыз.</p> <p>..2 Мен ойлаймын,жақсы ойы бар адам - ол болашаққа үмітпен қарайтын барлық жағынан рухани адам деп ұғамыз.</p> <p>1.жақсы, сәнді киіну үшін – жақсы оқу, жақсы жоғарғы оқу орнына түсу керек. 2. – жақсы жұмысқа орналасу – салауатты өмір салтын ұстану</p> <p>«Жақсы киіну - жақсы ойлаудан басталады деген жалпы жақсы өмір сүру керек екеніне дәлел болады.</p>	
<p>5. Рефлексия</p> <p>6.Үйге тапсырма</p>	<p>«Талғамға талас жоқ»тақырыбында бірнеше сөйлеммен ойыңды жеткіз</p> <p>«Егер де мен дизайнер болсам...» тақырыбында ойтолғау жазу</p>	<p>бағалау</p> <p>.</p>

	<p>Балалар, бүгін біз «Жастар киімі» модуліндегі лексикалық және грамматикалық тақырыптарды қайталап, көптеген жұмыстар жасадық. Болашақта ұқыпты киініп, үлгілі азамат болыңдар! Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!</p>	
--	--	--

ТӘРБИЕ САҒАТЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «МЕН - ӨЗ ЕЛІМНІҢ АЗАМАТЫМЫН»

Майсатаева Л. К.
Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ.
Қазақ мектеп-гимназия

Мақсаты: Ұлт жоспары шеңберінде білім беру процесіне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу;

- қоғамда қазақстандық патриотизм идеясын дамыту, Тәуелсіздік алғаннан бергі Қазақстанның жетістіктерін насихаттау, басты құндылықтарды – тәуелсіздік, бейбітшілік пен келісімді нығайту.

- еліміздің мемлекеттік нышандарына, дәстүрлеріне, тарихына, Қазақстан Республикасының Конституциясына деген мақтаныш сезімді ояту және оларға құрметпен қарау.

– балалардың Отанға деген азаматтық жауапкершілікті сезінуіне ықпал ету.

- Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан халқы бірлігін нығайтудағы олардың маңызын ашу.

Көрнекілігі: ҚР рәміздері, Н.Ә.Назарбаевтың суреті, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан сыйлық – «Менің Отаным–Қазақстан» кітабы, оқулықтар, т.б.

Сабақтың барысы:

Құттықтау сөз айтамын.

I. Тренинг «Сәлемдесу»

Оқушылар орнында отырады. Қол алысып, шапалақпен, құшақтасып амандасады.

II.

«Қызықты ұйқастар»

Өрмекші құрды тұзақ,

Менің ұлтым(қазақ)

Биіктеуде жас қала,

Бас қаламыз(Астана).

Менің досым салмақты,
Бұрынғы астанамыз(Алматы)

Құт-береке жауғыз,
Келе жатқан(Наурыз).

-Балалар, осы айтылған ұйқастар не жайында?

(Оқушылардың жауабы)

-Ендеше Отан, Қазақстан, туған жер жайында тәрбие сағатымызды бастайық.

Ой қозғау:

-Біз қандай мемлекетте тұрамыз?

-Қазақстан.

-Қазақстан жері қандай?

-Қазақстан жері үлкен, әдемі, әрі бай.

-Отан дегенді қалай түсінесіңдер?

-Отан дегеніміз-адамның туып өскен жері. Туған туысқандарымен, жақындарымен бірге тұратын атамекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны-Қазақстан Республикасы.

Мұғалім:

-Көп аузынан түспейтін,

Отан деген немене?

Оның тұлға, түс кейпін

Достым, білгің келе ме?

Отан сенің ата-анаң.

Отан-досың, бауырың.

Отан – өлкең, астанаң,

Отан – аудан, ауылың.

-ҚР-ның халқы қай тілде сөйлеу керек?

-ҚР-ның халқы қазақ тілінде сөйлеу керек.

-Біздің президентіміз кім?

-Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

-Біздің еліміздің өз рәміздеріміз бар. Олар: ту, елтаңба, әнұран.

-Балалар, 30 тамыз күні елімізде қандай мереке аталып өтті?

-Дұрыс, ҚР-ның Конституциясы күні. Конституция – ол Ата Заңымыз.

Бәріміз сол заңға бағынамыз. Ол заңда әрбір бала мектеп табалдырығын аттап білім алуға құқылы деп айтылған. Міне сол заңды орындап сендер бүгінгі күні мектепке келіп отырсыңдар. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді

«Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық.

«ҚР рәміздері» атты видеофильм көру

-Отан, туған жер жайында қандай мақал-мәтел білесіңдер?

1. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

2. Туған жер-алтын бесік.

3. Отансыз адам, ормансыз бұлбұл.

III. «Білім әлемі»

Міне, күз де келді. Сонымен бірге көңілді қоңырау соғылды. Сендер алғаш рет жарық, әрі кең сыныпқа ендіңдер. Енді не істеу керек? Әрине, өмірде барлығын білу үшін және беске оқу үшін, ерінбей сабақ оқу керек.

Ойын: «иә, жоқ»

1. Мектепке біз барамыз ба?
2. Қазақ тілінде сөйлейміз бе?
3. Айтқан тілді аламыз ба?
4. Заңымызды қолдаймыз ба?
5. Әнұранды айтамыз ба?
6. Танертең ерте тұрамыз ба?
7. Сабақта отырып ұйықтаймыз ба?
8. Елімізді қорғаймыз ба?
9. Екі алғанда жылаймыз ба?
10. Оқушы біз боламыз ба?

- Ал енді, балалар, сендер мектепке керек құрал-жабдықтарды білесіңдер ме? Енді өздерің-ақ ата-аналардың көмегінсіз сөмкелеріңді сабаққа дайындай аласыңдар ма? Ол үшін ортаға бір қыз, бір ұлды шығарып, қыздар жүйрік пе, әлде ұлдар жүйрік пе екенін анықтайық.

Ойын «Сөмкеңді жина»

-Мектеп өмірі қызықты оқиғаларға толы болады. Біздің ата-аналарымыз да мектептен білім алды. Ал қандай қызықтар болғаныны мына ойын арқылы білейік. Ол үшін ортаға бірнеше ата-ана шықсын.

Шарты: таратылған кеспедегі жауаптарды рөлге кіріп оқу
(ата-аналарға кеспе қағаздар таратылады)

1. Мектепке баруды ұнаттыңыз ба?
2. Күнделігіңізді мұғалім алып қойып отырды ма?
3. Мектепке кешігіп бардыңыз ба?
4. Үздік болғыңыз келді ме?
5. Қазақ тілі пәнін жақсы көрдіңіз бе?
6. Директорға сізді апарды ма?
7. Мұғаліміңнен қорықтыңыз ба?
8. Ата-анаң сізді оқымағаныңыз үшін жазалады ма?
9. Сабақты себепсіз босаттыңыз ба?
10. Көбейту кестесін білесіз бе?
11. Үй тапсырмасын үнемі орындадыңыз ба?
12. Сабақта ылғи қолыңызды көтердіңіз бе?
13. Кітап оқығанды ұнаттыңыз ба?
14. Сыныпта досыңыз көп болды ма?
15. Мұғалімге комплимент айттыңыз ба?
16. Сабақта бос отырдыңыз ба?
17. Мектепті жиі еске аласыз ба?
18. Екі алдыңыз ба?
19. Жетістігіңіз үшін мұғалім мақтады ма?

Жауаптар:

1. Кіммен олай болмайды!
2. Мені ыңғайсыз жағдайға қалдырмаңыз!
3. Өмірімді онсыз елестете алмаймын!
4. Өкінішке орай тек түнде ғана!
5. Бұл байқалмай ма!
6. Әрине солай!
7. Бір күні көріп едім, түк те шықпады!
8. Бұл менің хоббиім!
9. Енді қалай!
10. Бұл мен үшін нағыз рахаттану!
11. Бұл менің арманым!
12. Мен одан да үндемей –ақ қояйын!
13. Бұл мен үшін ең ұнайтыны!
14. Бір рет емес, күнде!
15. Қинасаң да айтпаймын!
16. Әрине, онсыз өмір сүру қызықты болмас еді!
17. Менің мінезімді біле тұра, мұндай сұрақ қойғаныңыз дұрыс емес!
18. Қаншама жыл, қаншама қыс өтті!
19. Бұл менің хоббиім!

Мұғалім сөзі: Балалар, біз мектепке келгендегі мақсатымыз жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті оқушы болу. Сендер Отанымыздың болашақ азаматтарысыңдар! Сендер өз білімдеріңмен биік шыңдардан көрінулерің керек. Сонда сендер Отанымыздың нағыз азаматтары боласыңдар.

-Балалар, елімізде қандай мерекелер аталып өтетінін білесіңдер ме? Қане кішкене есімізге түсіріп кетейік. Ол үшін сендермен мынадай ойын ойнаймыз.

Ойынның аты «Сен білесің бе?»

Шарты: өзіңе ұнаған түсті таңдап аласың, онда елімізге байланысты әртүрлі мерекелік күндер жазылған. Сендер оның қандай мереке екенін табуларың керек.

1 желтоқсан, 22 – наурыз, 7-мамыр, 1-мамыр, 9-мамыр, 30- тамыз, 4-маусым, 6- шілде, 1-қыркүйек.

1-қыркүйек –білім күні. Сол себепті Елбасымыз сендерге «Менің Отаным–Қазақстан» атты кітапты сыйлық беріп жіберіпті.

(Оқушыларға кітап сыйлау)

Ендігі кезекте ата-аналарымызға сөз беріп, үлкен атамыздың батасын алайық.

Қорытындылау: Сендер - Тәуелсіз қазақ елінің ең жас жеткіншектерісіңдер. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді әкелеріміз мен аталарымыз, аналарымыз мен әжелеріміз сияқты қадірлеуге, сүюге, қорғауға тиісті екенімізді естен шығармайық.

Жұмбақтар.

Бар білімнің бастауы,

Бар ғылымның бастауы.

Жас балаға нұр шашқан,

Қандай кітап тіл ашқан? (Әліппе)

Білім менен тәлім,
Парақты ашқанда
Беттерінен мәлім. (Күнделік)

Қысқа таяқ діңі бар,
Шиырлаған ізінде
Сайрап тұрар тілі бар. (Қарындаш)

Жұқа тақтай бөлшегі,
Ұзындықтың өлшемі. (Сызғыш)

Оқу-білім аспабы,
Қоймасының бас қабы.
Бөлмесі де бірнешеу,
Тиегі бар ашпалы. (Сөмке)

"Сөмкеңді жинастыр"

Егер, мектепке керек зат болса «ИЯ» , керек емес болса «ЖОҚ» дейсіңдер
Мектепке сен барарда

Сөмкеңді аласың,

Сөмкеңе керек заттарды,

Ішіне ұқыптап саласың:

- Торкөз дәптерлерді (Ия)
- Жаңа рогатқанды (Жоқ)
- Үй сыпыратын сыпырғышты(Жоқ)
- Бестік қояр күнделікті (Ия)
- Бояу үшін альбомыңды (Ия)
- Жаңажылдық масқаларды (Жоқ)
- Суретті әліппені (Ия)
- Жыртық бәтеңкеңді (Жоқ)
- Фломастер мен қаламды(Ия)
- Бір уыс шегені (Жоқ)
- Түрлі-түсті қарындашты? (Ия)
- Үрленетін матрасты? (Жоқ)
- Өшіргіш пен сызғышты? (Ия)
- Тордағытотықұсты (Жоқ)
- Суретсалатынальбомды? (Ия)
- Шайнайтынсағызды? (Жоқ)
- Тысталғаноқулықтарды? (Ия)
- Тәрелке, айыр, қасықтарды? (Жоқ)
- Жататындиванды? (Жоқ)
- Қиятынкартонды? (Ия)

- Сабаккестесі мен күнделік? (Ия)

- Міне, оқушы енді дайын!

- Балалар, енді сендерге Білім әлеміне жол ашық. Себебі сендер нағыз оқушы болдыңдар!

Ата-аналармен ойын

Бірақ соңында мен сендерге кішкентай сиқырлық сыйлағым келіп тұр. Сендер қандай бағаға оқитындарыңды білгілерің келе ме? Жақсы оқитын балаға неше деген бағаны қояды? Дұрыс, төрт пен бес.

- Ендеше біз «Бағалар» деген ойын ойнаймыз. Бағаларды атап шығайықшы – 2, 3, 4, 5. Мен осыларды мына әдемі сөмкешеге саламын, әрқайсың өздеріңе 2-3 бағадан аласыңдар. *(Оқушылардың арасынан жүріп өтемін. Оқушыларда тек қана 4 пен 5.)*

- Бұл неткен ғажайып! Қараңдар, барлығыңда 4 пен 5! Ал екіліктер мен үштіктер қайда? Кәнекей, қарайық! *(Жабықхаттың ішіне қолын сұғып, жасырын жерден екіліктер мен үштіктерді алып шығады да оқушыларға көрсетеді).* Бұлардың бәрі жабықхатта қалыпты ғой! Бұл нені білдіреді? Бұл сыныпта үлгермеушілер болмайды, екі алатын оқушылар болмайды деген сөз! Қәнекей, бәріміз қатты-қатты қол соғайық! Сиқырымыз орындалсын, барлығың жақсы бағаға оқыңдар!

III. Ата-аналарға тілек беру.

Баланы тәрбиелеу қиын,

Ол үшін көп білу керек

Ата-анаға айтарымыз

Балаға үнемі қараңыз

Танертең мектепке жинаңыз

Мейірімді жүз танытыңыз

Қызықты кітап оқыңыз

Демалыста бірге қыдырыңыз,

Аурудан аулақ болу үшін,

Балаларыңызды шынықтырыңыз,

Жиналысқа келіп тұрып,

Мектепке де көмектесіп,

Тілерім бүгін сіздерге,

Ең негізі-шыдамдық!

Осымен тәрбие сағатымыз аяқталды. Көп рахмет!

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА «МӘҢГІЛІК ЕЛ»
ИДЕЯСЫН ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІМЕН
САБАҚТАСТЫРА ОҚЫТУ**

*Матеева Б. Т.
«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚФ ОҚО бойынша ПҚБАИ
Шукурбекова С. Б.*

Аннотация: В статье рассмотрены актуальные вопросы формирования казахстанского патриотизма и идей "Мәңгілік ел" в условиях обновленного содержания образования через распознавания исторических личностей

Abstract: This paper considers the urgent issues of forming the Kazakhstani patriotism and ideas "Mangilik yel" in terms of the updated curriculum via revealing the historical personality.

Ключевые слова: Казахстанский патриотизм, сфера образования, идея "Мәңгілік ел", обновленное содержание образования, исторические личности

Key words: the Kazakhstani patriotism, the area of education, the idea of "Mangilik yel", the updated curriculum, historical personality

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сын тұрғысынан ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» - деп көрсетілгеніндей жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуде білім беру ісі маңыздылығын жоймақ емес.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғарғы деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі» - деп нақтыланса, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» – бұл барлық қазақстандықтарды біріктіретін жалпыұлттық құндылықтар және еліміздің болашағының іргетасын құрайды» деп атап көрсетілген.

Тәуелсіздік жолы — үміт жолы. Біз тәуелсіздіктен ең алдымен жарқын болашақ, кейінгі ұрпақтан ата-баба аңсаған игі мақсатының орындалуын күтеміз. Елбасының халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауларында ғылым мен білімге ерекше мән беріледі. Өйткені, стратегияның алтын діңгегі – экономика, ал экономиканы дамытатын – білім, ғылым және ғылымға негізделген инновациялық индустрия екендігін баршамыз құптаймыз. «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр десек, оны біз тарих сабақтарында меңгерте отырып жаңа Қазақстандық патриотизм қалыптастырамыз. Себебі, өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген күдіретті ұғымға сыйып тұр.

«Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын азаматтық және жалпыұлттық идея қазақстандықтардың бойында патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды жетілдіруге бағытталған. Жалпыұлттық идеяның миссиясы мен

құндылықтары оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асырылады. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың басты ерекшелігі білім беру мен тәрбиенің бірлігі болып табылады. «Мәңгілік Ел» идеясын білім беру мен тәрбиелеуде іске асыру тетіктеріне білім беру құндылықтарын, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікті, ашықтық пен ынтымақтастықты қалыптастыру, өмір бойы білім алу және т.б. жатады.

Тәрбие - педагогикалық өмір құбылысы ретінде жеке тұлғаны қалыптастыру барысындағы күрделі, мақсатты, жоспарлы, бір мезгілде қайшылықты процесс, және ол отбасы, мектепке дейінгі мекеме, мектеп арқылы жүзеге асырылады десек, ұлттық рухымызды биік ұстап, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеуде білім саласы да өз үлесін қосуда.

Оқу-тәрбие үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Сондықтан да жаңартылған жалпы білім беруде қазақстандық патриотизмді қалыптастыру «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Қазақстан тарихы» пәні оқушыларды тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, оған қоса ғасырлар бойы Ұлы дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды түсінуге жетелейді. Пән мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен ролін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» пәні «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, ал бұл өз кезегінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдайтын, адамдар құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеу арқылы жүзеге асады.

Елбасы бағдарлаған ұлы мақсат – «Мәңгілік Ел» идеясын өскелең ұрпақ санасына насихаттап, өз Отанының шынайы патриотын тәрбиелеуде тұлғалар тарихын оқытудың алар орны ерекше. Олардың ғұмыры мен тарихта қалдырған ісі жас ұрпаққа қашанда үлгі-өнеге бола бермек. Тұлғалардың тарихымыздағы алар орны жөнінде Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес... Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да, анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай өмірде өмір сүрсе де, өз елінің нағыз азаматы болып қала берген», - деген болатын.

Әр адамның бойында жастайынан мынадай қасиеттер қалыптасуы керек. Олар: Отансүйгіштік, еліне, жеріне деген патриотизм. Ата-анасын жақсы көріп сүймеген баланың ел-жұртын, халқы мен ұлтын сүйетін толыққанды азамат болуы екіталай. Ұлтжанды кісінің имандылық – адамгершілік қасиеттері, сондай-ақ, оның достарына, ата-анасына деген көзқарасынан да жақсы байқалады. Қазақ елінің кез-келген перзенті жұмыр жердің қай бұрышында

жүрсе де өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқынан өз ұлты мен халқына деген сүйіспеншілік қасиеттерін тайға таңба басқандай айқын байқатып отыруы тиіс.

Қазақ ұлтының бағына, тағдырына орай Тарих-ана әр ғасырда жаужүрек, батыр ұлдары мен қыздарын мол жаратқан. Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қоғам қайраткерлері қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Қазақ тарихының әрбір белесінде орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан, немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған, ұйымдастырушы болған, немесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар – халық батырлары атанып, ұлттың тұлғалары атанған.

Әрине, қазақ тарихы тұлғалардан кенде емес. Олардың ішінде есімдері қазақ қауымына кеңінен танымал, келешек ұрпаққа құнды мұра болып қалатын дүниелер қалдырғандары қаншама. Әр ғасырда өмір сүріп, әртүрлі тағдыр кешкен тарихи тұлғалардың қай-қайсысын алсаңыз да жастарға үлгі боларлық өзіндік өнегесі бар.

Ел басқарған хандар, билеріміз - Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сәкен, Тұрар, Бауыржан сынды қас батырлар мен Дінмұхаммед сынды ұлы тұлғалар және қазіргі Тәуелсіз еліміздің ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев жайлы қанша айтсақ та жарасады.

Тарихтағы тұлға – өз халқы мен Отанымен тығыз байланысты. Қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлы «Ұлы тұлғаларды уақыт аласарта алмайды» деп керемет даналық ой толғаса оқушыларға тарихымыздың бастамасынан бастап, қазіргі заманға дейінгі аралықтағы қазақтың қоғам қайраткерлері, жасаған ұлы ерліктері мен еңбектерін «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтастыра таныстыру нәтижелі болады. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиесі мен тәжірибесін уақыт талабына сай тарих сабақтарында пайдаланған жөн. Мысалы: ел болып бірігу жолында Тоныкөк бабамыз «Жұқаны таптау оңай, жіңішкені ұзу жеңіл», - десе, Білге «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ», «Біз көктен жаралған, көктің ұлы – түркі жұрты боламыз!», «Дарақылық үмітінді үзіп, қанатыңды қияды» - деп айтқан философиялық тәрбие тұжырымдамасының маңызы арқылы бірлікке, елдікке, ынтымаққа баулимыз. Сонымен қатар, Күлтегіннің «Тату елге – тыныштық пен тоқшылық нәсіп», «Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде дұшпанының алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі мен қарашасы жауласқан жерде – ел елдігінен айырылады», Абай атамыздың «Татулықтан артық жолдас жоқ», Ә.Бөкейхановтың «Бостандыққа апаратын жалғыз жол ұлттық ынтымақ қана», «Аз адам атқа міндім деп, қасқыр болып жұртқа шапса – мұндай жұртта береке қайдан болсын?!», Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ тарихы – бірігу тарихы» - деген даналық ойлары тәуелсіздіктің іргетасы – ұлттың бірлігінде екендігін көрсетеді.

Тарих апталығы кезінде «Менің елім – Мәңгілік Ел!», «Тәуелсіздік шежіресі», «Ұлттық бірлік – тәуелсіздік тұғыры», «Мәңгілік Ел - Ұлы мақсат», «Астана – елімнің жүрегі», «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», т.б. тақырыптарға арналған көрмелер жасау оқушылардың бойында патриоттық сезімді

қалыптастырады. Жастарымыз елінің патриоты болуға ғана тәрбиеленіп қана қоймай, қоғамның әр саласының белді мүшесі болып, еліміздің дамуына өзіндік үлесін қосатын тұлға тәрбиеленеді.

Қорыта келгенде, жас ұрпақты «Мәңгілік Ел» идеясы аясында жас ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыруда еліміздің әр жылдардағы жетістіктерін, қазақ мемлекеттілігінің көпғасырлық қалыптасу тарихын, тұлғалардың сіңірген еңбектерін, Елбасының жыл сайын жолдаған жолдауларын таныту мен ұлттық бірлік – тәуелсіздіктің іргетасы екендігін үнемі басты назарда ұстауымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының "Білім Туралы" Заңы, Астана, 27 шілдедегі 2007 ж.
2. Назарбаев Н. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы. Астана, 2017 ж.
3. Назарбаев Н. «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. Астана, 2014 ж.
4. Қазақ афоризмдері. «Алматыкітап баспасы», ЖШС, 2009 ж.
5. Есқалиева С. «Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі». Астана: Фолиант, 2014.

ОБНОВЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ – РЕАЛЬНОСТЬ ВРЕМЕНИ

Менжанова А. Х.

Гумарова Ш.Х.

Общая средняя школа
имени М.В.Ломоносова
Атырауской области
Shnargx7071@mail.ru

Сегодня, в век современных компьютерных технологий, педагогу приходится все время штурмовать новые вершины знаний. Одной из таких «вершин знаний» в ближайшем будущем для меня станет обновление содержания среднего образования и переход на 12-летнее образование.

Перед нами — учителями стоит важнейшая задача воспитать и обучить таких учеников, которые могли бы адаптироваться и реализовать себя в современном мире. Достижение этой задачи невозможно, если учитель сам не готов к условиям быстро изменяющегося мира.

Для меня сейчас стоит вопрос: как подготовиться к «штурму» такой «вершины знаний»? Сможем ли мы это сделать? Ведь на нас будет лежать большая ответственность!

Мы начали свою подготовку со знакомства с обновленной программой. Пусть это будет наш первый шаг в штурме или точнее сказать в покорении

«вершины знаний». Изучив программу, мы отметили для себя, что переход на обновлённую программу потребует обновления всей системы образования.

Для осуществления такого перехода надо начать изменения с самой себя, т. е. с учителя. Учитель в нашем понимании — это творец. Всем известно, как сложна профессия ювелира. Сложность его работы заключается в нанесении на алмаз граней. А ведь учитель — это тот же ювелир, в отличие от которого, у педагога в руках бесценное сокровище — ребенок. Объединяет эти профессии результат работы: у ювелира — многогранный алмаз, а у учителя — всесторонне развитая личность. Какие это будут грани, во многом зависит от компетентности учителя.

Одними из «первых верных шагов» в покорении нами «вершины знаний» было прохождение курсов повышения квалификации по программе обновления содержания среднего образования для учителей начальных классов. Основная задача данных курсов, по моему мнению — помочь казахстанским учителям усовершенствовать педагогическую практику, научиться работать не источником информации, а «путеводителем» для нахождения знаний самим учеником. Результат обновлённой программы, с которой нас ознакомили на курсах, заключается в том, чтобы ученики научились тому, как учиться самостоятельно, и в результате могли стать независимыми, самомотивированными, увлеченными, уверенными, ответственными учениками с развитым критическим мышлением, умеющими свободно общаться на русском, казахском и английском языках и проявляющими компетентность в цифровых технологиях.

Современные преобразования в стране, быстрая информатизация общества и динамичность кардинально меняют требования к образованию. Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев подчеркивает, что «...одним из ключевых факторов успеха всего модернизационного процесса является успешность обновления национальной системы образования». Сегодня она осуществляется по всем приоритетным направлениям. Обновление содержания образования — это, прежде всего, пересмотр самой модели среднего образования, его структуры, содержания, подходов и методов обучения и воспитания, внедрение принципиально новой системы оценивания достижения учащихся. Весь комплекс мероприятий в рамках обновления содержания образования направлен на создание образовательного пространства, благоприятного для гармоничного становления и развития личности. Качественные изменения в любой области нашей жизни, а тем более в образовании невозможны без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе. Без осмысления, нами учителями, новых целей и задач в обновленном содержании и технологии обучения, новых форм оценивания с учетом компетентности — ориентировочного подхода в обучении это сделать невозможно. Именно поэтому педагогу необходима готовность к восприятию методологии обновленного содержания среднего общего образования, к изменению программного и методического обеспечения

образовательного процесса, к изменению целей и способов педагогической деятельности.

На сегодняшний момент каждого педагога интересуют вопросы: -Чем различается обновленное содержание образование от ныне действующего? Изменяются ли подходы к организации образовательного процесса в школе? Что означает понятие «образование, ориентированное на результат»? Как должен готовиться учитель к обновленному содержанию образования?

Переход на обновление содержания образования предъявляет новые требования к работе в рамках компетентного подхода к образованию, формированию готовности работать в рамках компетентного подхода к образованию, формированию готовности работать в условиях возросшей индивидуализации образовательного процесса. Образование — это процесс, результат которого ощущает на себе как отдельная личность, так и социум, и мир в целом.

Начальная школа – важнейший этап в процессе общего образования школьника. За четыре года ему надо не только освоить программный материал предметных дисциплин, но и научиться учиться – стать «профессиональным учеником». Ответственность учителя начальных классов всегда была исключительной.

Образование, полученное в начальной школе, служит базой, фундаментом для последующего обучения. Определить современные требования к начальной школе, обеспечить качество начального образования. Начальное образование определяет качественно новую личностно-ориентированную развивающую модель массовой начальной школы, призванную обеспечить достижение следующих основных целей: развитие личности школьника, его творческих способностей, интереса к учению, формирование желания и умения учиться; духовно-нравственное и эстетическое воспитание; освоение системы знаний, умений и навыков, опыта осуществления разнообразных видов деятельности; охрана и укрепление физического и психического здоровья детей.

Приоритетным направлением начального общего образования определено формирование обще учебных умений и навыков, уровень освоения которых в значительной мере предопределяет успешность дальнейшего обучения. Казахская школа всегда стремилась дать ученикам знания, умения и навыки по обозначенным дисциплинам, однако этого недостаточно.

Важнейшей составляющей педагогического процесса становится личностно-ориентированный подход. Происходящая смена образовательной парадигмы предполагает обновление содержания образования и использование новых технологий, где особая роль отводится духовному воспитанию личности, формированию нравственного облика человека. В настоящее время в содержание образования закладываются новые процессуальные умения: самостоятельно заниматься своим обучением и получать нужную информацию; работать в группе и принимать решения; использовать новые технологии информации и коммуникации.

Начальное образование базируется на следующих принципах: непрерывности; учета возрастных возможностей ребенка; учета его индивидуальных особенностей; здоровье сбережения; взаимосвязи с окружающим миром; развития личности как субъекта творческой деятельности; признания ребенка как активного субъекта познания; доступности и достаточности; духовно-нравственного воспитания; психологической адаптации; взаимодействия семьи педагога.

Целью образования становится общекультурное, личностное и познавательное развитие учащихся, обеспечивающее такую ключевую компетенцию, как умение учиться. В связи с этим одним из главных результатов начального образования является сформированность универсальных учебных действий, обеспечивающих школьникам умение учиться, способность к саморазвитию и самосовершенствованию. Достижение планируемых результатов освоения основной образовательной программы обеспечивает системно-деятельностный подход и создает основу для самостоятельного успешного усвоения обучающимися новых знаний, умений, компетенций, видов и способов деятельности. Деятельностный подход ориентирован на предметную деятельность младших школьников. На этом этапе становления личности в связке «деятельность – личность» на первое место выступает деятельность как фактор формирования личности (деятельность - личность).

В настоящее время учитель начальных классов решает очень сложные задачи переосмысления своего педагогического опыта, ищет ответ на вопрос «Как обучать в новых условиях?».

В связи с этим роль учителя начальных классов существенно изменяется в части понимания смысла процесса обучения и воспитания. Теперь учителю необходимо выстраивать процесс обучения не только как процесс усвоения системы знаний, умений и компетенций, составляющих инструментальную основу учебной деятельности учащегося, но и как процесс развития личности, принятия духовно-нравственных, социальных, семейных и других ценностей. Поэтому наряду с традиционным вопросом "Чему учить?", учитель должен понимать, "Как учить?" или, точнее, "Как учить так, чтобы инициировать у детей собственные вопросы: "Чему мне нужно научиться?" и "Как мне этому научиться?" Чтобы быть готовым к этому, учителю следует осмыслить идею системно-деятельностного подхода.

Современная школа развивается в условиях колоссального роста объема разнообразной информации во всех областях знаний. В содержании образования меняются приоритеты. Навыки устного и письменного счёта, каллиграфического и грамотного письма, чтения, составляющего основу начального обучения на протяжении многих столетий, сейчас всё в меньшей мере признаются единственно важными и достаточными для школы настоящего и будущего. Приоритетом начального общего образования является формирование обще учебных умений и навыков, уровень освоения которых в значительной мере определяет успешность всего последующего обучения

Соблюдение требований к условиям реализации основной образовательной программы общего образования: должно обеспечивать создание комфортной, по отношению к обучающимся и педагогическим работникам образовательной среды, гарантирующей охрану и укрепление физического, психологического и социального здоровья школьников; высокое качество образования, его доступность, открытость и привлекательность для обучающихся, их родителей и всего общества, духовно-нравственное развитие и воспитание обучающихся.

Учитель начальных классов – это единственный специалист – педагог в средней школе, преподающий ни одну-две смежных дисциплины, а владеющий знаниями и методиками преподавания всего спектра учебных предметов. Поэтому учителю начальных классов приходится синтезировать методические знания по отдельным дисциплинам в единый блок. Так же существенно меняется и характер педагогической деятельности: в начальной школе реализуются многовариативные образовательные практики, которые требуют от учителя начальных классов умения учить детей способам добывания знаний, формировать содержание их учебной деятельности, развивать мышление школьников, что требует от педагога существенных изменений традиционных педагогических практик. Сегодня становятся и добавляются к привычному для нас комплексу профессионально важных качеств педагога компоненты, которые до настоящего времени не выступали как решающе значимые: высокий уровень общей культуры, психолого-педагогическая и методическая компетентность учителя. Таким образом, именно педагог становится ключевой фигурой модернизации казахстанского образования. Её успешность во многом зависит от педагогической позиции учителя.

В рамках обновления содержания образования Республики Казахстан на базе нашей школы этого года были проведены коучинги, семинары среди учителей. Нам, учителям начальных классов было интересно узнать, насколько обновления коснутся начальной ступени образования. Благодаря профессионализму тренера Ажгалиевой Толкын Кадырбаевны мы расширили представление об особенностях обновлённой программы, новых методах преподавания. В освоении материала помогли позитив, благоприятная эмоциональная атмосфера, интересные диалоги, вовлечение в практическую деятельность. Значимым было моделирование урока в группах, анализ урока по этапам.

Важным принципом, лежащим в основе разработки учебных программ начального образования, является модель спиральной образовательной программы. В её основе лежит повторение изученных разделов по мере перехода учащихся в следующие классы. Сложность темы увеличивается с каждым повторным рассмотрением.

Формирование способности и готовности учащихся реализовывать универсальные учебные действия позволит повысить эффективность образовательно-воспитательного процесса в начальной школе.

Благодаря цели обновленной программы созданы условия для формирования функционально грамотной личности через формирование навыков чтения и письма во взаимосвязи с развитием речи, навыков слушания, говорения и грамматических представлений; а также представляет основу для всего последующего обучения. Каждый урок содержит вдохновляющие идеи и задания, которые помогут провести урок увлекательно и эффективно. «О сложном - просто и на практике» - такой принцип лежит в основе методики каждого урока. В процессе изучения предметов у первоклассников развивается критическое мышление, творческое воображение, навыки исследования и общения, научатся применять знания в повседневной жизни.

Нам нравится эта обновленная программа тем, что, применяя полученные знания на уроках, постоянно идет поиск нового, в котором участвуют одновременно и учитель, и ребёнок. Это, по нашему мнению, будет приносить удовлетворение и радость от общения с ребёнком, и от работы.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана от 27 января 2012 года.
2. Государственная программа развития образования на 2011-2020 годы.
3. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы.
4. Программа повышения квалификации учителей начальных классов в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯЛАРЫ – САНАЛЫ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Мухамадиева М. Н.
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Алматы облысы бойынша ПҚБАИ
113173@mail.ru

Ұрпақ тәрбиесі қашаннан өз мәнін биік ұстайды. Сондықтан қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу - білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты.

«Елбасымыз “Қазақстан - 2050 стратегиясының” түп қазығы етіп, «Мәңгілік ел» ұғымын ұсынды. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беру – қоғамымыздың алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі. Мектеп жеке тұлғаның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиетінің қалыптасуына жүйелі жолға қойылған тәрбие беру негізінде қол жеткізеді. «Отан - от басынан басталады» дейді халық даналығы. Демек, бала тәрбиесі - Отан мен ел мүддесі. Бүгінгі өскелең ұрпаққа

ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт - дәстүрін әр оқушының бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қазіргі тәрбие жүйесінің өзекті мәселесі.

Егеменді еліміздің болашағы жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету - бүгінгі таңда ең басты мақсат болып табылады.

Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақ - ұлттық сана - сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, ар - ождан мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуі тиіс

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Иmandылық, ізгілік, адамгершілік, елжандылық және де толып жатқан кісілік қасиеттер мектеп қабырғасында қалыптасады.. Мектептегі оқушы - болашақ Қазақстан азаматы. Олар ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып ХХІ ғасыр есігінен еркін еніп жүре алатын дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті болуы шарт. Сонымен қатар, тәуелсіздігіміздің тірегі - білімді әрі саналы, парасатты, жан - жақты мәдениетті, еліміздің еңсесін өркениетке жетелейтін патриот азаматтарымыздың көп болуы әбден керек.

Мұғалім– мектептің айнасы, бәйтерегі. Мұғалім еңбегінің әлеуметтік мәніне, елдің мәдени өміріндегі белсенді рөліне кезінде қазақ зиялылары көп көңіл бөлген. Ахмет Байтұрсынұлы “Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, білдірмейді” – деген болатын.

Жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, олардың өзіне деген сенімін нығайту, бір сөзбен айтқанда, өмірде өз жолын өзі таңдауына түрткі болу-ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы абыройлы борышы.

Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет.

Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім.

Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі зор. Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы –

деп ақын Ғ.Қайырбеков жырлағандай, әрине, ұстаз жүгі – ауыр жүк. Ұстаздардың әсерлі үнмен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің дана ойдың ыстық лебі еседі. Ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы “Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасам, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – Мұғалім.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – ұстаздар қауымының басты парызы.

Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз [2].

Бүгінгі жастарға, ұлттық тәрбие беру керек» деген идеяны басшылыққа алған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.Пірәлиевтің жобасы ойға қонымды.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды. Қазіргі кезде ұлттық тәрбиенің көздері – фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары элементтерін бастауыш сыныптарда қазақ тілі, ана тілі, математика, дүниетану, бейнелеу өнері, денешынықтыру сабақтарында кеңінен қолданудың маңызы артып келеді. Мысалы: математика сабағында ақыл-ой қабілетін дамытатын ойындармен, ән-күй сабақтарында түрлі әуендермен, дүниетану сабағында табиғи денелерді қолдануды және хайуанаттар дүниесін елестететін, денешынықтыру

сабақтарында ұлттық ойындармен, ал еңбекке баулуда түрлі ою-өрнектермен және т.б. танысады.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екінші – мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету – басты міндетіміз [3].

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын, ойшылдары мен зиялыларын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсіргені күмән туғызбайды. Шығыстың ғұлама ғалымы Әл - Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін, - десе, Болашақ ұрпақ жайында Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өз Жолдауында: «Қазіргі заманда кез - келген мемлекеттің тыныс тіршілігін қалыпты ұстап тұрудың аса маңызды шарты - адамдардың өздері, олардың ерік - жігері, қажыры, білімі болып табылады. Ата - аналар өз балаларын өмірге даярлауға ерекше көңіл бөлуі тиіс. Олар қазіргі балалар елдің болашағын анықтайтын ХХІ ғасырдың ересек адамдары екенін түсінуі қажет»- деп көрсетті. Ал тәрбие дегенге М. Жұмабаев: «Тәрбие - адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне - өзі қожа болғанша тиісті азық беріп өсіру»- деген екен. Сонда бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы қалыптасатын күрделі іс. Бала қамын ойлаған бабаларымыздың айтқандарынан түйгеніміз - қай қоғамның болсын көтерген мәселесі – бала жанына ізгілік дәнін егу. Себебі бала - өмірдің жалғасы, мәні мен сәні. Сондықтан да халық баланы көңілдің гүлі, көздің нұры деп ұққан. Кезінде ұрпақ тәрбиесі, ел тағдыры жөнінде елеулі еңбектер жазып, аталық ақыл айтқан ғалым - профессор Б. Кенжебаев: «Бала – біздің болашағымыз. Болашағына немқұрайлы халықтан ештеңе күтуге болмас еді. Қазақта «Ұяда не көрсе ұшқанда соны ілер» - деген мәтел бар.

Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшырататын ата да қыран болу керек»- деп отбасы тәрбиесіне ерекше тоқталған. Себебі отбасы бала үшін - алтын бесік. Бала тәрбиесі мен барлық адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы негізінен отбасында жүзеге асады. Олай болса балаға өз шаңырағында, өз табалдырығында дұрыс тәрбие берілуі - тәрбиенің ең басты шарты. Ата мен

әженің, әке мен шешенің балаға беретін үлгісінің құдіреттілігін мойындап, өз ұлтының ертеңін елжірей ойлап, ұлттық тәрбие тағлымын байыптай да батыл айтқан батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «... Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата - аналарымның бейнесі елестейді. Өйткені өзімнің әжемдей, әке - шешем мен ауылдың ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған ешкім жоқ.» деп балалық шағын тебірене еске алуы тегін емес.

Алтын бесік - отбасы болса, алтын ұя – мектеп. Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені отбасы Адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп ақылы мен білімі толысқан, жан - жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Бұл екі ортаның да мақсат - мүддесі ортақ, міндеті - біреу. Демек қасиетті жерде жұмыс істеудің өзі бізге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Педагогикалық іс – өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден өте сезімталдықты, балаға деген шексіз сүйіспеншілікті талап етеді. Тұңғыш ағартушы педагог Ы. Алтынсарин «Күнәнің ең үлкені - бала жанының нәзік пернелерін дұрыс сезе алмайтындарда»деп бала тәрбиесіндегі басты тұлға ұстаздарды өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырған. Балаға тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы - жылулық, сүйіспеншілік сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай түпкі мақсат ешқашан орындалмайды.

Әр кәсіптің өз жемісі бар. Біздің жемісіміз – алдымыздағы шәкірттер. Олар – біздің бүкіл ұстаздық өміріміздің гүлі, мәні мен сәні десек артық айтпағандық болар. Қазақта «Ана мейірі мен ұстаз мейірі егіз»деген тамаша мәтел бар. Халық айтса қалт айтпайды. Мейірімін ана мейірімен теңестірген ұстаздың бойында қандай қасиеттер болу керек.

Біріншіден, біз мейірбан адамдар болып, балаларды қаз - қалпында сүйуге тиіспіз, шолжанды да, тіл алғышты да, ақылдыны да, жалқауды да бірдей жақсы көруіміз қажет. Өзіміздің жан - шуағымызды балаларға алаламай тең үлестіруіміз керек. Балаға деген мейірімділігіміз бен махаббатымыз педагогикалық қызметіміздің ең басты дәлелі болуы тиіс. Балаларға деген сүйіспеншілік пен мейірім олармен дөрекі сөйлесуге, олардың жеке басымен намысына тиюге, ұрсып, қорқытуға жол бермейді.

Екіншіден, біз баланы түсіне білуіміз керек. Балалар өздеріне әрдайым көмекке келетін, табыстарына қуанатын, сәтсіздікке ұшыраған сәтте көңілдерін көтеретін мұғаліммен қарым - қатынас жасау соншалықты қызықты екенін сезінуі тиіс. «Балаларды түсіну - мұның өзі «олардың кейпін кию»олармен бірге қуанып, бірге күйініп, олардың өмірін кешу»- деген болатын Н. К. Крупская. Балаларды түсіну дегеніміз - оларға өктемдік көрсетпей, олардың бүгінгі тіршілігін тірек ете отырып, ертеңгі тіршілігінің өркенін жаю деген сөз. Баланың көңіл құбылысын, жүрек тебіренісін, оның сезімі мен талпынысын түсіне отырып, педагог баянды тәрбиеге қол жеткізе алады.

Үшіншіден, біз өзіміздің педагогикамызға, тәрбиенің жасампаздық күшіне сенуіміз керек. Қайсыбір педагогтың жекелеген балалардың қыңыр мінезі алдында қол қусырып «бұдан түк шықпайды»деуі олардың жарқын болашағын жерлеумен бірдей.

Төртіншіден, біз ұлт болашағын, еліміздің келешегі - жас ұрпақты тәрбиелеп отырғанымызды әсте ұмытпаған жөн. Ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Біз сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және азаматтық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуіміз қажет.

Мағжан Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі – мектебіне байланысты...» деуі, Ұлы жазушы, әрі ғұлама М. Әуезовтың «Ел болам десең, бесігінді түзе»деген нақылы еліміздің ертеңі - жас ұрпағынды жақсылап өсір деген сөз. Жас ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, ел ертеңі. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болады»деп А. Байтұрсынов айтқандай мемлекетіміз де ұрпақ тәрбиесіне барынша назар аударып келеді. Себебі бала - еліміздің ертеңі, тірегі мен тілегі. Еліміздің - ажары мен базары.

Біздің жастар елімізді, жерімізді, тілімізді бүкіл әлемге паш етсін десек, жаңа заманға лайық етіп тәрбиелейік. Шәкірттеріміз көзге ғана емес, көңілге де қуаныш сыйлап, өміріміздің гүліне, мәні мен сәніне айналсын. Біз тәрбиелеген ұрпақ тәрбиелі де тәртіпті, ақылды да өнегелі, рухани адамгершілігі мол Қазақстанның беделді азаматы болады деп сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
2. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану // «Егемен Қазақстан».
3. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие // «Ана тілі», 20 қазан, 2011.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ. ЭССЕ

Мұхамбетова Ж. И.

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы,
№11 орта мектеп

Тәуелсіз еліміздің ұрпақтары – ең бақытты балалар. Себебі, ұлан-ғайыр жері бар, табиғаты көркем, сан ғасырлық тарихқа бай елде дүние есігін ашты. Қазіргі жас өрендеріміздің патриоттық сезімдерін ояту – ұрпақ тәрбиесіндегі негізгі қаралатын мәселелердің бірі. Мектеп жасындағы балалардың тәрбиесіне отбасымен қоса, мұғалімдер де жауапты тұлғалар болып есептеледі. Оқушылардың қазіргі кезде белең алып кеткен әлеуметтік желілерде көп уақытын өткізуі – олардың санасына кері әсерін тигізері анық.

«Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлтжанды азамат болуы керек», – деп атап өтті елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Тарихымызға көз жүгіртсек, Тәуелсіздік – Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырларымыздың найзасының ұшымен, Әбілқайыр, Қасым, Тәуке, Абылай хандарымыздың ел бірлігін сақтаудағы жүргізген сындарлы саясаттарының және Бауыржан, Әлия, Мәншүк, одан бергі Қайрат, Сағира, Ләззат сынды қаһарман аға-апаларымыздың қанымен бізге жеткен баға жетпес байлығымыз. Халқымыз бұл жолда аштықты, қуғын-сүргінді, Ұлы Отан Соғысын бастан кешіріп, біршама миллион халық құрбан болды.

Біз – тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан бірден-бір еліміз. Осындай қиыншылықтармен келген Егемендігіміздің мәнін жас ұрпақтың санасына жеткізіп, ұғындыру – пән мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі. Ол үшін оқушылар бойындағы ұлтжандылық, отансүйгіштік, еңбекқорлық сезімдерін оятуға бағытталған тәрбие сағаттарын өткізудің маңызы зор. Еліміздің тарихынан сыр шертер көріністер қою арқылы, оқушыларды сол кезеңдерді көз алдарына елестетіп, бір сәт өздерін тарихи тұлғалардың орнына қойып көруіне мүмкіндік беруіміз керек. Тек қана Тәуелсіздік күні немесе арнайы мерекелерде ғана емес, тәрбие сағаттарының тақырыбын патриоттық тәрбиеге қарай бұруға тиіспіз.

Қазақ халқы – салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа бай халық. Біздің ұлтымыз мәдениетімен ерекшеленеді. Қазақ халық ауыз әдебиетінен бастап, жыраулар поэзиясын, ақын-жазушыларымыздың шығармаларын оқушыларға мейлінше жиі жаттатқызып, олардың мағыналарын терең ұғынуына мұғалім ықпал жасауы қажет.

Елбасымыздың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – Қазақстанның болашағына жасалған нық қадам. Еліміздің болашағы – жастар. Сол ұрпақтың тәрбиесіне қазірден көңіл бөлмесек, кейін кеш қалатымыз анық. Сондықтан, ел болып балаларымыздың саналы да тәрбиелі болып қалыптасуына жағдай жасап, соған қарай жұмыстар атқарылуы керек. «Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» – деп, Абай атамыз айтпақшы, ұрпақ тәрбиесіне бүкіл қоғам жауапты екенін ұмытпайық.


ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ. 2-СЫНЫП АШЫҚ САБАҚ: КҮЛӘШ АХМЕТОВА. АСТАНА


Оракова А. Г.

Тұщыбек негізгі орта мектебі

САБАҚ: Күләш Ахметова. Астана.	Мектеп: Тұщыбек негізгі орта мектебі
---	---

Күні:	Мұғалімнің есімі: Оракова Акмарал Гарифуллаевна	
СЫНЫП: 2-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар: 0
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	2.1.5.1 - өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу 2.2.2.1 - мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу 2.3.3.1 - шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:	
	<ul style="list-style-type: none"> Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. 	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	<ul style="list-style-type: none"> Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. 	
	Кейбір оқушылар:	
<ul style="list-style-type: none"> Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады. 		
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ тілі, тарих.	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы 5 минут	Топқа бөлу 2 минут Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. Психологиялық ахуал қалыптастыру: 3 минут	1-топ «Бір мақсат» 2-топ «Бір мүдде» 3-топ «Бір болашақ»

	<p>«Өзі туралы кластер» тренинг Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады. Мысалы: Мен елімнің патриотымын т.б</p>	
<p>Ортасы 20 минут</p>	<p><u>Білу және түсіну 10 минут</u> Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Дәптермен жұмыс.</p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Ребус шешу. (Астана, Алматы) ▪ Ребус шешуіндегі екі қала туралы өз білгендеріне ассоциация құрғызу, оқыту, талдау. ▪ Алматыға саяхатқа шығу. (Алматы туралы ойларымен салыстыра отырып, толық мағлұмат беру). ▪ Астанаға саяхатқа шығу. (Астана туралы толық мағлұмат беру). видиоролик ▪ Осы Астана жайлы бізге К. Ахметова апамыз әдемі өлең ұсынған екен, ендеше бүгін К.Ахметованың «Астана» өлеңімен таныс боламыз. ▪ Авторға шолу жасау. Күләш Ахметова- 1946 жылы 25 сәуірде Қырғыз Республикасы, Талас ауданы, Киров ауылында дүниеге келген. Ақын, жазушы. Өлеңдері бірнеше тілге аударылған. Бірнеше жыр жинақтарының авторы. <p>Қолдану «Жариялау» әдісі (Әр топ өз аттарын қорғап шығу</p>	<p>«Әлемді шарлау» әдісі арқылы түсіндіріледі. <u>«Интервью» әдісі</u> Оқушылар өз ойларын стикерлерге жазып жабыстырады.</p>

	<p>керек.1.Бір мақсат.2.Бір мүдде. 3.Бір болашақ (Әрбір топ берілген тапсырмалар бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде (5 мину) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді.) <u>Қолдану 8 минут «Интервью» әдісі</u> Жалпыға арналған тапсырма: Оқушылар тақырып аясында сұрақтар құрастырады. Сұрақтар тақтаға ілінеді. Оқушылар бір-бірінің сұрақтарына жауап береді. 1.Бас қаламызды ата? 2.Тәуелсіздік күнін ата? 3.Бас қаламызда қандай ғимараттар орналасқан? 4.Өлең авторы кім? 5.Алматы қаласы туралы не білесің?</p>	
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p><u>«Мен қазақпын» би билеу</u></p> 	<p>«Қыдырып қайтайық!» биі</p>
<p>Аяқталуы 20 минут</p>	<p>А) Бұл жерде ақын ауызбіршілікке, бейбітшілікке, егеменді ел болуға Отаныңды, елінді қорғауға шақырып тұр. ә) Ақын, Алматы бас қала болған кезде де біз біраз жетістіктерге жеткенбіз. Ең бастысы тәуелсіздікке қол жеткізгеніміз жайлы айтып тұр. Б) Ақын өлеңдегі Алматы мен Астана сөздерін адамның көз жанарына теңеген, себебі Алматы</p>	<p>Оқушылар кестемен жұмыс жасайды</p>

мен Астана да Қазақстан Республикасының құтты мекені десек артық айтқандық болмас. Алматы бұрынғы тарихы бар астана болса, Астана қазіргі жаңа бас қала. Екі қала бір-бірімен тығыз байланыс та. Алматыда «Тәуелсіздік монументі» болса, Астанада 97 метр биіктікте орналасқан «Бәйтерек монументі» бар. Бәйтеректің жұмыртқасының үстінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алақаны бар.

Әр топқа тапсырма
Ой-толғаныс. «Мәңгілік Ел»
 Эссе жазу. Оқып талдау жасау. Бәйтерекке шығу арқылы, сұрақтармен қорытындылау.

1. Астана қай өзеннің бойында орналасқан?
2. Бәйтеректің ұзындығы неше метр?
3. «Алтын адам» қай қаладан табылған?
4. Алматы сөзі қандай мағына береді?
5. Астананың бұрынғы атауы?

Екі түрлі түсініктеме күнделігі.

Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар:

Бөліктің оң жағына	Сол жағына
Мәтіндегі қатты әсер еткен үзінділерді жазады.	Сол үзінділерді жазады, түсіреді, қандай, бар т.б.)

Үйге тапсырма: оқу, дәптермен жұмыс.		
<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс</p>
<p>Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>«Менің көңіл-күйім баспалдағы» Оқушылар стикерлерге өз есімдерін жазып (немесе смайликтің суретін салып) тақтада салынған баспалдақтардың біріне жабыстырады. Баспалдақтар «Керемет!», «Өзіме сенімдімін!», «Жақсы», «Жаман емес», «Маған көмек керек!», «Білмеймін», «Нашар» деп аталады.</p> <div data-bbox="512 1014 1353 1451" style="border: 1px solid black; padding: 10px; text-align: center;"> <p>Кері байланыс</p>  <p>Көңілсіз, қызықсыз болды</p> <p>Көңілді, қызықты болды</p> <p>Сұрақтарым бар</p> <p>Тақырыпты түсіндім</p> <p>Сабақта берілген тапсырмаларды орындадым</p> <p>Жаңа мағлұматтар білдім</p> </div>	
<p>Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>		

МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Токеев Б.Е.,
Махатаева Ж.И.,
Оспанкулова Ш.А.*

«Өрлеу» БАҰО АҚФ ОҚО бойынша ПҚБАИ

Елді қорғау, жерді қастерлеу, ата-ананы құрметтеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет жасау, табиғатты қорғау, адамдық атқа ие бола отырып, адамгершілікті, адамдық қасиеттерді қалыптастыру – ежелден ата бабадан келе жатқан мызғымас заңдылығымен дамытылған ұлттық құндылықтарымыз. Адам ата Хауа анадан тараған ұрпақ ықылым заманнан бері бір-біріне берілер ұлттық құндылықтарға толы тәрбиені кеңінен дамытып келеді. Академик Мұхтар Әуезов: «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп бекер айтпаса керек. «Балапан ұяда не көрсе ұшқанда соны ілер» деген дана халқымыз бала тәрбиесіне қатты алаңдаған. Бесік жырының өзі баланы мейірімділікке меңзейтіні, ата анасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелейтіні, ұлттық ұғымды ұлғайтып, тектілік пен танымының бала санасында ана әлдиі арқылы таңғажайып түрлентетіні әлдеқашан дәлелденген. Мағжан Жұмабаевтың өзі «Педагогика» атты кітабында: «Туғаннан кейінгі үшінші, төртінші аптада балаға бесік жыры әсер етеді, алты аптада дыбысты өзі тілеп тыңдайды, баланың жаны кетік болмай, бүтін болсын десек, тәрбиеші баланы әннен, жырдан, музыкадан қашырмасын» деп маңызды ой тастаған. Ұлттық құндылық болып мәңгі қалар, ұлт болып сақталуымызға бірден-бір себеп болар ана тіліміз. Оның айғағы ақындар ана тілді ту етіп ұстап, келешек ұрпаққа қазақ тілінің бұлақтай мөлдір таза күйінде жетуін қалағаны белгілі.

«Ана тілің арың бұл,
Ұятың болып тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте»-деп ақын Қадыр Мырзалиев жырында жырлағаны көп нәрсені аңғартады.

Елбасымыздың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауының тарихи маңызы бүгінгі таңда өте ерекше. „Мәңгілік ел“ идеясы қазақ халқының қаншама ғасырлар, аңсап келе жатқан, арманына апаратын, мақсатына жеткізетін, бірден-бір мәңгіліктің жолы екенін айқындап, ұлттық құндылықтарымыздың таза сақталуына жол еөрсетіп отыр. Елбасы өз Жолдауында „Мәңгілік ел“ болып қалу үшін бүгінгі заманға сай не істеу керектігін нақтылап айқындады. „Мәңгілік ел“ — ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы, ол арман-әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді... Біз үшін болашағымызға бағдар беретін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол — „Мәңгілік ел“ идеясы» деп Елбасымыз бұл идеяның аса қажеттіліктен туындағанын ерекше атап өтті. «Мәңгілік ел»

идеясының негізгі мақсаты — елімізді қарышты дамыған мемлекетке айналдыруда ұлттық мүддені, рухани дүниені жаңғыртуды және өзіміздің қазақ ұлтының мерейін асыруға, қалыптасқан тарихи үрдістерін жаңғыртуға арналған құжат деп білуге болады. Президенттің жалпы ұлттық идеясы — еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» — елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы бастама. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер: ресурстар, білімді адамдар, жұдырықтай жұмылған ұлтымыз бар, деді Елбасымыз. Ел басшысы өз сөзін ары қарай жалғастыра келе: «Біз бәріміз бір атаның — қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу — қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол — тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз. Тәуелсіздік алғаннан кейін небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өттік. Бүгін Қазақстанды бүкіл әлем танып отыр. Қазақстан таяудағы жылдар ішінде әлемдік бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіруі тиіс. Бұл дегеніміз — бәсекеге төтеп беру. Әлемдік бәсекеге төтеп берудің басты шарты — күшті рух пен білім. Елбасы Жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына да үлкен міндеттер қойды. «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3–6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту-деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және, ағылшын тілдерін білуге тиіс», деп Елбасы арнайы атап көрсетті. Осыған орай, үлкен жауапкершілік жүктеліп отырған мұғалімдерге жаңашылдықпен жұмыс жасауға тура келеді. Жаһандану заманы, баршаға мәлім, елдер мен ұлттарға аса қатал талап қоюда. Ең бастысы — ұлттық тіл ұлттық сананың, ұлттық намыстың жоғарылығына, оның қажеттілік деңгейіне байланысты екенін жадымыздан шығармауымыз қажет.

Дәстүрлі сабақ өтіп келген мұғалімдер енді оқушылардың сабаққа белсене қатысуын ұйымдастыра отырып, тиімді оқытуда мына мәселелерге көп көңіл бөлуі қажет. Мұғалім ең алдымен өзінің орта мерзімді жоспарын қарап шығуы тиіс. Сабағының жоспарын жасауда оқыту және оқу саласындағы соңғы өзгерістерді және алдыңғы сабақтарда меңгерілетін білімді ескере отырып құрғаны жөн болады. Тілдік мақсаттарды орындауда айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларының дамытылуы көзделген. Ол дегеніміз мұғалімнің өзінен бастау алатын үлгі болар үдерістер. Тыңдалым-ол мұғалімнің өзінен бастап тыңдай білуі, тыңдаған нәрсені ұғынуы, жүрекке түюі, содан қорытынды шығара біліп, оны оқушыларға үйретуі. Айтылым- мұғалім өзі

мәдениетті сөйлеп, мағыналы маңызды ой айта білсе оқушылары да соған қалыптасып, дағдыланады. Жазылым – мұғалімнің еңбекқорлығы, шығармашылық ізденістері мен еңбектері оқушыларға үлгі болып ізденімпаздыққа, жаңашылдыққа жетелейді. Оқылым - мұғалім өзі көп оқып, жан-жақты дамыған болса, қосымша оқыған мәліметтерден сабағында ұлттық құндылықтардан мысал келтіре отырып қызықтыра өтсе, оқушылары да сол әрекетке көшеді, қосымша көркем әдебиеттерді көп оқуға дағдыланады. Сабақтың сапалы өтілуіне жеткізетін нақтылап айтқанда сабақ мақсатының дұрыс қойылуы, яғни SMART аббревиатурасына сәйкес сабақ мақсаты 45 минутқа арналған арнайы, қол жетімді, орындалатын, уақытпен шектелген мақсат қойылуы тиіс, оқушыларға А,В,С деңгейлеріне сәйкес жеке-жеке арнайы тапсырмалардың берілуі ескерілу керек. Бұл тұста дифференсация яғни саралау жүреді, оқушылар арасынан нәтижесі күтілетіннен төмен деңгейде жұмыс істейтін оқушыларды анықтау керек. Неліктен олар қабілеті төменірек оқушы?- деп анықталғаны туралы ойлану керек.Бәлкім оларды сабақтың өтілуі қанағаттандырмайтын шығар. Оларға оқуға көмектесу үшін қандай стратегияларды пайдалануға болатынын қарастыра отырып, сабақ жоспарында жоспарланған әрбір жаттығу бойынша нақты мысалдарды қамту керек. Олардан күтілетіннен жоғары деңгейде жұмыс істейтін оқушыларды анықтауда неліктен олар жоғары қабілетті оқушы?- деп анықталғаны туралы ойлану қажет. Бәлкім оңай тапсырмалар оларды жалықтыратын болар,сондықтан оларды одан сайын талпындырып, өзге оқушыларға үлгі ету үшін, оқушылар үнін тыңдай отырып, яғни оқушылармен өзара пікірлесе, кеңесе отырып, сабаққа деген ынтасын арттыра түсіп, қанағаттандыру үшін оларға оқуын кеңейту, тереңдету үшін қандай стратегияларды пайдалануға болатынын ескеру керек. Сабақ жоспарында жоспарланған әрбір жаттығу бойынша нақты мысалдарды өмірмен, ұлттық құндылықтарымызбен байланыстыра отырып қамту керектігіне жұмыс жасау қажет. Оқушылар өзара бірін-бірі үйретіп, демеп, жетелеп, бірін-бірі өзара әділ бағалауға үйретілуі қажет. Өзара сыни пікірді ашық, әділ айта білуі, оған түсіністікпен қарауы, қорытынды шығара білуіне, сабақтың ынтымақтастықта сапалы, жоғары деңгейде жүруіне, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар 2014 жыл // Егемен Қазақстан. 18 қаңтар. 2014 жыл. 1–3 бб.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995 жыл. kk.wikibooks.
3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан. 1997 жыл. 15 шілде. kk.convdocs
4. Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы — ұлттық саясат саласындағы жаңа стратегиялық құжат. Астана. 2010 жыл. Inform.kz.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТУЫН БЕРІК ҰСТАЙТЫН ПАТРИОТ АЗАМАТТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БАСЫ

Рамазанова С. К.

Қазақ мектеп-гимназия, Петропавл қаласы,
Солтүстік Қазақстан облысы

Заман талабына сай білім беру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бүгінгі мектеп оқушылары ертең өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге, өз мәселелерін өздері шешуге, саналы шешім қабылдауға дайын болуы керек. Қазақ мектебінің болашағы туралы М.Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты»деп айтып кеткенде, тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихи әлеуметтік, мәдени рухани болмысын дамытуда, қоғамдық өмір мен ұлттық мектепті қалыптастыруда ұстаздардың еңбегі зор екенін тілге тиек еткендей. Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады

«Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады», - дейді Н. Назарбаев. Бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деп жазады Президент. Жалпы білім беретін мектепке арналған тарих, әсіресе Қазақстан тарихы бағдарламаларында көлемді де маңызды тақырыптардан кейін «... жылдардағы біздің өлке» деген мәселелер ендірілген. Туған өлке материалы бағдарламадағы негізгі материалға қосымша болып есептелегенді, сондықтан ол ешуақытта бағдарламалық материалды ауыстыра алмайды, оның орнына да жүрмейді. Туған өлке материалы өтіліп жатқан материалды нақтылау үшін, оқушыларға таныс, жақын өмірден мысал келтіре отырып оларды тарихқа, тарих сабақтарына қызықтыру үшін қажет.

Осыған қарамастан сабаққа қойылатын үш міндет: білімділік, тәрбиелік, дамытушылық туған өлке материалына да қойылады.

Өлке материалын сабақта пайдаланудың әдіс, тәсілдері көп. Мәселен, 30-жылдардағы сауатсыздықты жою туралы айтып тұрып мұғалім, өз ауылындағы ересек адамдардың сауат ашу мектебінің жұмысы туралы бір қызықты эпизодты өзі айтып берсе, енді бір сабақта оқушы жергілікті архив пен

музейден алған материалға негізделген баяндама – хабарын оқыса (5-6 минут), белгілі бір тарихи кезеңдегі экономика мәселесін оқытқанда өлкенің шаруашылық дамуын кестелердегі цифр мәліметтері арқылы көрсетіп, түсіндірсе, тағы бір сабақта өлкедегі тарихи оқиға туралы көркем әдебиет үзіндісі оқылса немесе оқиға туралы оқушылар тарихи құжатпен өздігінше жұмыс істеп, соңынан мұғалім қойған сұрақтар бойынша құжатты бірлесіп талқыласа, сонда ғана жұмыс нәтижелі болады.

Сондықтан да мен 5 сынып бойынша Қазақстан тарихы сабақтарында өлкетану жұмысының әр түрлі жолдарын ұйымдастырдым.

Мысалы, адамның қалыптасып, дамуы кезеңдері жайында айтқанда, Қалба өңірінде адам баласы 40 мың жыл бұрын өмір сүріпті деген дерек келтірдім.

Қола дәуірінің қоныстары туралы айтып өткенде, өте ерте кездерде Қалба мен Нарым жоталарындағы кен орындарынан ғалымдардың есептеуі бойынша адамдар 1100 тонна қалайы қазып алған деп, табылған құралдардың суреттері бойынша жұмыс жүргіздім.

XVIII ғасырдың қазақ батырлары тақырыбына тоқталған кезде, тарих сабағында адамдар өмірдегі шынайы фактілерді пайдалану сабағын өткіздім. Бұл жерде жазушы Қ.Жұмаділовтің «Қабанбай» романынан «Қызылсу мен Шардың арасында қыстырылып зорға отырған Керей, Уақ, Матай, Терістанбалы, Бура рулары шекара бойында Жоңғар шапқыншылығына ең алдымен ұшырап, ата қоныстарын амалсыз жау қолына қалдырғандар» жайында үзінді оқыдық. Оқушыларға Жарма өңірінің батырлары жайында қосымша зерттеу жүргізіп, мәлімет жинап келуге тапсырдым.

Абай Құнанбаев есімі де Жарма ауданымен байланыстыруға болады. Өйткені Абайдың әжесі Зере зерттеулер бойынша Жарма ауданын мекендейтін матай руының қойкел тобынан шыққан деген деректер бар. Осы сабақта викторина сұрақтарына жауап беру арқылы оқушылардың Абай Құнанбаев туралы білетіндерін айқындадым.

1920-1930 жылдардағы өнеркәсіптің дамуы тақырыбына байланысты семинар сабақ өткіздім. Бұнда оқушылар өздігінен дайындалып келіп, ойларын ортаға салды. Түркістің салыну тарихын мұғалім жергілікті материалмен байланыстырып айтып өтті. Сабақ барысында толықтыру тестін пайдаландым. Мысалы, Жаңғызтөбе – Түркістің шақырымында тұр. Алғашқы паравоз мұнда өтті. Бұл өңір қысы-жазы құм дала болатын. шығыстағы ең үлкен элеватор іске қосылды. Стансаның батыс жағынан поселкесі бой көтерді. Оның алғаш қазығы жазда қағылды. (керекті сөздер: 1928 жыл, 165-ші, 1954 жылы, жел үзілмейтін, Солнечный, 1965 жылы.)

«Ұлы Отан» тақырыбын өткен кезде мектеп мұражайындағы жергілікті жеріміздегі жауынгерлердің орден, медальдары, документтері бойынша жұмыс жасап, ерліктері жайында мәлімет алып, сол білімдерін оқушылар «Жұлдызды сәт» ойынында көрсете алды.

50-ші жылдар туралы сөз болғанда, ең алдымен көңілімізге тың туралы ойлар оралды. Оқушыларға тың игеру туралы айтып, түсінік беріп өттім.Тың

туралы айтқанда көңілімізге екі пікір қатар оралады: ширек ғасырдан аса уақыт бойы жер-көкке сыйғызбай мадақтаған, бүкілхалықтық ерлік деген ұғым бар, сондай-ақ өлшеп – пішілмей, асығыс жүргізілген, экономикамызға айтарлықтай салқынын тигізген саяси шаруашылық науқаны болды деген ұғым бар. Осы ұғымдар төңірегінде оқушылармен пікірталас өткіздім.

Қорытынды сабақтарда оқушылармен туған өлке туралы мақал-мәтел сайысын өткізіп, «Туған өлке – тұнған шежіре» тақырыбында тарихи эссе – шығарма жазуға тапсырдым.

Оқу мен тәрбие егіз ұғым. Сондықтан да өлкеге қатысты қосымша тарихи деректерді тек қана сабақтарда қолданбай, сабақтан тыс шараларда және де «Юный краевед» үйірмесіне де пайдаланамын. Бұл үйірмені мұражай жұмысын жандандыру мақсатында жүргіземін. 7 сынып оқушылары өз өлкеміздің еңбек ардагерлері туралы, мектеп тарихы, ұстаз ардагерлері туралы т.б. мәліметтер жинайды. Оқушыларға қосымша тапсырма беріп, нәтижесінде оқушылардың өз бетінше жұмыс істегенде қызығушылықпен ізденгенін байқадым.

Тарихи әдебиеттермен, құжаттармен таныса отырып, өзінің қорытынды пікірін еркін айта алатын ой-өрісі биік, өзінің теориялық білімін практикамен ұштастыратын сауатты ұрпақ ретінде қалыптасуы. Сонымен қатар тәуелсіздік туын желбіретіп елімізді өркениетке бастар жолдың бастауы мен патриоты болып қалыптасады деген сенімдемін

ЕЛ МҰРАТЫ-МӘҢГІЛІК ЕЛ

Сағынтаев Қ. С.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ ОҚО бойынша ПҚБАИ,
taraktyruy@mail.ru

Біз 2015 жылы қыркүйек айында Қазақ хандығының 550 жылдығын бірқатар шетелдік көшбасшылардың қатысуымен Тараз қаласында кең көлемде атап өттік. Бұл бастама өте орынды. Себебі Керей мен Жәнібек, Ақназар мен Қасым, Есім мен Тәуекел, Өз-Тәуке мен Абылайдай қайталанбас дара тұлғалары бар қазақ халқы өз тарихын өзі ғана танып қоймай, керсінше бүткіл әлемге танытатын күн туды. Себебі осы тарихи тұлғалар тұсында "Есім ханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы, Өз-Тәукенің жеті жарғысы, Абылайдың ақ жолы" деген атпен таныс заңдық ережелер қалыпқа түсіп, Қазақ хандығы кемелдене түсті.

Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандардан бастау алған ұзына бойы тарихымызда Ұлы далада небір қиындықтарды басымыздан кешірген, сұрапыл соғыстарды, жойқын жортуылдарды өткерген; сан рет қирап, сан рет бой түзеген; тарихтың тағдырлы көші дейтін ұзақ жолда жақсыны да, жаманды да көрген; салтанатты да өмір сүрген, хандары алтын сарайларда да тұрған, алтын тақта да отырған, іргелес елдермен бейбіт өмір сүре білген елміз[4].

Бірақ түрлі тарихи жағдайларға байланысты Алқакөл-сұламаға ұшырадық. Ресейге бодан болған үш ғасырдың ішінде тарихымыз, ар ожданымыз табанға тапталды. Кеңпейіл, аңқау қазақтың мал-жаны тәркіленіп, ашаршылыққа душар болды. Зұлматтың құрығына түсті. Өзгенің тарихын өзімізге теліп оқыдық. Хандарымыз бен билеріміз, бектеріміз бен батырларымыз әжуаға, мазаққа ұшырады. Тарихымыз саясаттың құралына айналып, теріс оқытылды. Сана, дәстүр күйреді. Халық жадынан айрылды. Шыбын жаны шырқырады. Ұлт ретінде жер бетінен жойылып кете жаздадық. Қожаберген жыраудың : "Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді, Қарындастан айрылған жаман екен, Екі көзге мөлтілдеп жас келеді", деп зарлағаны, Қазтуған жыраудың "Қайран да менің Еділім" деп қабырғасы сөгілгені: үш жүздің басын қос алмай Абылайдың шарқ ұрғаны, Бұқар жыраудың жер тіреп күңіренгені; "Еділді келіп алғаны-етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны-жағаға қолды салғаны", "Әдіре қалғыр Үш Қиян" деп Мұрат ақынның күйзелгені; "Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын", деп Абайдай алыптың қабырғасы қайысатыны осы тұс еді[5].

Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен байқасақ, ежелден –ақ ру-тайпаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күн еткізбеуге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Отанымызды қорғаған еліне деген сүйіспеншілігі, ерлер сияқты қолына қару алып, ат құлағында ойнап жүріп жауын жеңуі сақ қызы — Тұмар падишаның ерлік істері. «Маған туған жердің бір уыс топырағы да қымбат. Сонда енді не бар?!» деп тұрсындар ғой... Менде ел бар, менде жер бар, мен елімді-жерімді қорғадым, — деген Тұмар падиша осындай байтақ та бай дархан Отанымызды жұдырықтай жүрегіндегі ерлік сезіммен қорғаған[4]. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып олар қарындас» — деп қыздарға сеніммен арқа сүйеген де, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан батыр қыздардың қазақта болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді.

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекеттігіміз – қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлаған хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың халқымызға тән шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан үлесін, батырларымыздың ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады.

Алла Тағала біздің елімізге осыншама кең жерді нәсіп еткенін түсінуге ұмтылсақ, ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұлан ғайыр Алтай мен Атырау

аралығын ата-бабларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі турала тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді.

Құдайға шүкір, басымыздан бақ тайған, қан жылаған зар заманымыз артта қалып, жаңа дәуірдің, жаңа заманның есігін аштық.

Небәрі жиырма бес жылдың ішінде осы байтақ далада бұрын соңды болмаған бүтіндей жаңа мемлекет-Тәуелсіз Қазақстан елі көш түзеді. Осы Ұлы көшті Н.Ә.Назарбаев бастады. Арғы-бергі заманда осындай ұлан-ғайыр мемлекет орнатып, халқының көңілдегісін тауып, көкейіндегісін істеген Назарбаевтай ұлы тұлғаны Ұлы даланың тарихы білген емес. Тәуелсіздік туының желбірегеніне де, міне, 25 жыл толды. Тоғыз жолдың торабындағы алпауыт елдер қатарындағы алып мемлекетімізді әлем жұртшылығы құрметтейді. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев та Қазақстанның 25 жылда биік тұғырға көтерілуіне елеулі үлес қосты. Ерен еңбегімен Қазақстанның әр азаматының жүрегінен орын алған осындай көшбасшымыздың болғанына да мақтанамын. Мен тәуелсіз елдің патриотымын! [3]

Ешқандай қиыншылық көрмей жүргенімде, ата - анамның жүздерінен қуаныш пен шаттық іздерін байқағанда, көкірегімді керіп «Тәуелсіз елдің патриотымын!» деп айта бергім келеді. Еліміздің бейбітшілігінің, тәуелсіздігінің арқасында күліп - ойнап, еркін білім алып жатқан ерікті елдің еркін ұланының бірімін!

Н. Ә. Назарбаев: «Алдымызда асу - асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!» - деп айтқандай, біздер, жас ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі партада отырған оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу [2].

Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бүгінде қоғамымызда «мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея мен мемлекеттік идеология қандай болуы тиіс?» деген пікірталас жүріп жатқандығын аңғаруға болады. Бұл туралы ұлт лидері Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы» деген еді [1].

Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз! Бұл ретте Елбасы: «Мәңгілік Ел - жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы», - деп түйіндейді [1]. Иә, Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың ықылым ғасырлардан

бергі асыл арманы екені белгілі. Болашағымызға айқын бағыт-бағдар беретін де, ұлтымызды ұжымшылдыққа ұйыстыратын да, межелі ұлы мақсаттарға жетелейтін де осы Мәңгілік Ел идеясы екені анық. «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді.

Тарих – халықтың жады мен зердесі. Шынайы ел тарихын білу арқылы тарихи сана бекиді, тарихи сана арқылы ұлттық сана қалыптасады. Бұл, түптеп келгенде, тәуелсіздігіңіздің баянды болуының кепілі. Ендеше, мемлекеттің дамуына тікелей әсер етуші факторлардың бірі салиқалы саясат, тұрақты экономикамен қатар, ұлттық идеология екені белгілі. Ұлттық идеология қоғамды бір мақсатқа жұмылдырып, сол мақсатқа жетуде бірігіп әрекет етуге шақырады. Ұлттық идеологияны қалыптастырудың жолы көп. Соның бірі және бірегейі отандық тарихты насихаттау.

Тарих ойға бағындырылған. Ал, тарихты зерттеп үйрену өткенді ұғыну, қоғамдық болмыс заңдарын түсіну деген сөз. Тарихтан білім берудің мақсаты - оқушылардың дүниетанымының негізі болатын тарихи сананы, тарихи білімді құрметтеу мен сыйлау сезімін қалыптастыру. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік Ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады[1].

Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Оған негіз – бүгінгі «арыстандай», «жолбарыстай», «қырандай» күшті жас ұрпақтың, біздің бүгінгі әдемі әрекеттеріміз, ұтымды ұмтылыстарымыз. Мен қазақ болып туылғаным, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаным бақыттымын. Өйткені, мен Тәуелсізбін, тәуелсіз елдің патриотымын!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол болашаққа бастар жол» Жолдауы (<http://www.inform.kz/rus/article/2715565>).

2. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400002014/links>).

3. «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары (<http://today.kz/news/kazakhstan/2015-05-20/614838-nazvany-100-konkretnyh-sagov-dalnejsego-razvitiya-kazahstana>).

4. Қазақстан тарихы. Ред. басқарған проф. Қаражан Қ.С. – Алматы, 2008.

5. Қазақстан тарихы. Очерктер. – А., 1994.

6. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. – Алматы: Қазақ университеті. – А, 2006.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ӨЗЕГІ

Самарканова А.А.
«Өрлеу» «Өрлеу» БАҰО» АҚФ
Алматы облысы бойынша ПҚБАИ
samarkanova89@mail.ru

Нағыз патриот-өз елін мақтайтын емес, нағыз патриот кемшіліктерді байқап, оларды түзеуге ықпалдасатындар.

Н.Ә. Назарбаев

True patriot is not proud of its own country, but rather recognizes and corrects true patriotic flaws.

N.A. Nazarbaev

Мемлекет және ұлт болып қалыптасуы үшін қазіргі жастарға ұлжандылық, ұлттық рух, ұлттық намыс қажет. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі кезінде өз жерімізде тұрсақта ұлт ретінде жойылып, жұтылып кету қаупі бар екені аян. Себебі, жаһанданудың қатал заңы бойынша күшті ұлт (мемлекет) аз, кіші мемлекетті жұтып жіберді. Сол үшін ұлттық құндылығымызды, ұлттық қадір қасиетімізді, салт дәстүрімізді сақтау, ұстану арқылы жаһанданудан аман қалуымыз мүмкін.

Мектеп- мәдениетті, білімді, ұлттық рухани құндылық пен мұраларды таратушы әрі сақтаушы орда. Ұлттық рухы күшті ұрпақ тәрбиелеу үшін балабақша, бастауыш сыныптан бастау керек тәрізді. Білім негізі мектеп екенін еске алсақ ертеңгі ұрпақ, ертеңгі елдің болашағы жастарда екені белгілі. Ұлттық мәдениетпен сусындау жастардың рухани әлемін байытып, адамгершілік әдептілік қасиеттерін дамытып қана қоймай олардың дүниетанымында кеңейтеді, білім сапасын арттырады. Адамның жеке тұлға болып қалыптасуына көпдеген факторлар әсер етеді. Соның бірі де бірегейі баланың ерте сәби кезінде яғни жас кезінде алған білімі мен білігі ұлттық тағылымы. Осы туралы шет мемлекеттер іс-тәжірибесін зерделесек Жапон елінің бай тәжірибесін алуға болады. Жапон халқының осындай рухы күшті білімді, білікті болуы оларды 3 млн жылдық ұлттық бай тәжірибесі мен қазіргі заманауи медиатехнологияларды біріктіре білуінде. Жапон елі балбақшасында «коккоро» бағдарламасы бойынша балаларға біздегідей әріп не есеп үйретпейді, оларды тек Жапон халқының ұлттық салт дәстүрін оқытады, яғни баланы алдымен Жапон баласы етіп алады және өз тілдерінде сабақ береді. Сондықтан біз үлгі етуіміз керек Жапон халқының осы кезге дейін өзінің бет бейнесін, ұлттық қалпын сақтап ұйысқан ұлт болып отырғанын.

Жер бетінде әрбір ұлттың өзіне тән ұлттық қасиеті болады осы ұлттық қасиеттің ең жоғарғы түрі «Ұлттық рух». Ол ұлттың намысын қыздырып, мәртебесін биіктетіп, ұлтын сүйеге көтермелеп беделін асырады. “Ұлттық рух”, “Потриатизм” туралы мәселелерді балаға жас кезінен бастап үйрете беру керек.

Ең алдымен балаларды өзіміздің қазақ халқының ұлттық құндылықтарымен оның ішінде батырлар, ардагерлер, ғұлама ғалымдарымызды жастайынан бойыны сіңіруіміз керек.

Қазақ халқының мыңдаған жылдық тарихын таразыласақ асқақ рухтың, биік намыстың күәсі боламыз. Біздің заманымызға дейінгі кезеңде өмір сүрген арғы ата-бабаларымызды айтсақ болады. Одан бері Жоңғар шапқыншылығы кезінде Абылай хан басшылығымен Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек батырлар тарих сахнасынан үлкен орын алады десек болады. Олар қазақтың қазіргі таңдағы Ұлан ғайыр жерін жаудан қорғап қалды. Кеңес үкіметі орнаған кездегі ұлттық мемлекет құруға ұмтылған А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, Т. Рысқұлов тәрізді алаш азаматтарының еңбегін қалай ұмытуға болады. Одан кейінгі Ұлы Отан соғысы кезіндегі Б. Момышұлы бастаған қазақ батырлары М. Ғабдуллин, Р. Қошқарбаев, М. Мәметова тағы басқа батырлардың еңбегі мәңгі есте. Қазақ мемлекетінің берік қабырғасын құруға қыруар еңбек еткен Д. Қонаев, Б. Әшімовтарды айтуға болады.

Абай мен Шоқан еңбектерін айтпай кетуге болмайды. Олар қазақ әдебиеті мен ғылымның көш басшылары. Қазақ ұлтының ұлттық мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан айтулы қазақ ұлдары мен қыздарының ерен еңбегі әрі қарай жалғаса береді. Өйткені қазіргі жастардың тәлімі мен тағылымы күшті. Қазақ халқының рухын көтеретін ұлтжанды патриот болу үшін әрбір ісімізді сөзбен емес іспен насихаттау арқылы, фактілер арқылы жастарға түсіндіре отырып, өшіп қалған әлемдік дәрежедегі ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетімізді қайта жандандыру патриоттық тәрбиенің алтын өзегі. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған ең жауапты мақсат – тәуелсіз мемлекетіміздің уығы болып қадалатын қоғам мүшелерін, яғни ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеп, тиянақты білім беру. Адам бойында адамгершілік, патриоттық құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтының өмірдің өзі дәлелдеуде. Патриотизм проблемасымен терең тамырлас, құрамдас болып сабақтастықта дамитын Отан, ана тілі, Атамекен, ұлт, ұлттық мәдениет, ұлттық рух, намыс, ұлттық дүниетаным және т.б. сондықтан біз қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті осы жас ұрпақтың бойына сіңіруіміз тиіс. Менің ойымша жастар еліміздің саяси, мәдени, рухани өміріне белсене араласуы керек. Ол үшін саяси сауатын, рухын, ұлттық намысын шыңдап, ұлттық сана-сезімін үнемі жетілдіріп отыруға тиіс. Бұл құндылықтар жастар болмысына өздігінен қалыптаса қалмайды. Оған аға буынның үлгі-өнегесі, ақыл-кеңесі, білім-ілімге деген құштарлығы, еңбексүйгіштігі, ұлттық мүддені қорғайтын қоғамдық ұйымдардың қызметтері қажет болады.

Қорыта келгенде қазіргі жастар жас кездерінде адам болмысына қажетті барлық құндылықтармен сусындап, жаман әдеттерден аулақ болып, денесін,

ақыл-ойын шынықтырып, жетілдіріп өсуге ұмтылыс жасаулары керек. Сол уақытта ғана еліміздің ұлттық рухын биік ұстайтын, нағыз елім дейтін патриот жастарға ел намысын, болашағын сеніп тапсыруға болатыны сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы президентінің жолдауы. «Жаңа әлемде жана қазақ».
2. Қазақ халқының бала тәрбиесінің дәстүрлері. Ш.Ахметов «Мектеп», №7.
3. Қазақстан 2030 Н.Ә.Назарбаев.
4. Патриотизм ұғымдарының маңызы. «Қазақ мектебі», №1.

ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕЛІМНІҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ

*Сарсенбаева К. С.
№ 6 орта мектеп
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
kamila.sarsienbaieva@mail.ru*

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» - деп Әбу – Насыр Әл – Фараби айтқандай, ежелден ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлінген. Себебі жасөспірім – болашақ иесі. Болашақтың дұрыс болуы үшін, ұрпақтың дұрыс қалыптасуы шарт. Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойында ізеттілік пен қайырымдылық, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүю секілді ең асыл қасиеттерді бастауыш сыныптан бастап қалыптастырудың маңызы зор.

Мақсаты: Оқушыларға еліміздің тәуелсіздік алғалы жеткен жетістіктерімізбен таныстыру, білімдерін кеңейту; Отанды сүюге, ел байлығын қорғауға, болашақ Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін ұғындыру; бүгінгі тәуелсіздікке қалай қол жеткенін зерделеу, Мәңгілік ел ұлттық идеясының мәнін ұғындыру. Оларды Отаны үшін отқа түсетін ел жанды, ел азаматы етіп тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қайрат Рысқұлбеков, Сабира Мұхамеджанова, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова суреттері. «Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы», қанатты сөздер жазылған плакаттар.

Барысы: Тәуелсіздікке тарту

1-жүргізуші: Армысыздар құрметті ұстаздар, қадірлі қонақтар, оқушылар. Еліміздің сан мың жылдар бойы найзаның ұшымен, білектің күшімен, кешегі дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасымен келген тарихымызда алтын әріптерімен жазылып қалған Тәуелсіздігіміздің мерекесіне орай ұйымдастырылып отырған «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

2- жүргізуші: Сіздерді 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке.

1-жүргізуші:

Армандарды жақындатып тым алыс,
Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс.
Егемендік - ел бақыты, ертеңі,
О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

Бүгінгі Тәуелсіздік күніне арналған мерекемізді ашық деп жариялаймыз!(Гимн)

2-жүргізуші: Сан мың жылдарға жалғасқан тәуелсіздік жолындағы күреске халқымыздың талай арда азаматтары басын тігіп, қанын да, жанын да қиды. «Алда үлкен той болады, келер ұрпақ бізге я қарғыс, я алғыс айтады. Түптің түбінде біз өз мемлекетімізді құрамыз» деген үлкен сенімді тұмар еткен Алаш қайраткерлерінің асыл мұраты араға жетпіс жыл салып, қазақ ұл-қыздарының ызғарлы Желтоқсандағы айбыны мен аңсарына ұласты. Қазақ егемендігінің бастауы болғандай сол оқиға кешегі ата - бабаларымыздың ұрпақ жолындағы арманының өлмей, өшпей, өміршең рухқа айналғанын көрсетті. Жастардың табанды күресінің нәтижесінде байтақ аспанымызда азаттық таңы атты.

1-жүргізуші: Барша қазақстандықтар үшін тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша . Өйткені біз тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгелдеп, тілімізді, дінімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт - дәстүрімізді жандандырдық.

Көрініс

Ата (орындыққа отырады, ойланады) (Осы кезде жүгіріп немересі келеді.)

Немересі: - Ата, не ойлап отырсыз?

Атасы: - Ә, балам, атаң не ойлайды дейсің! Сенің болашағыңды ойлаймын, еліміздің болашағы жайлы, өткен өмір жайлы ойлаймын.

Немересі: - Ата, өткен өмір деген не?

Атасы: - Ә, балам, «Өткен өмір» сонау ежелгі ата-бабаларымыздың ерте кезден белгілі өткен өмір жолы, тарихы емес пе?

Немересі: - Ал, ол қандай болған?

Атасы: - балам, сен де өз тарихыңды білуге тиістісің, сонау ерте кезде біздің ата-бабаларымыз Қазақ руларының басын қосып, халық болып қалыптасуынан басталады. Содан бері талай кезеңдер өтті, әрқайсысының өз орны, таңбасы, естелігі қалып отырды. Арысын айтпай – ақ, осы тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенімізге көз жүгіртейік. Бұл тарих. Ал, балам, тарихты тыңдайық.

(«Тәуелсіздік шежіресі» слайд арқылы көрсетіліп тұрады.)

1-жүргізуші: Ия, ол күн тәуелсіздіктің туын ең алғаш көтерген әйгілі 1986 жылдың 16 желтоқсан еді. Таңертеңгілік сағат 10-да бар жоғы 18 минутта 26

жыл елді үздіксіз басқарып келген Д.А.Қонаев түсіріліп, орнына Г.Колбин ешкімнің пікірінсіз-ақ ұсынылған еді.

2-жүргізуші: Алаңға шығып өз ойларын айтуға тырысқан қазақтың өрімдей қарусыз жастарына солдаттар мен милиция қызметкері қарсы қойылды. Қыз жігіттерді аяусыз таяққа жықты, түрмеге қамады. Ербол, Ляззат, Сабира сынды жаңа ғана бүршік атып келе жатқан тал шыбықтай жастарымыздың өмірін үзді.

1-жүргізуші: Арада қанша жылдар өтті. Қаралы күннің қасіреті алыстап, егемендік алған еліміздің көкшіл жалауы желбіреп, биіктей түсті.

2-жүргізуші: Сол тәуелсіздік алған жылдан бергі елеулі оқиғаларды еске түсірейік.

1-оқушы: 1991 жылы 1 желтоқсан Бүкілхалықтық сайлау қорытындысымен Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының президенті болып сайланды.

2-оқушы: 1992 жылы Қазақстан Республикасының нышандары қабылданды.

3-оқушы: 1992 жылы қыркүйек қазан айларында Алматыда дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті.

4-оқушы: 1993 жылы 15 қарашада Республика президентінің жарлығымен төл теңгеміз алғаш рет айналымға түсті

5-оқушы: 1993 ж.28 қаңтар - Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды.

6-оқушы: 1995 жылы 30 тамыз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.

7-оқушы: 1997 жылы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030 жолдауы» жарияланды.

8-оқушы: 1998 жылы Ақмола атауы Астана деп өзгертілді. Астанада алғаш рет бәйтерегіміз салынды.

9-оқушы: 2003 жылы Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының бірінші съезі өтті.

10-оқушы: 2010 жылы Қазақстан Республикасы Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) төрағалық қызметіне кірісті.

11-оқушы: 2011 жылы Қазақстанда VII Қысқы Азия ойындары өтті.

12-оқушы: 2012 жылдың 22 қарашасында 2017 жылғы Әлемдік көрмеге елімізде өткізу құқығына ие болды.

13-оқушы: 2013 жылы 24 тамызда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен «Қазақстан – 2050» стратегиясы: «бір халық - бір ел - бір тағдыр» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының XX мерейтойлық сессиясы болып өтті.

14-оқушы: 2014 жылдың тамыз айында Үкіметте қайта құрылымдау болды.

15-оқушы: 2015 жылы 27 шілдеде Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды.

Бала. Ия ата мен көп нәрсені түсінгендеймін. Тәуелсіздік бұл біздің бағымыз, бірлігіміз, мәңгілік елдігіміз деп білем.

16-оқушы: Біздің Қазақстан Республикасы жылдан-жылға, күннен - күнге өркендеп, өсіп кеңейіп, гүлденіп келеді.

17-оқушы: «Қазақстан» егеменді ел болып, дүниежүзіне танылды. 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады.

18 оқушы: Дүниедегі тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халық та жоқ. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі. Басты мұрат – қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу.

19 оқушы: Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында халқымыз – тыныштықта, Отанымыз – еркіндікте. Аз ғана жылда аспанның астын жайнатып, Астана шаһарын тұрғызды. Елдің бірлігі артып, берекесі кірді. Іргеміз – тыныш. Түндеріміз – бейбіт, күндеріміз нұрлы. Еліміз әлемге танылды. Бізге өз тәуелсіздігіміз қымбат.

20-оқушы: Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз – Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру, Қазақстан Республикасының әр азаматы мемлекеттік тілін білу, барлық халықтардың дәстүрлерін құрметтеу, Отанды қорғау керек, себебі Қазақстан – біздің ортақ үйіміз.

1-жүргізуші: Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді.

2-жүргізуші: Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.

1-жүргізуші: Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің

тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек,- деп айтып кеткен болатын Елбасымыз өзінің жолдауында.

2-жүргізуші:

Ту тігілді халқымның бүгін бағына
Жас өрендер желбіретіп нық ұста
Ғасырларға жалғастырып елдікті
Дақ түсірме ата баба рухына
Үлгі бізге аталардың ерлігі
Ұлағаты өнегесі еңбегі
Тәуелсіздік туын ұстап жоғары

Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі - дей келе бүгінгі тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты тәрбие сағатымызды қорытындылаймыз. Мәңгілік ел тізгінін ұстар сауатты да, тәрбиелі ұл-қыздарымыз өсе берсін деп тілейміз. Егеменді еліміздің Мәңгілік ел болып қалыптасуына біз де өз үлесімізді қосайық дегім келеді.

ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – АДАМЗАТТЫҢ МӘНГІЛІК ТАҚЫРЫБЫ

Сексенбаева Ж. Д.
СҚО, Петропавл қ.,
Қазақ мектеп- гимназиясы

«Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын білім саласына енгізу маңыздылығы зор. Елбасы білім мен тәрбиені қатар жүргізуді жиі айтып отырады. Бүгінгі таңда «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру, ұлттық құндылықтарды тұлғалық қасиетке, қазақстандық мектепте білім мен тәрбие жұмыстарын ұштастыру мәселелерін қарастырудың алар орны ерекше.

Елбасының «Қазақстан жолы-2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында айтылған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы балалар мен жастарды жоғары рухани және азаматтық ұстанымға, әлеуметтік жауапкершілік, қазақстандық қоғам игілігі үшін еңбек ету дайындығын, отансүйгіштік пен бірігу сезімін тәрбиелеуге бағытталған. Көптеген мамандардың айтуынша, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың негізі мектепте басталуы тиіс.

Ата–бабамыздың ұрпағына мұра еткен бар асылының қаншама ғасырлар бойы көшпейтіндей етіп, артына із қалдыруы көрегенділіктің көрінісі. Адамзат баласының өз тіршілігінде көрген–білгенін, тоқып–түйгенін, қорытып келешек ұрпағына мирас етіп қалдырғаны-табиғи заңдылық. Ел басымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты

жолдауы - Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму жолын айқындайтын, стратегия, Президентіміз Тәуелсіз Қазақстанымызды дамытудың, әрбір Қазақстандықтың, әр отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды.

«Мәңгілік Ел-жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу ұстаздық шеберлікті талап етеді.

Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің ұлағатты сөздерінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен-жүрекке беріліп отырған. Егеменді ел жастарының санасына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтар, тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азаматтар қажет. Қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін сарып ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының салт-дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгілік қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық рухымызды сақтап қалу - алдымызда тұрған үлкен міндет. Ұлттық тәрбие дегеніміз - сана сезім мен сенім қалыптастыру. Бүгінгі ұрпағымызды бірнеше ғасырлардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, ұлттық құндылықтарымен сусындату-біздің басты парызымыз.

Қазақ педагогикасында құндылықтың түрі мен маңызына, сыры мен сипатына алғаш философиялық мән беріп, оның жан-жақты талдай білген Абайдан асқан зор тұлғаны атау мүмкін емес. Абай - қазақ халқы үшін парасат биіктігінің ақыл-ой толықтығының, адамгершілік пен рухани байлықтың өлшемі. Абайдың қара сөздерінің жас ұрпақ үшін маңызы зор.

Қазіргі таңда ұлттық рухтың оянуы ұлттық тарих, мәдениет, салт-дәстүр жаңа көзқараспен қалыптастырды. Ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Өз ұрпағын адал еңбекке, өнер-білімге тәрбиелеп, өмірге бейімдеп, жанұяның, Отан намысын қорғауға тәрбиелеуі үлкен ұлағаттылықты байқатады. Әр халықтың тәлім-тәрбиесі ұлттық құндылықтың маңызды белгісі. Құндылық-тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оқушының ұлттық қасиеттері: сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, инабаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани-байлық, махаббат т.б сияқты қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Құндылықтар-шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, сол арқылы тұлға құндылығы қалыптасады. Тұлғаның қалыптасуы

өмірге келген сәтінен басталады, жеткеншек және жасөспірім шақта жедел жүреді. Тұлға дегеніміз-сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйініштің бойына жинақталған көрнісі. Тұлға-бұл қоғамдық-тарихи дамудың өнімі. Рухани тұлға көрсеткіштері: ойы озық, еркін, кісілігі, намысы биік, өрелі, білімді, рухани бай, кемелденген, саналы, іскерлік. Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Әр адам өзінің жеке қасиеттеріне қарай өзінше жеке тұлға. Адам жеке тұлға болып қалыптасып өсуі және дамуы үшін тек қана адамдар арасында өмір сүруі қажет. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы ұлттық дәстүрлерімізді меңгеруі мен құрметтеуінен туындайды. [1]

Қазақстан Республикасының білім жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында «әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздік білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды белгілеу» деп атап көрсетілген.

Білім берудің негізгі басты мақсаты мен нәтижелілігі - білім алумен бірге, біліктілік дағдыларына қол жеткізе отырып, заман талабына сай ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан, өз Отанының патриоты, жан-жақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға беретін, функционалдық сауаттылығы қалыптасқан жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

«Ұлттық құндылық қасиеттер рәміздеріміз, ұлттық сана-сезіміміз, ойымыз, дәстүрлік іс-әрекетіміз заман ағымына қарай қолданыста өзгеріс табады» деген пікірді әрбір ой толғаушы ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады. Әр ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге байланысты дамып қалыптасқан. Әрбір тұлға саналы түрде өзін басқалармен салыстыра келіп өзіндік ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырады.

Мектептегі білім мен тәрбие жұмысын ұлттық ерекшеліктерге негіздеп, мазмұнына халықтық ұғымдар енгізу, уақыт күтірмейтін мәселе. Мұны өмір талабы, заман ағымы қажет етеді. Ұлттық ерекшеліктер ұғымын жалаң тұрғыда емес, әр пәннің мазмұнына үйлесімділікпен енгізе білуіміз керек. Ұрпақ ата-бабадан жеткен асыл мұраларымызды саналы қабылдап, бойына дарыту үшін, ең алдымен, халықтық өзіндік болмыс ерекшеліктерінен, өмір тіршілігінен мол мағлұмат болуы қажет. Сонымен бірге жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің ең басты жолы-ұлттық қадір-қасиетті дәріптеп, ана тілімізді сақтап, мәдениетімізді дамыту болып табылады. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған, озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақ бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез – құлқын қалыптастыру. Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ұлттық қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Тәрбие мазмұны, оны жүзеге асыратын әдіс – тәсілдердің негізі - адамгершілік, имандылық, ізгілік,

елжандылық. Бұл ерекшеліктер ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырады. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ – дені сау, білімді, өнерлі, ақылды, еңбекқор, иманжүзді, сұлу да сымбатты, ұлтжанды болып қалыптасады. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және мінез – құлқын қалыптастыру.

Ұлтжанды, адами құндылықтарды бойына жинаған, қиыншылықтардан жол табатын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, біреудің қолдауынсыз өз еңбегімен білім алған, елі мен жерін сүйетінін атқарған ісімен дәлелдеген жастарды көргіміз келеді. Ұлттық тәрбие - әрбір халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, ұлттық дәстүрімен тығыз байланыста туып, қалыптасқан тарихи қазынасы, мәдени мұрасы. Егеменді еліміздің болашағын қалыптастыру, ғасырдан – ғасырға жалғасып келе жатқан салт – дәстүрді, асқақтаған айбынды Отанды сүйеге, ата – анаға құрмет, үлкенге ілтипатты, кішіге парасатты, салауатты дені сау ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы. Ұлттық тәрбиеге тікелей ықпал жасайтын білім ордасы, мектеп. Мектеп – білім ошағы, тәрбие ордасы, тағылым табалдырығы. Мектеп – тұлғаның толық қалыптасуына жағдай жасайтын әлеуметтік орта. Бүгінгі жас ұрпақ мектептен білім мен тәрбиені қатар алып шығуы керек. Сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату – ұстаздардың басты парызы. Демек, ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы мұғалімдер ұлттық құндылықтарды қалыптастырмақ. Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Жас ұрпақты тәрбиелеуде құндылықтардың бірнеше саласын қарастыруымызға болады. Олар: білім беру құндылықтары, адамзаттық құндылықтар, ұлттық құндылық, рухани құндылық, адамгершілік құндылық, мәдени құндылық болып жіктеледі. Адамгершілік-тұлғаның адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастыратын, құндылық бағдарын айқындайтын құрал. адамгершілік қасиеттің ең жоғарғы түрі – ұлт, ар-ожданмен сақтау, отанды сүйу. Адамгершіліктің ең жоғарғы түрі – бауырмалдылық, бүкіл адам баласын бауыр, дос тұту, көпшіл болу, ата-ананы қадірлеу, ұлтжандылық қасиеттерді қастерлеу. Салауаттылық ұғымы-қазақ халқының салт-дәстүрін, көнеден келе жатқан мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын жас ұрпаққа ұғындыру, өз ұлтының дінін ұстауға үйрету. Салауатты өмір салты-адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды форма. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда оқушы ағзасына әсер ететін зиянды заттардан аулақ болу, саналы азамат болып тәрбиеленулеріне өз үлесімді қосып келемін.

Мектепте оқытылатын әрбір пән жан-жақты тәрбиелік қасиетке ие екені белгілі. Оқушы үшін мектепте оқылатын пәннің орны ерекше. Әр шәкірт әр бір пәннің бастауынан нәр алып, келешек өміріне пайдаланады. Осындай пәндердің бірі Қазақстан тарихы пәні. Тарих–ең алдымен, жекелеген ұлы тұлғалардың, халықтар мен мемлекеттердің басынан өткен оқиғалар мен ерлік істері. Тарих және қоғамдық негіздері пәндерінен сабақ беру кезінде мен осы тақырыппен

тұрақты жұмыс істеп, сабақ барысында халық педагогикасының элементтерін үздіксіз пайдалана отырып өмір тәжірибесіне сай, өз ерекшеліктерімен қалыптасқан және ұлттық тәрбиенің негізін терең меңгерген шәкірт тәрбиелеуге күш салдым.

Халық педагогикасын тарих сабақтарында және сыныптан тыс шараларда қолданудың мынандай мақсаттары мен міндеттерін атап өткім келеді:

- Халық педагогикасының элементтерін қолдану арқылы қолайлы жұмыс түрлерін ұйымдастыру;

- Патриоттық форумдар, акциялар.

- Оқушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары мен белгілерін білуге арналған байқаулар және олимпиадалар.

- Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа этностардың мәдени мұрасы, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеу бойынша өлкетану экспедициялары.

- Этнопедагогика бойынша көрнекі құралдарды қолдану;

- Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге тәрбиелеу;

- Қазіргі заман талабына сай азаматты тәрбиелеу;

- Ұлттық намыс, қадір-қасиеттерді оқушы бойына сіңіре білуге тәрбиелеу;

- Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу;

- Халық педагогикасына жете мән беру;

- Салауатты өмір салты туралы ұлттық салт-дәстүрлерімен танысып оны ұстана білу;

Осы міндеттер мен мақсаттарға жету жолдары;

- Сабақ барысында тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді қолдану;

- Қазақ халқының жеті ата ауқымындағы туыстық атау, шежіре құрастыруда оқушылар өз ата-бабалары туралы деректерді жинауды тапсырдым, шежіре картасын толтырттым.

«Ата –салтына, ұлттық тәрбиеге баулудағы жанұядағы әке мен ананың басты ролі» атты дөңгелек үстел ұйымдастыру;

- Педагогикалық зерттеу жүргізу;

- Үлгілі отбасылары мен кездесулер ұйымдастыру;

- Ардагерлер алқасымен жиі бас қосулар өткізу;

Осындай жұмыстарды атқара отырып бұл жұмыс түрлерін жүйелі түрде сабақ барысында пайдалана отырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге тәрбиелеу мақсатында жасалды. Алдағы уақытта осы жұмысымды жүйелі түрде жалғастыра беремін.

Бүгінде оқушыларға әлемдік деңгейде, өркен ниетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру әлемдік маңызы зор проблемаға айналып отыр. Ұлттық құндылықтарымыздың туын биік ұстап, жас ұрпақты қасиетті халқымыздың тәлімгерлік үлгісімен тәрбиелеу-ең маңызды міндет. Сонда ғана болашағымыз айқын, құрылымымыз берік негізді болады. Тәрбиесіз берілген білім-нәтижесіз еңбек. Алдымен ұлағатты ұрпақ өсіргіміз келсе, ата-салтын, ұлттық тәрбиемізді бірінші білім берумен қатар

жүргізуіміз керек. Ол үшін ұрпағымызды оқыту мен тәрбиелеуде қашанда мектептегі басты тұлға ұстаз-елжанды және мықты болу керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2014 ж. 17.01.) Астана, 2014.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Алматы - 2008.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырыдамасы.
4. «Қазақстан тарихы» журналы. №11-2010ж; №10-2009ж.
5. XX ғасырдың басында қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде қалыптасуы. bigox.kz/.

ҰЛТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЕГІЗІНДЕ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МАЗМҰНЫ

Сеткереева Г.А.

«Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ

Жалпыұлттық идея «Мәңгілік Ел» - қазіргі Қазақстан халқының басты бағдары, ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Ол еліміздің рухын көтереді, ұлы мақсаттарға жеткізеді. Әрине, бұл идея бос жерде пайда болған емес. Қазақстанның өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға кіріп тұр. «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым көне заманда жатыр. Осыдан он үш ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік Ел» - деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін - Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі - бірлік, берекесі.

Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы осындай негіздерін келтіруге болады: оның біріншісі - көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – ұлыойшыл, данышпан Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық тұрғыдан тиянақталуы. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын

ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлі – Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар – әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі - экономикалық және саяси мәселелер - негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

Әл-Фарабидің (870-950 жж.) еңбектерінде саясат, олардың көпшілігі үшін өздері «қайырымды қала» деп ат қойған идеалды мемлекет істері туралы ғылым болып саналды. Мұндай қалалар ретінде олар бірге тұрған, мақсаттары бір, бір басшылыққа бағынған шағын қауымнан бастап Араб халифатына дейінгі адамдар қауымдастығын түсінді.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» еңбегінде жүрек туралы өте құнды пікірлер айтқан, мысалы, «Жүрек - табиғи жылылықтың көзі». Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар жүректен нәр алады; «Жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» Шынында да, жүрек жұмысы өздігінен жүзеге асады. Жүректің соғуын ешкім тоқтата алмайды. Әл-Фараби тек өз пікірлерін айтып қана қоймай, ұлылардың ұлысы Аристотель, К. Галеннің зерттеулеріне өз көзқарасын білдірген.

«Бақыт - әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл-Фараби басқаруды қайырлы және қайырсыз деп екіге бөлді. Қайырлы,

білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Ол мінсіз мемлекетті уағыздайды.

«Бақытқа жету» еңбегінде ол «бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында қала тұрғындарын бес топқа бөледі. Оның ойынша, «қайырымды қала бес түрлі адамдар тобынан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан». Әл-Фараби ең құрметті адамдарға ақылдыларды, пайымдағыш адамдарды, маңызды істерде беделге ие болғандарды жатқызады. Екінші топтағы шешендерге - діни қызметкерлерді, ақындарды, музыканттарды, хатшыларды сол сияқты шығармашылық жұмыспен айналысатындарды, ал өлшеушілерге-есепшілерді, дәрігерлерді, астрологтарды, математиканы оқытушыларды қосады. Әл-Фараби пікірі бойынша, байлар дегеніміз - қалада байлық табатындар, егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілер.

Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет (даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықтылығы) болу керек деп есептейді. «Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады».

Әл-Фараби қаланы билеудің алқалық түрін де жоққа шығармайды. Биліктің бұл түрі туралы ол былай деп жазады: «Жақсы қасиеттердің бәрін өз бойында ұштастыратын адам болмаса, бірақ бұл қасиеттер бір топ адамдардың арасында жеке-дара дарыған болса, онда бұл топтың мүшелері бірлесе отырып, әкімнің орнына ие болады, оларды жұрт жақсы басшылар және қадірлі адамдар деп атайды, ал олардың басқаруы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады».

Әл-Фараби қоғамды мемлекеттен бөліп қарамайды. Қоғамның өзі адамның ағзасы сияқты «Қайырымды қала» дене мүшелерінің бәрі де тіршілік иесінің өмірін сақтау, оны анағұрлым толыққанды ету үшін бір-бірін толықтырып тұратын адамның сау тәні секілді көрінеді. Өйткені, қоғам да оның

толыққанды мүшелерінен тұрады және олар да бір-бірін қажетсінеді. Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі туралы айтқан әл-Фараби «адамдардың әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты қайырымдылық пен жаман әрекеттер де әуел бастан жаратылысынан дарымайды» олар адамдардың бір-біріне деген үстемдік құруға ұмтылысынан пайда болған деген ой түйеді.

«Қайырымды қала» трактатында әл-Фараби әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікті орнықтыратын - ізгілікті қоғам туралы ой қозғайды. Мұндай қоғамды ұлы ойшыл «әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын» қоғам түрінде елестетеді. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірінен саналады. Осындай «жетілдірілген қоғамда, әл-Фарабидің айтуынша бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады». Әл-Фараби мұндай қоғамды тумысынан табиғат берген он екі қасиеті бар ақылды, білімді, сабырлы, рухани билікті ізгілікті билікпен ұштастыратын, адам қасиеттерін бағалауға қабілетті адам басқаруы керек дейді.

Адамдардың рухани жетілуінде де дін мен философияны салыстырған әл-Фараби, философия дәлелдеуді, дін сенуді қажет етеді, бірақ екеуі де адамдардың ақиқатқа жету жолына көмек бере алады дейді. Философия мен дінді, әсіресе этиканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым ретінде қараған ол, адам баласын жаратылыстың ең құндылығы, сондықтан да адамдар арасындағы өзара құрмет пен мейірбандықты, сыйластықты жоғары қояды.

Адамның шын бақытқа қол жеткізу тек осы дүниеде ғана мүмкін екендігіне назар аударған әл-Фараби, адамдар өзін-өзі жетілдіруі және қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Оның айтуынша, адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы әдетті де, жаман әдетті де істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал оны таңдау адамның ізгілікті мінез-құлқына келіп тіреледі. Сондықтан да адамның жақсы істерге үйір болуы оның мінез-құлықтық жетілуіне де тәуелді.

Қайырымды қаланың орнығуында әл-Фараби мұсылман құқығының принциптерін талап етпейді, оны ақыл-парасаттың дамуы мен қайырымдылықтың нығаюымен байланыстырады. Ол тұжырымдаған жағдайдың бәрінде мұндай қала билеушілері моральдық-этикалық қалыпқа сай болып келеді, олардың ешқайсысының исламға тікелей қатысы жоқ. Бірақ Араб халифаты заманында өмір сүрген әл-Фараби өзінің зерттеулерінің тақырыптық шеңберінде саясатты мұсылман құқығы доктринасымен, діни догматикасымен бір қатарға қояды. Дегенмен, грек философиясының ықпалын терең сезінген ол бұл бағытта түбірлі бетбұрыс жасамайды.

Пайдаланылған әдебиеттерімі:

- 1) Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1991.
- 2) Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, 1995.
- 3) Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 2003.
- 4) Алтаев Ж. Әмбебап әл-Фараби. - "Ақиқат", 1994, желтоқсан, 74-78 б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНО-МӘДЕНИ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ, ОЛАРДЫ ШЕШУДЕГІ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Сураганова А. К.

«Қазақ мектеп-гимназия» КММ
Петропавл қ., aidar-ainagul88@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының Қазақстандағы этно-мәдени проблемаларды шешу мүмкіндіктері қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются возможности реализации этно-культурных проблем национальной идеи Казахстана «Мәңгілік Ел».

Abstract. The article considers the possibilities of realization of ethno-cultural problems of the national idea of Kazakhstan «Мәңгілік Ел».

Түйінді сөздер: этно-мәдени проблемалар, ұлттық идея, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы

Ключевые слова: этно-культурные проблемы, национальная идея, национальная идея «Мәңгілік Ел»

Keywords: ethno-cultural problems, national idea, national idea

«Мәңгілік Ел» Қазіргі таңдағы әлемдегі болып жатқан қым-қуыт саяси төңкерістердің, 60 жылдардағы «қырғи-қабақ соғыстың» көлеңкесін көрсетердей алпауыт мелмекеттердің геосаяси деңгейдегі теке тіресін, дін атын жамылып, мемлекеттің тұтастығына іріткі салуды көздейтін әртүрлі экстремисті адасқан топтардың әрекеттерін, бүгіндей мемлекеттердің қазынасын «жылан жалағандай» тоқырататын экономикалық дағдарыстардың, ғылым мен діннің, мораль мен этиканың, ар мен ұяттың құндылықтарын аяққа таптап күннен күнге үдеп келе жатқан адамзаттың рухани азғындалуын байқаған мынандай бір уақыттың шеңберінде әр халық, әр мелмекет өзінің сақталуы мен тұтастығын, болашағының жарқындығын көксеріп, сол жолда келелі істер жасауға талпынары анық. Қазақ халқының, ғасырлар бойына аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізген кезде, ол тәуелсіздіктің баянды, ұзақ ғұмырлы болуы тікелей ел мен мемлекеттің кемелді стратегиялық қадамдарының шынайылығы мен бекемдігіне байланысты. Осы тұрғыда, еліміздегі этникалық тұтастық мәселесі, мәдениеттің ерекше бітім болмысын анықтайтын рухани құндылықтарымыздың маңызды проблемаларының шешімі

табылуы аса маңызды саналады. Осы жағдайда қазіргі кезеңде еліміздің ұлттық идеясы мен идеологиясына айналып отырған «Мәңгілік Ел» түсінігінің рөлі мен орны ерекше.

Қазақстан халқы әлемдегі әртүрлі ұлттар мен этностардың басын қосып, бүтіндей мемлекет құрып, кемелденген мемлекетке айналуының сара жолына түскен санаулы мемлекеттердің қатарында. Мемлекетті құрап отырған Қазақ халқы, өз кезегінде өзінің мәдениеті, тарихы және дүниетанымдық құндылықтарының негізінде мемлекетті құраушы ғана емес, сонымен қатар ортақ құндылықтар жүйесін, ұлттық идеялық бағдарды түзетін елге айналып отыр. Осы тәуелсіздік алған жылдардың ішінде халықтар достастығын, этникалық ұлттар арасындағы қарым-қатынас құндылықтарын қалыптастырып, дәріптеу мемлекеттің іргесін бекітіп, мығым тұрақтылық орнатуда басты анықтаушы факторлардың бірі болды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы осы тұрақты байланыс пен ынтымақты жалғастыруға көптеген мүмкіндіктер берері анық.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өзінің Қазақстан халқына арналған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Нұрлы жол – болашаққа жол» атты Жолдауларында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын қалыптастыру жайында келелі ой тастады, ол өз кезегінде мемлекетіміздің саясаткерлері, Материалы ХLI Международной научно-практической конференции КазАТК им. М. Тынышпаева на тему: «Инновационные технологии на транспорте: образование, наука, практика» (3-4 апреля 2017 г.), том 3 435 философтары мен қоғамдық қайраткерлердің арасында жедел қолдау тауып, идеяның кеңінен қолданысқа енгізуге мүмкіндік берді[1]. Осы орайдағы этносаралық бірегейлікті дәріптеудегі Қазақстандық моделдің бірегей үлгісі саналатын Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан халқына үндеуінде «Қазақ халқының мыңжылдық тарихи тәжірибесінен, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан жолынан туындаған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жария етілді. Ортақ мақсатымыз – «Мәңгілік Елді» нығайту, Отанымыздың – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту! Ортақ мүддеміз – біздің баршамызға ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеуші елде өмір сүруге деген құштарлығымыз! Ортақ болашағымыз – «Мәңгілік Елдің» - біздің ортақ үйіміздің – Қазақстан Республикасының гүлденуі» деген ой айтылады. Жалпылама, топтастырып айтқанда «Мәңгілік Ел» - Қазақ халқының жанындағы этникалық қауымдастықтардың басын қосып, ынтымақты, бірлікті қоғам құра отырып қазіргі әлемдегі дамыған, алдыңғы қатарлы 30 елінің қатарына кіруге арналған стратегиялық мақсатын жүзеге асыруға бағытталған қуатты жұмылдырушы бастама.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы өздерінің жиындарында атап өткендей: 1) Қазақстан халқы алдында тұрған стратегиялық міндеттердің орындалуы Қазақстанда жасақталған бірегей модель – қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік моделі негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін; 2) тұрақты түрде өркендеуші Қазақстанды құру, қасиетті жерімізде берекелі қоғам құру сынды озық

міндеттерді орындау үшін ұйымдасып, бірігу қажет (Астана, 17 қаңтар, 2014 ж.) [2].

Ғасырлар бойндағы мәдениеті мен дәстүрі өз кезегінде тек бейбітшілікке құрылған Қазақ халқының рухани құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізін құрай отырып, еліміздегі саяси, экономикалық, рухани тұрақтылықпен қатар ұлтаралық теңдік пен бірліктің жаршысы бола алатынына мүмкіндік жоғары. Ғасырлар бойында қалыптасқан ата-бабаларымыздың дүниетанымдық құндылықтарын негізге ала отырып тарихқа көз жүгіртсек, ары мен намысын малы мен жанынан жоғары қойған, елі мен жерін ең жоғарғы байлығы ретінде бағалаған көне түріктердің тікелей жалғасы болып табылатын Қазақ халқының ел болудағы мақсаты ең алдымен Тәңірі, екіншіден Елі мен жері, сосын ары мен ұяты маңызды саналған құндылықтары осы «Мәңгілік Ел» идеясында айқын көрініс табады. Бұдан ұлттық және мәдени проблемаларды шешудің кілтін аңғаруға болады. Қазіргі замандағы әлемдік мәдени шекаралардың жойылып, жаһандық бірегейлену дәуірінде, «Мәңгілік ел» идеясы біздің көне түркілік дүниетанымымызды – болмысымызды, көшпенділер өркениетінің негіздерін заманға лайық қайта жаңғыртудың, еліміздің алдыңғы қатарлы қуатты мемлекет ретінде өркендеуінің кепілі болып табылады. Тәуелсіздіктің келуімен еліміз тарихи тұрғыда осы идеяны жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болды. Яғни, тәуелсіздік халқымызға ғасырлар қойнауындағы құндылықтар арқылы заманауи мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік берді. Қазақ халқы әлемдегі толеранттылықтың түрлі салаларын игере білген, бейбіт өмір мен татулықты қанына сіңіре білген халық екенін тарихтағы кезкелген зерттеулерден, ауыз әдебиетіндегі бай мұрадан аңғара аламыз. Бұл татулық көршілестікке, бейбітшілікке ұмтылған мемлекет ретінде әлем қауымдастығына танымал Тәуелсіз Қазақстанның әзірге ешкім бағаламаған және игерілмеген аса зор әлеуетке ие екендігін білдіреді. Ал бұл «Мәңгілік ел» идеясы – біздің ұлттық кодымыздың кілті», - деген ойды білдіреді [3]. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қазақ елінің жарқын болашағын білдіре отырып, Қазақстанның дамыған елдермен қатарласуына мүмкіндік беретіндігін білдіруде. Бұл – ұлттық бірлік пен бейбітшілік, экономиканың нығаюы, халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық қауіпсіздік, мәдениеттің, тілдің дамуы негізге алынатын Қазақстан жолының жаңа кезеңі. Ел дамуының бүгінгі жағдайында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – болашаққа сенімді қадам. Ол барша қазақстандықтардың ынта-жігерін қоғам алдында тұрған маңызды міндеттерді шешуге жұмылдыруы тиіс. Материалы XLI Международной научно-практической конференции КазАТК им. М. Тынышпаева на тему: «Инновационные технологии на транспорте: образование, наука, практика» (3-4 апреля 2017 г.), том 3 436

Саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Г.Сұлтанбаева осы идеялық құндылықтар турасында «Мәңгілік Ел» идеясы Қазақстанды ел ретінде ғана емес, біртұтас ұлт ретінде танытады. Біз экономикалық тұрғыда ғана емес, рухани да дамуымыз керек. Қазақстан өзінің көпұлттығына қарамастан, біртұтас, ортақ идеяны дүниеге әкелді. Бұл – біздің өмір бойы аңсаған, іздеген

арманымыз. «Мәңгілік Ел» - Қазақстанның қазіргі даму жағдайындағы мемлекеттік идеологиясының түпкі мәні, – деп жазады [4].

Кеңес Одағының құлауы және кеңестік өткен кезеңнің келмеске кетуі тұтастай алғанда жеке деңгейде де, қоғам деңгейінде де жаппай бағытсыздану, сәйкестікті жоғалту арқылы жүрді. Бір жағынан, өз өмір сүруін тоқтатқан КСРО азаматтары ретіндегі жеке тұлғалардың сәйкестігінің дағдарысы байқалды. Басқа жағынан қарағанда Қазақстанның Тәуелсіздік алуымен, нарықтық экономикаға көшудің басталуымен байланысты жаңа сәйкестік бағдарлары пайда болды. Сондықтан тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстан басшылығы рухани дағдарыстың алдын алуға тиіс, қоғамды ұйыстырудың маңызды бөлігі болуға тиіс жаңа жалпы мемлекеттік идеяның негізгі қағидаларын қалыптастыруға әрекеттер жасады [5]. Этникалық мәселелер мен мәдени проблемаларды шешіп, олардың өзекті саналатын салаларға жұмылдыру, Ұлттық бірліктің басты қағидасы ретінде ұлт рухын нығайтып дамыту біріктіруші және нығайтушы негіздер ретінде белгіленеді. Рухани негіз – ұлтты біртұтас етіп біріктіретін күш. Халық рухы күшті болған сайын оның мемлекеттілігінің болашағы да жоғары. Бұл тарих пен біздің тағдырымыздың басты қозғаушы тетігі. Ұлт рухы кез келген ел келбетінің қайталанбас қасиетін айқындайды, бағытын анықтап, дамуына екпін береді. Біздің ұлттық рухымызды көтеру үшін: дәстүрлер мен патриотизм рухы, жаңару, жарысу және жеңіске жету рухы; дәстүрлі құндылықтарға сүйену (тіл мен мәдениетке құрмет, имандылық, отбасы, ұрпақтар байланысы, патриотизм және төзімділік) қоғамның рухани негізі ретінде негізгі басымдықтар болуы тиіс [6].

Қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес қазақстандық қоғамды ұйыстырушы басты күшке айналған құрал болып табылады. Ұлттық бірлікті қамтамасыз ету демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты болып табылады. Елдің экономикалық өсуі, әлеуметтік жағынан алға жылжуы және демократиялық дамуы қоғам бірлігін ұйыстырып сақтағанда ғана мүмкін. Тәуелсіздікті сақтау мен мемлекеттілікті нығайту, мүмкіндіктер теңдігі және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, зияткерлік ұлт қалыптастыру, ұлттық рухты дамыту біздің ұлттық бірлігіміздің басты негізі мен әрқайсымыздың өмірлік қағидаларымыз болуы қажет. Осының барлығы еліміздің алдағы жылдары үдемелі дамуының негізін жасайды, - Қазақстанның ұлттық бірлігі Доктринасында маңызды құжат ретінде көрсетіліп беріледі [6].

«Қазақстан-2050» стратегиясында [7] біздің қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтауда қазақ халқына үлкен жауапкершілік арта отырып, Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан – біздің қасиетті мекеніміз. Кейінгі ұрпақ осынау қастерлі өлкеде өмір сүріп өркен жаятын болады. Қазақ жеріне тағдырдың жазуы- мен алуан түрлі ұлт өкілдері қоныс аударды. Біз оларға құшағымызды ашып, қазақи қонақжайлылықпен қарсы алдық. Олар біздің елімізде өсіп-өніп, бауырларымызға айналды. Қазір біз көп ұлтты сипаты бар, бір тұтас елміз. Жаһандану дәуірі – көпұлтты мемлекеттер

дәуірі. Бұл – әлемдік үрдіс. Еліміздің дамуына барша ұлт пен ұлыс өкілдері бірге үлес қосты. Ендеше, тәуелсіз қазақ елінің азаматтарын алалауға, бауырластығын бұзуға ешкімнің хақысыжоқ. Барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт» деп атап өтеді.

Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Кез келген тіл өзге тілмен қарым-Материалы XLI Международной научно-практической конференции КазАТК им. М. Тынышпаева на тему: «Инновационные технологии на транспорте: образование, наука, практика» (3-4 апреля 2017 г.), том 3 437 қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн. Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күнсайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек. Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек. Мемлекеттік тілмен қатар Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдағы уақытта да жалғастыра беретін боламыз» [7].

Қорыта келе айтар болсақ, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының Қазақстан Республикасында ара тұра кездесіп қалатын, ұлттаралық мәселелерді шешуге, мәдениеттің ұлттық сипатта жанданып, ертеңгі болашақтың ұлттық-патриоттық негізде тәлім-тәрбие алуына негізгі септігін тигізетінін атап өткеніміз жөн. Ата- бабаларымыздан келе жатқан, мәңгі ел болуды көксеген арман тілектерін алға сүйреген қазіргі мемлекеттік келелі саясаттың негізінде, қазақ халқы өз діліндегі құндылықтармен қайта қауышып, ынтымақ пен бірлікті ту еткен кемелді қоғам құруға қадам басуда. Қазақтың дәстүрлі құндылықтарын мемлекеттік құндылық ретінде дәріптеу, тіл мен тарихты, әдебиет пен өнерді қазақ өркениетінен бастатып, рухани қазық қылу өз кезегінде бірегей мемлекеттік идеяның жемісі деп бағалаған жөн. Яғни, қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылатын этникалық тұтастық мен мәдени-рухани тамырымызды нығайту дәл осы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізінде жүзеге асатынына сенеміз.

Әдебиеттер

1. Интервью Президента РК Агентству «Хабар»: «Размышления у подножия Улытау» (24 августа 2014 года) //pravo.zakon.kz/4648972-ervju
2. Обращении Ассамблеи народа Казахстана к гражданам страны» (Астана, 17 января 2014г.).
3. В чем значение формулы «Казахстан - Мәңгілік Ел»? //altyn-orda.kz/vchemznachenie 4.
4. Национальная идея «Мәңгілік Ел» // ...nform.kz/rus/article/2627527.

5. Лапенко М.В. Идейная консолидация казахстанского общества <http://www.contur.kz/node/161>

6. Доктрина национального единства Казахстана, 2010 г.

7. Послание Президента Республики Казахстан-Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства - декабрь, 2012 г

ЭССЕ: «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҚТАРЫНДА АЙҚЫН ҚОЛДАНУДЫҢ КӨРІНІСІ

Текибасова И.А.

Қазақ мектеп-гимназиясы, Петропавл қ.,
Солтүстік Қазақстан облысы

«Жаңа технологияның ағынымен келетін түрлі өзгерістерге Қазақстан қоғамы дайын болуы үшін өзге елдердің тәжірибесін алып, олардың ең озық жетістіктерін бойға сіңіру қажет», – деді.

Н.Назарбаев.

Аталмыш мақалада Нұрсұлтан Әбішұлы отбасы құндылықтарынан бастап, қазақ тарихының, мәдениеті мен әдебиетінің дамуына ерекше көңіл бөлген. Соның ішінде «Туған жер» бағдарламасын ерекше атап өтуге болады. Бұл жоба ауыл-аймақты гүлдендірумен қатар, жастардың бойындағы патриоттық сезімдерін оятуға да бағытталған. Ол, әрине, тарих пәні сабақтарындағы мұражай сабағын ұйымдастыру. Қазақстан тарихының өлкетану жұмысында зерттелетін негізгі тақырыптарының үлгісін қарастыратын болсақ.

Біріншіден, экономика мен мәдениет мәселелері. Өлкенің ертеден осы кезге дейінгі шаруашылығымен таныстыру. Халықтың тұрмысы мен кәсібі. Осы салаларда өлкеде болған өзгерістер. Мәдениеттің дамуы. Өлкенің аталған салаларындағы белгілі қайраткерлері.

Екіншіден, оқу орындары мен мектеп тарихы. Солтүстік Қазақстанның көптеген мектептерінің ұзақ тарихы бар. Жеке мектептердің ашылғанына бірнеше жылдай болған. 30-50 жыл өмір сүрген мектептер көп. Сол ондаған жылдар бойы мектеп - өз өлкесінің мәдени ошағы, халықты сауаттандырудың шамшырағы болды. Мектеп бітірушілердің арасынан қаншама белгілі қайраткерлер шықты. Бір ескеретін жағдай, Кеңес өкіметі жылдарындағы мектептердің тарихын, атқарған қызметін нақты фактілермен нанымды етіп көрсету, әділ бағалау. Халыққа білім беру саласындағы ардагерлердің ерен еңбегін көрсете отырып, оқушыларымызды олардың үлгісіне тәрбиелеу.

Үшіншіден, ескерткіштер мен белгілі тарихи орындар. Петропавл қаласында, аудан территориясында сол өлкенің материалдық және рухани өмірін көрсететін тарихи, мәдени ескерткіштер баршылық. Сондай-ақ тарихи фактілер, оқиғалар болған тарихи орындарда жеткілікті. Мұндай ескерткіштер

Тәуелсіздік алғаннан бері анықталып келеді. Ұлт-азаттық қозғалыстар, көтерілістер болған тарихи орындар, мавзолей, ғимарат сияқты сәулетті кесенелер, аттары ұмытуға айналған тарихи тұлғаларға қойылған, салынған ескерткіштер, қайраткерлер есімдері берілген ауылдар, қоныстар, көшелер, мектептер бар.

10-11 сынып оқушылары оқытушының басшылығымен: а) ескерткіштің қай жерге қашан салынғанын анықтайды; ә) ескерткішке қатысты тарихи оқиғалар мен фактілерді зерттейді; б) жинақталған материал негізінде ескерткіш тарихын жазады; в) осы жазғандары негізінде ол ескерткіш туралы оқушылар мен жұртшылық арасында насихат жұмыстарын жүргізеді; е) ескерткішті қамқорлыққа алып, оны қорғап күтеді; д) өлкемізге келетін қонақтарға 3 тілде онлайн түсіндірме жасап, өз кәсіптерін қоғамға пайда әкелу арқылы жұмылдыру. Бұл қатарда жас кәсіпкерлер ұйымымен тығыз жұмыс атқарылады. Оқушының ізденімпаздығы мен болашаққа дұрыс бағдар алуына септігі тиері анық.

Білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті жастар ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде өлкетанудың тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі зор.

БҮГІНГІ МҰҒАЛІМ - МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ

Тулегенова А. Д.

Павлодар облысы, Екібастұз қ.

"Қайнар" білім беру және бос уақытты қамту кешені

anara_t69@mail.ru

Аннотация. В этой статье оцениваются как достижения учителей, так и неизведанные для подрастающего поколения новые эффективные условия, поскольку сегодняшнее поколение видят в идеях «Мэнгилик Ел» цели, задачи и прозрачность результатов.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, инновационные технологии, социальная ответственность, социальное действие, формирование навыков, творческие потенциалы, повышение мастерства, модернизация.

Abstract. Today in this article as an estimate of the achievements of the teacher, to act, it is unknown how effective he new the younger generation, as well as the conditions that the idea of "Mangilik El", since the current generation before carrying out the purpose, objectives, expected results, said the transparency of the results.

Key words: professional competence, innovative technologies, social responsibility, social action, forming of skills, creative potencies, to promote mastery, modernisation.

Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері
және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында
сабақтастық болса ғана, біз "Мәңгілік Ел" боламыз.
Н.Назарбаев

"Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы мәселесіне орай, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17 қаңтар, 2014 ж.), «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол (11 қараша, 2014 ж.) атты Жолдауларындағы "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясын қалаптастыру туралы ой отандық саясаткерлер, философтар, тарихшылар ортасында кеңінен қолдау тапты [1].

"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идея – Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру стратегиялық мақсатпен жүзеге асыруға бағытталған қуатты, жұмылдырушы бастамасы. Қазақстан Халқы Ассамблеясы атап өткендей: 1) Қазақстан халқы алдында тұрған стратегиялық міндеттердің орындалуы Қазақстанда жасақталған бірегей модель – қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік моделі негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін; 2) тұрақты түрде өркендеуші Қазақстанды құру, қасиетті жерімізде берекелі қоғам құру сынды озық міндеттерді орындау үшін ұйымдасып, бірігу қажет (Астана, 17 қаңтар, 2014 ж.) [2]. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ... "Мәңгілік Ел" идеясы біздің көне түркілік дүниетанымымызды – болмысымызды, көшпенділер өркениетінің негіздерін заманға лайық қайта жаңғыртудың, еліміздің алдыңғы қатарлы қуатты мемлекет ретінде өркендеуінің кепілі болып табылады. Тәуелсіздіктің келуімен еліміз тарихи тұрғыда осы идеяны жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болды. Бұл татулық көршілестікке, бейбітшілікке ұмтылған мемлекет ретінде әлем қауымдастығына танымал Тәуелсіз Қазақстанның әзірге ешкім бағаламаған және игерілмеген аса зор әлеуетке ие екендігін білдіреді. Ал бұл "Мәңгілік Ел" идеясы – біздің ұлттық кодымыздың кілті», - деген ойды білдіреді [3]. "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы қазақ елінің жарқын болашағын білдіре отырып, Қазақстанның дамыған елдермен қатарласуына мүмкіндік беретіндігін білдіруде. Бұл – ұлттық бірлік пен бейбітшілік, экономиканың нығаюы, халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық қауіпсіздік, мәдениеттің, тілдің дамуы негізге алынатын Қазақстан жолының жаңа кезеңі. Ел дамуының бүгінгі жағдайында "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы – болашаққа сенімді қадам. Қазақстан өзінің көпұлттығына қарамастан, біртұтас, ортақ идеяны дүниеге әкелді. Бұл – біздің өмір бойы аңсаған, іздеген арнамыз. "Мәңгілік Ел" – Қазақстанның қазіргі даму жағдайындағы мемлекеттік идеологиясының түпкі мәні, - деп жазады саясат ғ.д., профессор Г.Сұлтанбаева [4].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңғыртылуда. Еліміздің Отандық білім жүйесі басымдық елдердің қатарына шықты. Сондықтан мұғалімдер үшін Елбасы атап өткен өте маңызды ойлардың бірі – адамды тәрбиелеумен және өскелең ұрпақ бойына "Мәңгілік Ел" идеясы негізінде ортақ құндылықтар саналатын азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғұламалық және білімпаздық культін, «зайырлы ел – толерантты ел»

идеологиясын қалыптастырумен байланысты. Тәрбие біліммен қатар адам капиталының, соның ішінде жастардың сапалық өсуін қамтамасыз етеді. Мектеп пен жоғары оқу қабырғасынан бастап оқушылар мен студенттерге дейін еліміздің бітімгерлік саясатын, қазақстандық толеранттылық қағидалары мен бірегейліктің, ұлтаралық келісімнің, азаматтылық пен патриотизмнің ерекшеліктерін түсіндіру керек.

Жаңа Қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі осы жоғарыда аталған мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтардан тұрады. Жастарды әскери-отаншылдық рухта тәрбиелеу басты міндетке айналуы тиіс. Жастар – біздің болашағымыздың кепілі. Бұл орайда, мемлекет жастарға үлкен – мүмкіндіктерге жол ашып отыр. Сондықтан олар қоғамдық өмірге, мемлекет ісіне белсене араласқаны жөн. Ұлы ұстаз әл-Фараби айтқандай, «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Себебі, жастардың әлеуетін дұрыс пайдаланбасақ, ол мемлекетке кері ықпал етуі мүмкін. Олай болса, бүгінгі мұғалімнің дүние танымдық көзқарасы толығымен "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясына негізделуі тиіс. Сонда ғана ол жаңа ұрпақты ұлттық өзіндік сана-сезімі, кәсіпқойлығы, бәсекеге қабілеттілігі жоғары, басқа мәдениет өкілдерімен конструктивті диалог құруға қабілетті етіп тәрбиелейді.

«Мұғалім – адам жанының инженері» деп текке айтылмаған. Бала темір емес, ол – өзіндік әлемі бар ғажайып жеке тұлға. Оған біздің көзқарасымыз, жылы жүрегіміз, ыстық ықыласымыз өте қажет. Сабақ болсын, сыныптан тыс жұмыс болсын: мынау білім, мынау тәрбие деп бөлмеуіміз керек. Себебі, білім мен тәрбие егіз үрдіс екенін ұмытпау, сабақ пен сабақтан тыс жұмыстар басынан аяғына дейін тұнып тұрған білім, ғылым, тәрбие болып, олар ұлттық рух пен өрнектелуі тиіс, ал мұғалім мен шәкірттер осы дүниенің күре тамырына айналуы қажет деп ойлаймын. Ұлт болашағын қамтамасыз ету – әрбір мұғалімнің азаматтық рухани парызы мен борышы. Ол үшін жаңа толқын жастардың бойына ұлтымыздың асыл қасиеттерін сіңіріп, білім мен ғылымға баулу қажет. Сондай-ақ, тәуелсіз елдің ұлттық білім жүйесінің жаңа үлгісін қалыптастыруымыз керек. Солардың ішіндегі ең бастысы – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту, қазақстандықтардың үш тілде еркін сөйлеуіне жағдай жасау. Мемлекеттік тіл "Мәңгілік Ел" идеясының негізгі өзегі. Мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің құдіреті қашанда үстем болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады. Ана тілінді құрметтеу – ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Бұл жолда тілдік және ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ел тәуелсіздігін қорғаудың басты ұстанымы болуы тиіс.

Сонымен бірге еліміздің болашағы – сапалы білімде. Білім сапасын жақсарту үшін ең алдымен оқу ордалары мен білім ошақтарындағы мұғалімдер алдына қойған бағдарламалық міндеттерін қарап, саралап, белгіленген көлемдегі білім, білік, дағдылармен шектемей, білімін үздіксіз толықтыруға және тереңдетуге, жалпы теориялық және кәсіби деңгейін арттыруға қабілетті, өзін

қиындықтарды жеңуге жұмылдыра алатын, сыртқы әсерлерге қарамастан, шешім қабалдай алатын болуы тиіс.

Мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.

Ұстаздық өте жауапты мамандық екені бәрімізге белгілі. Ол – мектептің де, қоғамның да, ғылымның да, білімнің де, тарихтың да, ұлттың да, мәдениеттің де, адамгершілік пен ерліктің де, жақсы мінез бен ақындықтың да нағыз жанды өкілі. Үнемі бала көзінде әрдайым жинақы, таза, әдепті болып жүруді талап етеді. Кез келген уақытта шәкірттің қандай да болсын сұрағына білімділікпен жауап беруге тура келеді. Оған нақты, дәлелді, сенімді, көркем, жүйелі, тартымды сөйлеу керек. Ұстаздың әділдігі, адалдығы, батылдығы, мінез сұлулығы, іс пен сөз бірлігі, шыншылдығы, ұстамдылығы күн сайын балалар тарапынан баға алып отырады. Ол – ғалым, әрі шешен, әрі көшбасшы. Ұстаз – мейірім, махаббат, сүйіспеншілік, жанашырлық сезімдерінің көрігі. Ұстаз – білім беру сапасын арттыру саясатын тікелей жүзеге асырушы. Ол – мемлекетімізді құрметтеу жауапкершілігін шәкірттеріне жеткізіп дарытушы. Мемлекетіміздің өркениетті даму саясатының мектептегі насихатшысы да – ұстаз. Бір сөзбен айтсақ, мұғалім – мемлекет өкілі. Ол өзінің ісімен де, сөзімен де, жүріс-тұрыс мәдениетімен де, мектепте және мектептен тыс қоғамда Тәуелсіз еліміздің эталондық бейнесі болып табылады.

Оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнен өз сабақтарын оқушының өз идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыру талап етіледі. Ол мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігімен тікелей байланысты. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен және сол әдістерді тиімді пайдаланумен өлшенеді. Әрбір оқу пәні бойынша, сыныптан тыс жұмыстар бойынша білім, білік, дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып отыр.

Бүгінгі күні мұғалімнің жетістігін оқушыларға өзінің берген білімі мен біліктерін үйретумен бағалап қоймайды, сонымен бірге ол өсіп келе жатқан ұрпақты жаңа белгісіз жағдайда әрекет етуіне, олардың өз бетіндік әрекеті мен шығармашылығын дамытуға, қоғам өміріне белсене қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау мен тиімді пайдалану икемділіктерін қалыптастыруға қаншалықты тиімді жағдай жасағандығымен бағалайды. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Сондықтан бүгінгі таңда педагог дербес ойшыл, мақсат қойып, жоспарлап, оқу процесін іске асыра алатын, оқушыларда негізгі құзырлылықтарды қалыптастыруға дайын және ол үшін қажетті қабілеттері бар, сыныпта мейірімді ахуал құрып, өз қызметінің нәтижелерін бақылап,

бағалай алатын, рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, экологиялық тәрбие беруді жүзеге асыра алатын болуы қажет.

«Бүгінгі мұғалім - "Мәңгілік Ел" идеясын жүзеге асырушы болса, ал бүгінгі ұрпақ – осы идеяның жаршысы, бабалар аманатын орындап, болашақты болашаққа жалғаушы. Бүгінгі біздің міндет – Елбасы көрегендігіне, үлкен тұлғаның кемеңгерлігіне таңырқаушы ғана болып отырмай, Жолдаудың әрбір баптарын тиянақты орындау. Ендеше алдағы уақыттағы әлеуметтік және саяси жаңғыртуларды жүзеге асыруда ауызбіршілік, адалдық, біліктілік пен білімділік қана тиімді болары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» - ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014 ж. 11 қараша

2. Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Әдістемелік құрал – Астана: Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім академиясы. 2014 ж. 80 б.

3.1 ақпан 2010 жылғы ҚР Президентінің 922-Жарлығы «ҚР 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы

4.Тәжібаева С.Ғ., Қажиева Г.Т. «Мектептің тәрбие үрдісінде оқушының ұлттық келбетін қалыптастыру» әдістемелік құрал. - Алматы, 2019 - 214 б.

5. www.strategy2050.kz

ЭССЕ: МӘНГІЛІК ЕЛ

Турсунбаева А. С.

Жаңаөзен қаласы №6 орта білім беретін мектебінің Кәсіптік бағдар пәнінің мұғалімі

«Мәңгілік Ел» - бұл Зайырлы мемлекет және Биік рух. Қазақ халқының ұлттық болмысы ғасырлар бойы қалыптасып, бекем орныққан, сондықтан да ол қазақ рухын небір күйзелістерден аман алып келе жатқан айрықша қасиетке ие. Халқымыздың сол қасиетін танытатын формула күллі материалдық байлықтан адами құндылықты биік қоятындығымен ерекшеленеді. Өйткені , бағзы заманда әділеттілік, адалдық, шыншылдық және ахлақ (мораль) дәулет атаулыдан әлдеқайда артығырақ бағаланатын. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Болашақ ұрпақтарымызды ізгілікке тәрбиелеуіміз керек. Болашақ бүгінен басталады, болашақ әр бір адамның өзінің қадамынан басталады. «Шыққан тегіміз әртүрлі – мүмкіндігіміз теңдей». Біз елімізді мақтан тұтамыз. 2017 жыл Астанада «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өтілді. Мұндай өте маңызды әлемдік деңгейдегі іс-шараны біз ТМД және Орталық Азия елдерінің арасында бірінші болып өткіздік. Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесін табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етілді.

Осының барлығы Қазақстанның халықаралық аренада жоғары беделге ие болғанын және саясатымыздың дұрыстығын көрсетеді. Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл – жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз. Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді.

Қазақстан – жас, көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет! Біздің басты күшіміз – бірлікте. Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. «Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара» деген қағида қалыптасқан.

Толысқандықтың жаһандық сынынан өту үшін біздің топтаса білуіміз қажет. Біз барлық қазақстандықтар арасындағы сенімді нығайтуға тиіспіз! Бір-бірімізге тағатты болуымыз керек! Бұлар – Қазақстанның болашағына кілттер. Біздің жастарымыз жаңа, тәуелсіз елде өсіп келеді.

Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы.

Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі. Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз. Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. Әрбір отандасымыздың жүрегінде елімізге деген шексіз мақтаныш сезімі орнықты. Қазақстандықтар ертеңіне, елінің болашағына сеніммен қарайды.

Бүгінде Отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. XXI ғасырдың Қазақстаны – талантты, еңбекқор, толерантты халықтың небәрі екі онжылдықта «нөлден» бастап құрған елі. Бұл – біздің бәріміз мақтан тұтатын ортақ жемісіміз! Бұл – біздің шексіз сүйетін ұлы туындымыз!

Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналды. Бейбітшілік пен тұрақтылық, әділ сот және тиімді құқық тәртібі дегеніміз – дамыған елдің негізі. Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды!

Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.

Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиет

1. http://edu.gov.kz/kz/page/poslaniya_prezidenta

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢА РТУДА ҮШТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУ КӨП МӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ.

Умирзаков Т. М.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Алматы облысы бойынша ПҚБАИ

Қазақ елін елең еткізген жаңалық — тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл — Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. «Мәңгілік Ел» отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел»

ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

Тіл қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен дарып қалыптасқандықтан, «ана» деген ардақты атпен «ана тілі» деп атаймыз. Біздің ана тіліміз - қазақ тілі. Қазақ тілі - ғажап тіл, сан ғасырлық тарихы бар тіл. Ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұра. Егемендігіміздің арқасында еңсесін тіктеп, күретамырын тереңнен бойлаған төл тіл.

Қазіргі заманғы мектептердің басты мақсаттарының бірі өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты, жаһандану құндылықтарына бейімдеу, балалар мен жеткіншектердің көрші елдер мәдениетінің өкілдерімен дүниежүзілік кеңістікте өзара әрекет жасасуына деген шеберліктерін қалыптастыру. Оқытушылар мен оқушылардың алдында тұрған басты мақсаты – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, өз елінің тарихы мен салт-дәстүрін білетін, көптілді коммуникативтік құзырлықтары қалыптасқан, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге талпынатын тұлғаны дамыту.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде үш тілді білім беру моделін енгізудің өзектілігі мынада:

- бүгінгі қазақстандық қоғамда көптілді, көп мәдениетті тұлғаға деген сұраныстың артуы;

- ұлттық мектеп бітірушілерді жалпы қазақстандық және әлемдік білім және ақпарат кеңістігіне кіріктірудегі мәселелерді шешу қажеттілігі;

- болашақ ұрпақты қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің өзекті мәселеге айналуы;

- аз ұлт өкілдерінің этникалық ерекшеліктерін сақтаумен бірге олардың жалпы қазақстандық экономикалық, әлеуметтік-мәдени үрдістерге толыққанды қосылуына жағдай жасау;

- мектеп бітірушілерінің коммуникативтік және ақпараттық құзырлықтарының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу;

“Үштұғырлы тіл” идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жәрдемдесу үшін колледждер мен жоғары оқу орындарында шет тілінің болашақ оқытушыларын оқыту жүйесі мен процесіне қойылатын талаптарды күшейту керек. Әрбір оқушы қазақ, орыс, ағылшын тілінде емін-еркін сөйлеп, әлемдегі озық білімді игеруі керек. Бұл бір жылдың шаруасы емес, бірақ оны уақытты жоғалтпай бастау қажет. Көптілді білім беруді іске асыру үш тілде оқытуға байланысты кадрмен қамтамасыз ету сияқты бірқатар проблемаларды шешуді талап етеді, соның ішінде жаратылыстану-математика циклдерінің пәндерін (физика, биология, география, математика, химия, информатика) ағылшын тілдерінде оқытатын мамандардың жетіспеушілігі. Осы проблеманы

шешу мақсатында аталған пәндердің оқытушыларын колледж ішіндегі тіл үйрету курстарында оқыту жоспарлануда.

Сонымен көпұлтты Қазақстан жағдайында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы қоғамдық өзара келісімді нығайтатын маңызды фактор. Тілдердің үштұғырлығы идеясы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін құруға және дамытуға бағытталған ұлттық идеологияның бөлігі болып табылады.

Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдік бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудың бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТАҚПАҚ – ӨЛЕҢДЕР ЖАТТАТҚЫЗУ

Уразамбетова Р.

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласының
№ борта мектептің ағылшын пәні мұғалімі,
emo_roza@mail.ru

Бастауыш сынып оқушыларына өлең арқылы ағылшын тілін үйрету- жаңа бір елдің жаңалығын ашқанмен бірдей. Олар әндер арқылы сөздік қорларын дамытады, грамматикалық білімдерін кеңейтеді және өзге тілді үйренуге деген қызығушылықтары артады.

Teaching English using songs is as to open the news of new country. They are with the songs develop their vocabulary, grammar skills, and increase their interests in learning the language.

XXI ғасыр ғылым мен білім ғасыры. Жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Сондықтан, мектептерде оқу сапасын жақсартуда әр түрлі жаңа бағдарламаларды пайдалану тәжірибеге еніп, оқу тәсілдерін күрделендіре түсуде. Осыған орай әр ұстаз шетел тілін оқытуда жаңа технологиялар мен бағдарламаларды қолданып, жас ұрпақтың тілге деген ынтасын, көзқарасын арттыру мақсатын алға қояды.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Шетел тілін оқытудың басты мақсаты – оқушыларға шетел тілінде қарым – қатынас жасауды базалық деңгейде игеру».

Қазіргі заман талабына сай ағылшын тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен – күнге артып отыр. Қазақ ағартушысы М. Жұмабаев «..Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығынағ оның іс – тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты. Еліміздің жарқын болашағы бала болғандықтан, оның жан –

жақты, саналы азамат болып өсуіне жағдай жасау – әрбір ұстаздың міндеті. Ал сол баланың білім, ғылым, техника, компьютер салаларын білу үшін ең алдымен ағылшын тілін білу керек.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» стратегиясында тіл мәселесіне қатты назар аударған болатын. Қазіргі мектебіміздің басты мақсаты ана тілі, орыс тілі және ағылшын тілі болып отыр. Сондықтан ағылшын тілін ерте жастан оқыту - қоғамымыздың қазіргі даму кезеңінің басты мәселелердің бірі болып отыр. Ағылшын тілі ана тілімен қоса оқушының сөйлеу қабілетін және жалпы дамуын ғана жетілдіріп қоймайды, оны өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым – қатынас мәдениетіне де үйретеді. Оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру мектепте берілетін білім мазмұнының негізгі мақсаты болып табылады.

Ағылшын тілін оқытудың жаңа әдіс –тәсілдерін қолдана отырып, ағылшын тілінде сөйлеу мәдениетін дамыту мәселесін негізге ала отырып, жаңадан тілді үйреніп жатқан бастауыш сынып оқушыларына өлең үйрету – жаңа бір елдің жаңалығын ашқанмен тең. Олар әндер арқылы сөздік қорларын дамытады, грамматикалық білімдерін кеңейтеді және өзге тілді үйренуге деген қызығушылықтары артады.

Өлеңмен жұмыс жасау мұғалім үшін біршама уақыт алатын жұмыс. Өлеңді үйретіп, сөздерін жаттатсам болды деген ойдан аулақ болған абзал. Ең бірінші материалмен мұғалім өзі жақсылап танысып алуы қажет. Содан кейін әнге сол сыныптың өтіп жатқан ағылшын тілі грамматикасы бойынша тапсырмалар дайындау қажет. Кейбір тақпақ – өлеңдер күрделі немесе бейтаныс болып келеді. Мұндай әндерді оқушылар меңгеріп кету үшін біршама уақыт кетеді. Ол әнді толық түсініп, мазмұны мен тарихын түсіну үшін мұғалім өзі түсініп, сол әнді балаларға үйретуге толық дайын болуы тиіс. Өлеңмен жұмыс жасау әдетте мынадай жолдармен, яғни кезеңдермен жүзеге асады:

- Тыңдауға дейін
- Тыңдаудан кезінде
- Тыңдаудан кейін.

Әнді тыңдатпас бұрын мұғалім әуелі әннің тарихымен таныстырып немесе қысқаша дерек беріп өтсе оқушылардың өлеңді үйреніп, есте сақтауларына зор ықпалын тигізеді. Сабақта кездесетін қиыншылықтардың алдын алу үшін жаңа лексиканы балаларға таныстырып өткен жөн. Мұндай жағдайда тәлім алушылар өлеңнің мазмұнын жартылай біліп, қалған жартысын білуге ынтасы артып, асығып отырады. Сонымен қоса бұл әдіс -оқушының әннен назарын бұрмай толық тыңдап отыруына мүмкіндік береді. Әнді тыңдатқаннан кейін әннің шумақтарымен жеке жұмыс жасап, әр сөйлемді талдап, әнге байланысты түрлі тапсырмалар беріп оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға болады.

Тілді үйретуде ән тілдің грамматикасы мен лексикасын үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар, сабақтың бір кезеңі сергіту сәтінің орнына сергіту сәті болып уақытты үнемдеуге және оқушыларға сабақта сергек отыруға және тілді жылдам үйренуге мүмкіндік береді.

Шет тілі сабақтарында берілетін ән мұқият тыңдалып, алынуы керек. Өлең сабақтың негізгі материалы бола алмайды. Оны негізінен жаңа лексиканы немесе грамматикалық материалды бекіткен кезде қолданамыз.

Сабақта желіден алынған әндермен қоса, әндер туралы қызықты қысқаша деректер, әннің нотасын және фразаларды қолданамын. Әннің мәтінін жақсылап үйреніп алғаннан кейін тіл үйренушілермен бірге караокеде шырқауға болады. Өлеңнің мәтінін балаларға шығарып беруге болады. Мысалға : « Hush, hush, little baby», «Twinkle, twinkle, little star», «Incy – Wincy spider», «Baa, baa, black sheep», « Rain, rain, go away», «Butterflies», « This is my family».

«Rain, rain, go away» әнін үйрету арқылы тіл үйренушілерге мынандай тапсырма беруге болады.

Write the member of the family.

Rain, rain, go away.

Come again another day.

_____ wants to play.

Rain, rain, go away.

Find the words about space

Twinkle, twinkle, little star,

How I wonder what you are .

Lonely traveller in the dark,

Thanks you for your tiny spark

Up above the world so high,

Like a diamond in the sky.

Twinkle, twinkle, little star,

How I wonder what you are.

In the dark blue sky you keep,

While you through my window peep,

And you never shut your eye,

Till the sun is in the sky.

Can you count? How many are there adjectives and verbs?

In the blue sky there is red butterfly, red butterfly, fly, fly, fly.

In the blue sky there is green butterfly, green butterfly, fly, fly, fly.

In the blue sky there is blue butterfly, blue butterfly, fly, fly, fly.

In the blue sky there is yellow butterfly, yellow butterfly, fly, fly, fly.

In to the sky, in to the sky, red, green and yellow fly fly fly.

Fly away little butterflies.

Тәжірибеде қолдану арқылы байқағаным дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда берері мол. Жоғарыда көрсетілген мәселелер шет тілі сабақтарын қызықты, тартымды және жоғары деңгейде өткізуге септігін

тигізеді. Сонымен қатар оқушылардың шығармашыл қабілеті қалыптасып, өзін еркін ұстауға сенімділігі қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б. Сматуллаева «Ағылшын тілінде ән үйренудің маңыздылығы»/ Ағылшын тілі мектепте.2014ж.№43.

2 .К.К.Жақсымбетова «Информационно – коммуникационные технологии в обучении иностранному языку»/Шет тілін оқыту әдістемесі.2007ж.№28

3. Молдабаева К.Е. «Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру барысында әнмен жұмыс жүргізудің рөлі»./Мектептегі шет тілі.2008ж.№4.

4. М.Ғалымжанова « Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру»/Информатика негіздері. 2006ж. №3.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Утеева Н. Е.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ ОҚО облысы бойынша ПҚБАИ

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Елбасы мемлекетімізді әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ, Қазақстандағы білім беру саласын жетілдіру бойынша Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында түбегейлі жаңа мақсаттар қойылып, білім саласы жеке жетілдіру бағыты ретінде көрсетілген [1]. Өйткені, білім – ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттырудың басты құралы болып табылады.

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе «өмір бойы білім алу» қағидасы негізінде ерте балалық шақтан ересек жасқа дейін адами капиталға, атап айтқанда, білім беруге бөлінетін инвестицияның экономика мен қоғамға елеулі қайтарымы болатынын дәлелдеп отыр.

Білім беру саласына бөлінетін инвестициялар жылдам өзгеретін әлемде бейімделе алатын техникалық прогрессивті, өнімді жұмыс күшін құру үшін аса қажет. Болашақтың табысты экономикасы халықтың білім алуы, кәсіби білікті дағдылары мен қабілетіне инвестицияны бөлу болмақ. Халыққа білім беруді экономикадағы әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар ретінде ғана емес, тиімді инвестициялар ретінде түсіну қажет. Білім беру мен экономикалық өсуді байланыстыратын көптеген дәлелдер ретінде экономиканың макро және микро деңгейлерінде халықаралық зерттеулерді шолу, білім берудің, табыстың және өнімділіктің арасында тығыз байланыстың бар екенін дәлелдеп отыр. Бұл

ретте оқытудың бастапқы кезеңінде инвестициялаудың зор қайтарымы болатыны байқалады. Зерттеулер білім беруді дамытуға жұмсалған инвестицияның маңызды жақтарын растайды.

Экономикалық пайдадан бөлек білім беру басқа да әлеуметтік пайдаларды келтіреді, әлеуметтік капиталдың – азаматтардың көп үлесінің қатысуымен құралған, әлеуметтік бірлігі мен интеграциясы жоғары, құқық бұзушылық деңгейі төмен қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Жастайынан білім алу әлеуметтік, эмоционалдық және басқа да өмірге қажетті дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Білім беру қызметінің барлық спектрларын одан әрі дамытудың сенімді дәлелдері осында. Қазақстанның білім берусаласын жетілдіру: білім беруге салынатын инвестицияны айтарлықтай және тұрақты ұлғайтуы, оның сапасын жақсартуы қажет.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті тарапынан жаңа ұлттық пайымдау ұсынылады: 2020 жылға қарай Қазақстан – білімді мемлекет, ақылмен құрылған экономика және біліктілігі жоғары жұмыс күші. Білім берудің дамуы еліміздің болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өркендеуі сүйенетін тұғырнамасы болуы тиіс.

Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі – қазақстандық білім беру саласын жетілдіруді жалғастырылуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болды. Бағдарлама білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұйымдастырушылық негізі ретінде білім беру мен тәрбиенің, басқару жүйесінің, білім беру қызметі субъектілерінің құқықтық-ұйымдастырушылық нысандарының және қаржы-экономикалық тетіктерінің құрылымындағы, мазмұны мен технологияларындағы өзгерістерді қамтитын ресурстары мен мерзімі бойынша бір-бірімен өзара байланыстағы іс-шаралар кешені болып табылады.

Білім беру саласын жетілдіру бойынша 2011 жылы білім саласын дамытудың заңнамалық әрі идеологиялық негізі қаланған болса, 2012 жылы білім және ғылым саласында көптеген жаңартулар болды. Бірқатар маңызды жетістіктерге қол жеткізілді. 40-тан астам түбегейлі жаңа базалық механизмдердің көпшілігі тәжірибеге енгізілді. Мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде «Балапан» бағдарламасының арқасында балаларды қамту 2011 жылдан екі есе өсіп, 71,5%-ға жетті. Екі жыл ішінде бұл көрсеткіш бойынша дамыған елдердің деңгейіне жақындаймыз (80% жуық). Мемлекеттік – жеке әріптестік, жан басына қаржыландыру механизмдері іске қосылды [2].

Елбасы тапсырмасына сәйкес «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру 2020 жылға дейін жалғасатын болады. Бұл міндет жергілікті және орталық органдармен өзара тығыз әріптестікке тікелей байланысты болмақ.

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін Қазақстан жастарымен жас ұрпақтарынан бастап жоғарғы сауатты елге айналуы керек. Білім беру саласындағы басымдықтардың бірі жастар саясаты және оны мемлекеттік қолдау және реттеу болып табылады. Жастар саясатында Елбасының

тапсырмасы бойынша дамудың жаңа бағыты қабылданды. Басқарудың жаңа моделі құрылды.

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Бұл білім беруді жаңарту педагогтардың жауапкершілікті түсінуі мен олардың кәсіби деңгейіне және білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешуге қосқан үлесіне байланысты. Он екі жылдық білім беруге көшуге байланысты Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне енуі, педагогтар қауымынан кәсіби міндеттер мен оны жүзеге асыруда жаңаша көзқарасты, яғни инновациялық қызметті талап етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру – он екі жылдыққа көшу және кәсіби міндеттерді өздігінен, шығармашылықпен шеше алатын, қызметтің жеке және қоғамдық мәнін түсінетін және оның нәтижесіне жауапты қарайтын құзырлы, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім берудің тиімді жүйесін құруды көздейді.

Жоғарыда аталған іс-шараларға еліміздегі білім беру саласын дамытуда мемлекет тарапынан зор қолдаулар табылып, реттеліп жатыр. Сондай-ақ, қазіргі таңда білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге баса назар аударылуда. Соған байланысты мұғалім мен оқушының тұлғалық-бағдарлы өзара қарым-қатынасы маңызды орын алып отыр. Мұнда тұлғаны рухани тәрбиелеуге, адамның адамгершілік жағынан келбетінің қалыптасуына ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, білім беру факторларының: мектеп, отбасы, әлеуметтік ортаның кірігуі көзделеді.

Еліміздегі білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты - еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылып, шешімі табылады деп ойлаймыз:

- оқу процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін қазақстандық білім беру жүйесіне тарату;
- педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру;
- педагогикалық базалық білім беру стандарттарын, мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру талаптарын жаңарту;
- мектепке дейінгі тәрбиенің жаңа сапасына көшу. Қазіргі кезде әлемде мектепке дейінгі тәрбие мектепке дейінгі білім беруге ауысуда. Балаларды ерте жастан оқытуға көшу жүзеге асуда;
- кадрлар даярлауды экономика қажеттілігіне сәйкес келтіру;
- білім саласына әлемнің үздік жетістіктерін енгізу;
- Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін дамыту;

Білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырады.

Елбасының тапсырмасы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың ұлттық жоспары әзірленіп, бекітілді. Қазіргі заман талабы – көптілді оқыту және көптілді меңгерген маман даындау. Бұл бағыт бойынша жұмыстар басталып, жүргізілуде. Қазақ тілі – ұлтымыздың рухы, рухани байлығы. Тіліміздің дамуы, қоғамдағы орнын нығайту және қалпына келтіру жолында білім саласының жауапкершілігі ерекше. Қазақ тілі барлық мектептерде оқытылады. Оқушылардың 60%-дан астамы қазақ тілінде білім алады. Мұндағы басты мақсат – барлық бітірушілердің қазақ тілін жақсы меңгеріп шығуы. 2013 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-сыныптан ағылшын тілін оқыту енгізіледі [3]. 2012 жылы жоғары оқу орындарында тиісті пән педагогтері мен мамандарын даярлау басталды. Президент тапсырмаларын орындау мақсатында бүгінгі білім берудің барлық деңгейлерінде көптілді оқытуды дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы әзірленуде.

Қазіргі таңда білім беру саласын жетілдіру мақсатында «E-learning» электронды оқытуды дамыту жобасына 600-ге жуық мектеп қосылды. 2020 жылы мектептердің 90%-ын қамтитын болады. Алайда, мұндай оқудың тез дамитынын ескеру керек [4]. Осы жағдайларды ескеріп, әлемдік трендтерді үнемі қадағалап, уақытылы түзетулер енгізіп, заманға сай жаңа білім беру жүйесіне келуіміз қажет.

Білім беруді жетілдіру - қазіргі кездегі оқу-тәрбие процесін оқушылардың патриотизмін, мораль және адамгершілік нормаларын, ұлтаралық келісім мен төзімділігін, физикалық және рухани дамуын, заңды құрметтеуін қалыптастыруына бағыттайды. Бұл құндылықтар қазіргі тәрбие жұмысының негізі болуы тиіс. Осыған орай, Министрліктің жанынан ашылған «Жастар ісі комитеті» жұмысының бағыты айқындалып, 2013 жылдың бірінші жартыжылдығында «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заң жобасын әзірленуде. Негізгі бөлімдерде аталған барлық атқарылып жатқан шаралардың ұтымды іске асырылу елеміздің білім беру саласының дамып, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуда жемісін берері мол.

Қорытындылай келе, Елбасы қойған міндеттерді шешу үшін 2011-2020 жылға дейінгі білім беру бағдарламасын ойдағыдай орындап, білімнің барлық саласы – нәтижеге және елдің, оның экономикасы мен әлеуметтік саласын дамытуға жұмыс істеуі қажет. Білім беру саласының жетілдіру арқылы еліміздің жастары мен жас ұрпағы, шет мемлекеттерінің білім беру жүйесі талаптарына сай, жоғары бәсекеге қабілетті мамандары болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауынан. (www.akorda.kz);

2. «Болашағы зор балапан» мақаласы, «Айқын» газеті, 1.03.2013.

3. Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.

4. Қазақстан Республикасының Үкімет Басшысы С.Ахметовтің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алқа отырысындағы материалдар, 2013 жыл, қаңтар. (www.edu.gov.kz).

Содержание

<i>Аккалшеева Н. Т.</i> Ар жолымен жүру парыз адамға, адал ұрпақ керек мынау заманға	4
<i>Арысбаева Ж. А.</i> Біліктілік өзіме, жетістігім еліме.....	8
<i>Асемжанова З. З.</i> Бірлік пен ынтымақтың мекені – «Мәңгілік Ел»	9
<i>Ахметова У. О.</i> «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – халықтың ұлы мұраты	11
<i>Әбдіхалықова Л. А.</i> Ұлттық идея – «Мәңгілік Ел» тарихындағы Әлихан Бөкейхановтың патриоттық тәрбиені жүзеге асырудағы рөлі.....	14
<i>Байтенова Г. Ж.</i> Мәңгілік Ел – қазақ елінің ұлттық идеясы.....	19
<i>Байұзакова А.К.</i> «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында жас ұрпаққа тәрбие беру.....	24
<i>Базарбекова Д. Ж.</i> «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясы - болашақтың нұры.Эссе	27
<i>Бердығалиева Г. М.</i> Бүгінгі бүлдіршін – мәңгілік елдің тірегі	28
<i>Бестик И. В., Ушакова Л. И.</i> Перспектива и практика реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел» в специальной (коррекционной) школе-интернате для детей с нарушениями слуха	31
<i>Бестик И. В., Ушакова Л. И.</i> Внеклассное мероприятие «Государственные символы-символы независимости» (для 5-7 классов)	35
<i>Валиева Б. Е.</i> Роль педагога по внедрению ценностей «Мәңгілік Ел» в учебно–воспитательный процесс.Эссе	41
<i>Горшкова О. В.</i> Краткосрочный план классного часа для 3 класса на тему: «Я – патриот»	42
<i>Елешова А.И.</i> «Мектепке дейінгі ұйымдағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы»	45
<i>Есмуканова А. С.</i> Тәрбие сағаттың тақырыбы: "Қазақ елі -менің отаным!"..	48
<i>Есмырзаева А. О.</i> Мәңгілік ел идеясы ұлттың ұлы мұраты	52
<i>Естемирова А. М.</i> Мәңгілік Ел ұлттық идеясы негізінде жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру – бүгінгі күннің міндеті	56
<i>Жанабекова С. Т.</i> Мәңгілік ел: бір ел, бір тағдыр	58
<i>Кабденова А. К., Жантлесова М. У.</i> Қазақ тілі мен әдебиет сабағында "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының негізінде қазақстандық патриотизмді қалыптастыру	61
<i>Кабденова А. К., Абдрахманова Д. О.</i> Патриоттық тәрбиені тиімді ұйымдастыруда сабақтан тыс уақытта қолданылатын әдіс-тәсілдер	63
<i>Кажсекбер Ж.</i> «Мәңгілік Ел – білімді елдің түп қазығы»	67
<i>Кайсенова А.С.</i> Тақырыбы: «Менің Отаным-Қазақстан». Сынып сағаты.....	72
<i>Калиева Т. К. Есенғалиева А. Е.</i> «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясымен ұштасқан мұқағали мұрасы – жас ұрпақты тәрбиелеудің рухани көзі	74
<i>Каскирбаева Ж. К.</i> «Мәңгілік Ел » идеясын жүзеге асырудағы инновациялық технологиялар	78
<i>Кенжехожаева Л. Ш.</i> Мәңгілік Ел идеясы аясында-жаңа қазақстандық патриотизм ұғымының мәні	83
<i>Куанова Л.Б.</i> Мәңгілік Ел - тұғырлы бастама	85

<i>Құлқашев Н. Р.</i> Мен елімнің патриотымын! Эссе	86
<i>Құлтаева А. Ж.</i> «Мәңгілік Ел» идеясы арқылы құндылықтарға тәрбиелеу..	86
<i>Қыдыршаева Қ.С.</i> Көптілді білім беруді дамыту негізі – көптілді, көпмәдениетті шәкірт баулу	89
<i>Қыдыршаева Қ.С.</i> Жастар киімі сапалық және қатыстық сын есімдер. 11 сынып. Сабақ жоспары	96
<i>Майсатаева Л. К.</i> Тәрбие сағатының тақырыбы:«Мен - өз елімнің азаматымын»	102
<i>Матеева Б. Т., Шукурбекова С. Б.</i> Жаңартылған білім беру жағдайында «Мәңгілік Ел» идеясын тарихи тұлғалардың еңбектерімен сабақтастыра оқыту	107
<i>Менжанова А. Х., Гумарова Ш. Х.</i> Обновление содержания образования – реальность времени	111
<i>Мухамадиева М. Н.</i> «Мәңгілік Ел» идеялары – саналы тәрбие негізі	116
<i>Мұхамбетова Ж. И.</i> Патриоттық тәрбиені жүзеге асырудағы педагогтың рөлі. Эссе.....	121
<i>Оракова А. Г.</i> Әдебиеттік оқу. 2-сынып. Ашық сабақ: Күләш Ахметова. Астана	122
<i>Тоқеев Б.Е., Махатаева Ж.И., Оспанкулова Ш.А.</i> «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясындағы ұлттық құндылықтардың маңызы	128
<i>Рамазанова С. К.</i> «Мәңгілік ел» идеясы бойынша Тәуелсіздіктің туын берік ұстайтын патриот азаматтарды тәрбиелеудің басы	131
<i>Сағынтаев Қ. С.</i> Ел мұраты-Мәңгілік Ел	133
<i>Самарканова А.А.</i> Патриоттық тәрбиенің алтын өзегі	137
<i>Сарсенбаева К. С.</i> Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы	139
<i>Сексенбаева Ж. Д.</i> Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы	143
<i>Сеткереева Г.А.</i> Ұлтаралық ынтымақтастық негізінде «Мәңгілік Ел» идеясының рухани-адамгершілік мазмұны	148
<i>Сураганова А. К.</i> Қазақстандағы этно-мәдени қарым-қатынастардың маңызды проблемалары, оларды шешудегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының рөлі мен орны	152
<i>Текибасова И.А.</i> Эссе: «Мәңгілік ел» идеясының Қазақстан тарихы сабақтарында айқын қолданудың көрінісі	157
<i>Тулегенова А.Д.</i> Бүгінгі мұғалім - Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асырушы	158
<i>Турсунбаева А. С.</i> Эссе: Мәңгілік ел	162
<i>Умирзаков Т. М.</i> «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде орта білім беру мазмұнын жаңартуда үштілділік білім беру көп мәдениетті тұлға қалыптастыру негізі	164
<i>Уразамбетова Р.</i> Бастауыш сыныптарда ағылшын тілі сабағында тақпақ – өлеңдер жаттатқызу	166
<i>Утеева Н.Е.</i> Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру	169